

"Ауыл шаруашылығы малдарын бағалау нұсқаулықтары мен тұқымдарының стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 3-3/517 бүйрігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 239 бүйрігі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 27 маусымда № 13832 болып тіркелді.

### **БҮЙРЫМАНЫН:**

1. "Ауыл шаруашылығы малдарын бағалау нұсқаулықтары мен тұқымдарының стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 3-3/517 бүйрігіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9818 болып тіркелген 2014 жылғы 24 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық құқықтық жүйесінде жарияланған,) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бүйріктың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес **БҮЙРЫМАНЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі мыналарды:

осы бүйрікка 1-қосымшаға сәйкес сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малды;

осы бүйрікка 2-қосымшаға сәйкес етті бағыттағы ірі қара малды;

осы бүйрікка 3-қосымшаға сәйкес биязы жұнді қойларды;

осы бүйрікка 4-қосымшаға сәйкес биязылау жұнді қойларды;

осы бүйрікка 5-қосымшаға сәйкес құйрықты қойларды;

осы бүйрікка 6-қосымшаға сәйкес қаракөл қойларды;

осы бүйрікка 7-қосымшаға сәйкес түбітті, сүтті және жұнді ешкілерді;

осы бүйрікка 8-қосымшаға сәйкес шошқаларды;

осы бүйрікка 9-қосымшаға сәйкес жергілікті және зауыттық жылқыларды;

осы бүйрікка 10-қосымшаға сәйкес түйелерді;

осы бүйрікка 11-қосымшаға сәйкес құстарды;

осы бүйрікка 12-қосымшаға сәйкес түйекұстарды;

осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес иттердің үй-ұлттық тұқымдарын (тазы, төбет);  
осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес маралдар мен теңбіл бұғыларды;  
осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес араларды;  
осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес торда өсірілетін терісі бағалы андарды;  
осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес үй қояндарын бонитирлеу (бағалау) жөніндегі  
қоса беріліп отырған нұсқаулықтар бекітілсін.";

бұйрықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 қосымшасы көрсетілген  
бұйрықпен бекітілген 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 қосымшаларға сәйкес  
жана редакцияда жазылсын

көрсетілген бұйрыққа 16 және 17-қосымшаларға сәйкес 16 және 17-қосымшалармен  
толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы  
өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік  
тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік  
тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа  
басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға,  
сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық  
актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін "Республикалық құқықтық  
ақпарат орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің  
интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында  
орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мырзахметов

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігін  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына

1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрлігін  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
1-қосымша

**Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара малдың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2014 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара малды бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара малды бонитирлеу (бағалау) бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

## **2. Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара малды бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру**

3. Ирі қара малды (бұдан әрі – ИҚМ) жыл ішінде бонитирлейді (бағалайды):

- 1) бұқаларды жылына бір рет;
- 2) сиырларды сауым маусымы аяқталғаннан кейін;
- 3) торпактар мен асыл тұқымды бұқашықтарды 6 айлық жас шамасынан бастап.
4. Сұрыптаудың нәтижелері бойынша 1 қазан сәтіне есеп әзірленеді.

5. ИҚМ бағалау кезінде малдың кешенді белгілері бонитирленеді (бағаланады) (тұқымдығы, өнімділік сапасы, экстерлік-сыртқы пішін айырмашылықтары).

6. Жануарлардың тұқымдық деңгейін есеп құжаттарына сүйене отырып жануарларды міндетті түрде қарап шығумен және осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасымен берілген тұқымдылық үлесінің түр әлпетінде айқындығын белгілеу арқылы анықталады . Тұқымдығы бойынша таза тұқымды және будандарға бөлінеді.

7. Таза тұқымдылықтарға жатқызады:

1) әке-шешесі бір тұқымнан шыққан жануарларды, олардың таза тұқымдылығына тиісті құжаттар арқылы дәлелденген жағдайда;

2) төртінші (15/16 қанды) буыннан бастап сіңіру будандастыру арқылы алынған, егер оларға тегі бары жөнінде құжаттар бар болса және осы жануарлардың түр әлпеті жақсартушы тұқыммен жақсы үйлесілімділігі айқын болса;

3) әке-шешесі туыс тұқымдардан шығып жұптасуынан алынған жануарлар (оларды аналық тұқым жағына жатқызу керек):

қара-ала тұқымдар тобы – қара-ала, аулиеата, литва қара-аласы, бушуйлық, эстония қара-аласы, истобелік, тагильдік, голландық, голштиндік, неміс қара-аласы, дат қара-аласы, швед қара-аласы, польша қара-аласы;

қызыл тұқымдар тобы – даланың қызыл сиыры, эстондық қызыл, польшалық қызыл, латвиялық қоңыр, горбатовтық қызыл, тамбовтық қызыл, англерлік, даттық қызыл, белоруссияның қызыл сиыры;

қоңыр тұқымдардың тобы – швицтік, костромалық, лебединдік, алатаулық, кавказдың қоңыр сиыры, карпаттың қоңыр сиыры, юриндік;

сары-ала тұқымдардың тобы – симментал, сычев және монбелъядр;

корғандық және шортгорндық (сүт бағытындағы);

айршир, норвегиялық қызыл-ала, швед қызыл-аласы;

украиндық ақбасты сиыр және гронингендік;

4) ұдайы өндіру будандастыру арқылы, жаңа шыққан тұқымды бекіткеннен кейін алынған жануарлар;

5) дүниежүзілік геноқорды пайдалана отырып (анасының тұқымы жағынан туысты тұқымдар қан бөлігін жақсартушы тұқым бойынша көрсету арқылы) алынған жануарлар.

9. Тегі және жануарларда жақсартушы тұқымның түр әлпеті жақсы үйлесімдік көрінісі бар болса және шыққан тегі жөніндегі құжаттар жоқ жағдайда жануарларды бірінші ұрпақтағы будандарға (1/2 - 3/4 қандылыққа) жатқызады.

10. Осы Нұсқаулықтың 9 тармағында көрсетілген ИҚМ будандарға жатады.

11. Будан жануарлардың тұқымдылығын (қандылығын) жақсартушы тұқымның қан бөлігі бойынша есепке алады. Ұрпағының қандылығын бөлшек сан арқылы немесе пайыз арқылы көрсетіліп әке-шешесінің қанының жарты қосындысы ретінде белгіленеді.

12. Сиырларды сүт өнімділігі бойынша сүт майының (кг) көлемімен сүт есебінің негізі арқылы, майдың сүттегі мөлшері (%) сауым маусымының 305 күні немесе қысқартылғаны бойынша (240 күннен кемдігі жоқ) аяқталған сауым маусымы арқылы жүргізіледі. Сауым маусымының басы болып бұзаулаған күннен кейінгі бірінші күні болып саналады, ал аяқталуы болып-сауудың соңғы күні немесе бірреттік саууга өткен бірінші күні.

13. Сиырларды тексеру саууы әр айда бір мезгілден кем болмай толық бір тәулік көлемінде май мен ақуыздың сүттегі мөлшерін анықтаумен қатар жүргізіледі. Басқа күндерде қандай сауу әдістері және жұмыс тәртібі қолданылса сондайларыда тексеру күні қолданылады. Бірінші тексеру саууы бұзаулаған күннен кейінгі 10-20 күннен кейін өткізіледі, ал соңғысы – суалтып жіберу алдынан 20-10 күн бұрын.

14. Майдың (акуыздың) сүттегі орташа көрсеткіші (%) 305 (үш жұз бес) күндерінде немесе сауым маусымының қысқартылысына май (ақауыз) пайызына әр айдың айлық сауынына көбейтеді, көбейтіндіні бір біріне жинақтап (сауым маусымы бойынша сүттегі майы мен ақуыздың бір пайызды санын қоса отырып) және қосындысын тура сол айлардың нақты сауынына бөледі.

15. Сауым маусымы бойынша алынған сүттің майын (кг) сүт майының бір пайызды мөлшерін 100-ге бөлу арқылы анықталады.

16. Сүт қайтарып берудің үдемелік қарқындылығын (кг/мин) сиырларда сауылып алынған сүт мөлшерін (кг) соларада жұмсалған уақыт мерзіміне(мин) бөлу арқылы сауым маусымының екінші немесе үшінші айларында анықталады. Тексеру саууы тәулік ішінде бірақ рет жүргізіледі, бірақ алдыңғы сауудан кейін 12 сағаттан өртे болмауы керек.

17. 30 (отыз) айлық жас шамасынан асқан кезде бұзаулаған тұмсалар үшін сүт өнімділігі бойынша талаптар 10%-ға көтеріледі.

18. Тұқымдық бұқалардың сырт-сипаты және түзілісін жыл сайын бес жылдық жас шамасына дейін, сиырларда – бірінші және сауым маусымының 2-ші-3-ші айларында жүргізеді. Егер жануарлар сырт-сипаты және түзілісі бойынша көрсетілген уақытында бағаланбаған болса, оны кезекті сұрыптау кезінде бағалайды.

19. Жануардың сырт-сипаты және түзілісі арқылы бағаланған кезінде:

1) сиырлардың - желіннің көлеміне, оның үлгі сипатына және машинамен саууына жарамдылығына;

2) бұқалардың – жыныстық диморфизмының анық көрінілуіне, белінің және артқы аяқтарының мықтылығына. Бұқалардың тұлғасын - бағалауды 30 баллды шамамен, сиырларды 10-баллдық шамамен жүргізеді.

20. Сүттілі және сүтті-еттілі тұқымдар малының сырт-сипаты және түзілісіне баллдық баға дене бітісінің кемістіктері осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасымен беріледі

21. Төлді сырт-сипаты және түзілісі бойынша бағалауды 20-баллдық шамамен өткізеді. 20 баллдық бағаны жануарға тұқымдық және жыныстық нашындарының өте жақсы айқындалған көрінісі бар, әдеттегідей дамуы және өсуі, өте жақсы дамыған кеудесі (кең, терен, жауырының сыртында ұстап калатын ойпатсыз), арқасы, белі, арты түзу сызықты, жақсы дамыған жамбас, аяқтарының дұрыс қойылуы және мықты сүйек бітісі, мөлшерден тыс аспаған және дөрекіліксіз жағдайында беріледі.

22. Сұрыптау кезінде жануарлардың класын анықтау келесі нышандары арқылы жүргізіледі:

1) тұқымдық бұқалардың – дамуы бойынша (тірілей салмағы), сырт-сипаты және түзілісі, генотипі (шығу тегі және ұрпағының сапасы);

2) сиырларды – сүт өнімділігі (сүт майы мөлшері), дамуы (тірілей салмағы – сауым маусымының екінші-үшінші айында белгіленеді), сырт-сипатымен сүт қайтарып беруінің үдемелі қарқындылығы, генотипі (шығу тегі);

3) төлдің – генотипі (шыққан тегі); сырт-сипаты және дамуы (тірілей салмағы) бойынша.

23. Бағалау нәтижесінде ИҚМ белгілер кешені арқылы келесі класқа бөлінеді:

1) тұқымдық бұқаларды және асылтұқымды бұқашықтар: элита-рекорд, элита және бірінші класс;

2) сиырларды және торпақтарды – элита-рекорд, элита, бірінші және екінші класс;

Көрсетілген кластардың талаптарына сәйкес келмеген жануарларды класты емес жануарларға жатқызады.

24. ИҚМ кластарының кешендік нысанын бұқалардың нышандарының жинағы бойынша бағалаудың шамасы осы Нұсқаудың З-қосымшасымен анықталады:

1) элита-рекорд - 85-100

2) элита - 75-84

3) бірінші класс - 65-74

4) екінші класс - 55-64 балл (сиырлар мен құнажындар бойынша).

25. Ақуыздың сүттегі мөлшері бағаланған сиырлар тұқымдық үлгіден асқан жағдайда қосымша баллдар алады:

0,3% және жоғары - 4 балл

0,2% - 3 балл

0,1% - 2 балл

Сиырдың сауылып жүрген екі және оданда көбірек қыздары өз нышандарының жинағы бойынша элита-рекорд және элита кластары бар болса оның бағасын бір класқа жоғары көтереді.

Сиырды пайдалануының ұзақтылығы үшін оған 4 рет бұзаулаудан кейін 2 баллдан әр кезекті бұзалаулары үшін қосымша жазылады.

Қосымша алынған баллдары нышандарының жинағы бойынша класын белгілеу кезде соңғы бағалауына қосылады (100 баллдың аясында).

26. Сүттегі майының мөлшері тұқымдық үлгіден төмен болмаса, бұрынғы өткен сауым маусымдарында (бірінші-үшінде) өнімділік деңгейі төмен болмаса сиырларды элита-рекорд класына жатқызады.

27. Бірінші тумаларды сауым маусымы аяқталысымен сүт майлығымен бағалайды. Сауым маусымы аяқталмаған тұмсалар төлді сұрыптау шамасымен бағаланады.

Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара  
малды асыл тұқымдық құндылығын  
бонитирлеу  
(бағалау) және осімін молайту жөніндегі  
нұсқаулыққа  
1-қосымша

## **Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара малдың тұқымдығының анықтау**

Шешесінің тұқымдылығы	Атасының тұқымдылығы	
	таза қанды	төртінші буын қандылығы (15/16)
таза қанды	таза қанды	таза қанды
төртінші буын (15/16)	таза қанды	төртінші буын (15/16) немесе таза қанды

үшінші буын (7/8)	төртінші буын (15/16) немесе таза қанды	төртінші буын (15/16)
екінші буын (3/4)	үшінші буын (7/8)	үшінші буын (7/8)
бірінші буын (1/2)	екінші буын (3/4)	екінші буын (3/4)
Жергілікті	бірінші буын (1/2)	бірінші буын (1/2)

Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара  
малды асыл тұқымдық құндылығын  
бонитирлеу  
(бағалау) және өсімін молайту жөніндегі  
нұсқаулыққа  
2-қосымша

## Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы малының сырт-сипаты және түзілісіне баллдық баға дене бітісінің кемістіктері үшін төмендетіледі

Жалпы дамуы және дene біттімінің жеке бөліктері	Кемістіктердің тізімі
1. Жалпы көрініс және даму	Жалпы жетілмегендік: сүйек бітімі дөрекі немесе қобыраңқы нәзік, бұлшық еті бобыр немесе осал дамыған, дene бітісі тепе-тең емес және тұқымның үлгісіне үйлесімсіз
2. Дене құрылышының сырт-сипаты:	
Бас, мойын	Басы тұлғасымен тепе-тең емес, ауыр немесе қобыраңқы: "өгіздік" сиырда және "сиырдық" бұқада, мойыны қыска, дөрекі қалың тері бүрмелері немесе ойқылы, нашар бұлшықеттіленген
Кеуде	Кеудесі енсіз, тайыз, қак ортасы буулымды және жаурының арты ойқы, қабыргалары бір біріне жақын орналаскан, қабыргасының сүйектері енсіз, қыска, сонғы қабырганың терісі қалың, созылғыштығы жоқ
Шоқтық, арқасы және белі	Шоқтығы қосарланған немесе үшкір, арқасы енсіз, қыска, салбыр немесе құныс, белі қысаң немесе тәбе тәрізді
Тұлғасының орта бөлімі	Сиырларда және бұқаларда осал дамыған, бұқаларда қарыны салбыраған
Арты	Қыска, салбыраған, тәбе тәрізді, бөксесін сүйір
3. Желіні және жыныстық орындары	Желіні шағын салпы, май басып кеткен, бөліктерінің дамуы бір келкі емес, жанасып тұрған, қалыпсыз дамыған және қосымша емшектерімен, сұт күретамыры нашар көрінеді, желіннің терісі қалың, желіннің артықтығы аз, бұқаларда ұрық өсіретін орны жетілмеген және кішірейген
4. Аяқтары	Алдыңғылары білектерінде жанасқан немесе екі жаққа жайылған, артқы аяқтарының қою тұрысы – шораяқты, О – тәрізді, X – тәрізді, қылыш сияқты
5. Тұяқтары	Сүйір, тік қойылған, жалпақ, тұяқ мүйізі болбыр

Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы ірі қара  
малды асыл тұқымдық құндылығын  
бонитирлеу

(багалау) және есімін молайту жөніндегі

нұсқаулыққа

3-қосымша

## 1. Сүттілі және сүтті-еттілі бағыттағы бұқаларды нышандарының жинағы бойынша бағалаудың шамасы

Нышандары	Баллдар
1. Сырт-сипаты және түзілісі, барлығы артықсыз	30
Соның ішінде:	
1) Жалпы түрі, барлығы артықсыз	9
Оның ішінде:	
дене бітісінің тепе-тендігі	1-3
бұлшық еті	1-3
сүйек бітімі	1-3
дене құрылышының сырт-сипаты, барлығы артықсыз	21
басы мен мойыны	1-3
кеудесі	1-3
шоқтығы, арқасы, белі	1-3
денесінің орта бөлігі	1-3
бөксерсі	1-3
аяқтары	1-3
тұяқтары	1-3
2. Дамуы (тірілей салмағы), барлығы артықсыз	10
тұқымдық ұлғі (2 қосымша)	10
тұқым ұлгісінен 95-99%	5
3. Генотип, барлығы артықсыз	60
1) Шешесінің класы	
элита – рекорд	25
элита	20
1 класс	15
2) Шешесінің сүтіндегі май мөлшері (%), тұқымдық ұлгіден жоғары	
0,3-ке және одан жоғары	5
0,2-ге	3
0,1-ге	1
3) Тұқымдық бұқаның немесе оның әкесінің үрпак сапасы бойынша дәрежесі.	
А Б, А Б, А Б	30
А, А, А Б, А Б, А Б	25
А, Б, Б, А Б, А Б, А Б	20
Үрпактар сапасы бойынша бағасы жоқ жағдайда әкесінің класы есепке алынады:	
элита-рекорд	10
элита	5

## 2. Сүттілік және сүтті-еттілі бағыттағы сиырларды нышандарының жинағы арқылы бағалау шамасы

1. Сүт өнімділігі (65 балдан аспауы керек)		
2. Тұқымдық үлгіден (сүт майының көлемі) сүт өнімділігі пайыздар мөлшерімен	Баллдар	
60-69	35	
70-79	38	
80-89	41	
90-99	44	
100-109	47	
110-119	50	
120-129	53	
130-139	56	
140-149	59	
150-159	62	
160 және жоғары	65	
2) Сырт-сипаты және түзілісі (барлығы 10 баллдан аспайды)		
Нышандары	Баллдар	
1. Жалпы түрі және дамуы (дене белгісінің тереңдігі, түзілісінің мықтылығы, үлгі көрінісінің айқындығы, кеудесінің тереңдігі, арты және белінің дамуы)	3	
2. Желін (көлемі, сүт безділігі, желіннің алдыңғы және артқы бөліктерінің жетілуі, денеге бекітілуі, емшектерінің мөлшері және орналасуы, желіннің орналасу биіктігі)	5	
3. Алдыңғы және артқы аяқтары (алдыңғы және артқы аяқтарының қою тұрысы және мықтылығы, тұяқтарының үлгісі және қаттылығы)	2	
3. Дамуы (тірі салмағы) – барлығы 5 баллдан жоғары емес		
Нышандары	Баллдар	
1. Тұқым үлгісі және одан жоғары (3 қосымша)	5	
2. Тұқым үлгісінің 95-99%	3	
4. сүт қайтарып беру үдемелі қарқындылығы (барлығы 10 баллдан жоғары емес)		
Көрсеткіштері	Баллдар	
1,60 кг/мин және одан жоғары	10	
1,59 - 1,40 кг/мин	8	
1,39 – 1,20 кг/мин	6	
1,19 -1,00 кг/мин	4	
0,99 – 0,80 кг/мин	2	
0,80 кг/мин төмен	-	
5. Генотип (шығу тегі) – барлығы 10 баллдан жоғары емес		
Белгілері	Баллдар	
1. Шешесінің класы		
элита – рекорд	5	

элита		4
бірінші клас		3
екінші клас		-
2. Бұқа немесе әкесінің үрпақ сапасы бойынша дәрежесі		
А Б, А Б, А Б		5
А, А, А Б, А Б, А Б		4
А, Б, Б, А Б, А Б, А Б		3
немесе бұқа класы		
элита – рекорд		3
элита		2
бірінші клас		1
Жиынтығы (1+2+3+4+5) баллдар қосындысы		100,0

### 3. Сұттілі және сұтті-еттілі бағыттағы төлдің класын нышандарының жинағы арқылы анықтау

Белгілері	Балл саны	
	бұқашықтар	қашарлар
1. Генотип (шығу тегі) – барлығы 50-баллдан жоғары емес, соның ішінде:		
1) шешесінің класы		
элита – рекорд	20	20
элита	15	15
бірінші клас	10	10
екінші клас	-	5
2) шешесінің сұттегі майы (%) тұқым үлгісінен жоғары:		
0,3 және одан жоғары	5	5
0,2	3	3
0,1	1	1
В) әкесінің үрпақ сапасы бойынша бағасы:		
А Б, А Б, А Б	25	25
А, А, А Б, А Б, А Б	20	20
А, Б, Б, А Б, А Б, А Б	15	15
Немесе әкесінің класы:		
элита – рекорд	15	15
элита	10	10
бірінші клас	-	5
2. Сырт-сипаты (барлығы 20 баллдан жоғары емес):		
өте жақсы	20	20
жақсы	15	15
қанагаттандырлық	12	12
3. Дамуы (тірілей салмағы) – барлығы 30 баллдан жоғары емес		
тұқым үлгілері	30	30

тұқым үлгілері 95-99%	20	20
тұқым үлгілері 90-94%	15	15
баллдар қосындысы	100,0	100,0

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 27 мамырдағы

№ 239 бұйрығына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің

2014 жылғы 10 қазандағы

№ 3-3/517 бұйрығына

2-қосымша

## **Еттілі бағыттағы ірі қара малдарының асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Еттілі бағыттағы ірі қара малдарының асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2014 жылғы 9 шіледегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, еттілі ірі қара малды бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Еттілі бағыттағы ірі қара малды бонитирлеу (бағалау) бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

### **1. Еттілі бағыттағы ірі қара малды бонитирлеу (бағалауды) ұйымдастыру**

3. Еттілі бағыттағы ірі қара малды (бұдан әрі – ІҚМ) бонитирлеу (бағалау) жыл сайын меншік нысанына қарамастан асыл тұқымды малдары бар шаруашылықтарда тамыздан қазан айына дейін (аймақтармен малдың қуйіне байланысты) жүргізіледі.

4. Бонитирлеудің (бағалаудың) алдында:

бұқашықтарды өз өнімділігімен және бұқаларды ұрпағының сапасымен бағалаудың қорытындысын шығару;

малдардың жеке нөмірлерін тексеру, анықтау және орнына келтіру;

бірінші және үшінші тума сиырлардың және ағымдағы жылы үш және бес жасқа толған бұқалардың сзызықтық өлшемдерін анықтау (асыл тұқымдық кітапқа енгізілетін малдарға);

малдарды өлшеу (ертеңгісін, азықтанар алдында) және қоңдылығын анықтау (жоғарғы, орта, ортадан төмен);

малдардың буаздылығын және жыныс органдарының патологиялық өзгерітерін анықтау, бұқалардың ұрығынының сапасын тексеру;

асылдандыру есебінің жазбаларын анықтау.

5. Тұқымдығы бойынша ИҚМ таза тұқымды және будандарға бөлінеді.

6. Таза тұқымдылықтарға жатқызады:

1) ата енесі бір тұқымнан шыққан, таза қандылығы құжаттарымен дәлелденетін;

2) сініре бұдандастыру арқылы алынған, тұқымдық белгілері жақсы нақышталған және кешенді белгілері бойынша элита класынан төмен емес IV буынды будандар;

3) қазақтың ақ бас және герефорд сияқты таза қанды тұыстық тұқымдарды өз ара шағылыстырудан алынған. Мұндай малдарды шаруашылықтарда жоспарлы түрде өсіріп жатқан тұқымға жатқызады.

4) талапқа сай келетін, арнайы ғылыми жолмен дайындалған селекциялық бағдарламамен (әдістемемен) алынған;

7. Бұдан малдарға келесідей жолмен алынғандар жатады:

1) Осы Нұсқаулықтың 6 тармағындағы 3) және 4) тармақшаларында көрсетілгендерден басқа, кез келген әр түрлі тұқымдарды шағылыстыру арқылы;

2) бірінші, екінші және үшінші бұынды будандарды "өз ара" бұдандастыру арқылы;

3) жақсартылған малдарды таза қанды, еінші және одан жоғары бұынды будандармен шағылыстыру арқылы;

8. Будандастыру кезінде малдардың буындық дәрежесі осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасымен анықталады.

9. Кірістіре бұдандастыру кезінде тұқымдылық жақсартылуши тұқым бойынша анықталады:

1) бұдандастырылған екі тұқымнан алынған буданның тұқымдылығы аналық тұқымның бірініші бұынына жатқызылынады;

2) бірінші бұынды буданды таза қанды жақсартылуши малмен бұдандастырғаннан алынған үрпақ екінші бұынға жатады (3/4 қанды аналық тұқым);

3) екінші бұынды буданды (3/4 қанды) таза қандымен будандастырғанда, алынған үрпақ, тұқымдық белгілері нақты және кешенді белгілері бойынша элита класынан төмен болмағанда төртінші бұынға жатқызылынады;

4) екінші, үшінші және төртінші бұынды буданды "өз ара" будандастыру арқылы алынған үрпақ, сонымен қатар осылардан алынған бұдан және таза қанды талапқа сай малдар, кешенді белгілері бойынша "элита" класынан төмен болмаған жағдайда таза қандыға жатады;

10. Мадың шығу тегі тұралы құжаттары жоқ болғанымен, жақсартушы тұқымның белгілері жақсы нақышталған болса және басты талаптар бойынша бірінші кластан төмен болмаса онда оны бірінші немесе екінші бұынды будандарға жатқызу керек.

11. Жақсартылғандарға айтылмыш тұқымның типтілігі айқын, бірақ шығу тегі белгісіз малдар жатады.

12. Бұқалардың класын кешенді көрсеткіштері: тірілей салмағы, дене түзілімі мен сырт пішініні, өз өнімділігі және ұрпағының сапасы, тұқымдылығы және шығу тегі (генотип) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес анықталады.

13. Өндіруші бұқаларды элита-рекорд класына тірілей салмағы элита және одан жоғары класқа, тұқымдылығы төртінші буыннан төмен болмағанда, ал жаңа шығарылған тұқым, тұқымішілік (аймақтық сұле) және зауыттық сүлелерде үшінші буыннан төмен болмаған жағдайда жатқызады. Сырт пішінінің минималды балы 9 төмен болмау керек.

14. Өндіруші бұқаларды элита класына тірілей салмағы бірінші класс және одан төмен болмағанда, тұқымдылығы төртінші буыннан төмен болмағанда, ал жаңа шығарылған тұқым, тұқымішілік (аймақтық сұле) және зауыттық сүлелерде үшінші буыннан төмен болмаған жағдайда жатқызады.

15. Өндіруші бұқаларды ұрпағының сапасымен тексеруден өткеннен кейін (кешенді класы элитадан төмен болмаса, селекциалық индексі 100 және одан жоғары болғанда) және шығу тегі имунногенетикалық жолмен анықталғаннан кейін пайдаланады.

16. Бұқалардың ұрпақтарын және жеке бұқашықтарды орташа тәуліктік қосымша салмағы, азық шығыны, тірілей салмағы және еттік формалары бойынша бағалаудың нәтижелері, бұқаны ұрпағының сапасымен және сынақтағы бұқашықтардың кешенді бағалауға осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес анықталады.

17. Бұқаларды ұрпағының сапасымен және бұқашықтарды өз өнімділігімен кешенді бағалаудың нәтижесінде кластық бағасы осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес шығарылады.

18. Бұқалардың ұрпағының сапасымен шығарған кластық бағасын, бонитирлеу (бағалау) кезінде кешенді класын шығаруға пайдаланылады. Бағалау, индексін шығарумен толықтырылу қажет.

19. Жеке бұқашықтардың және ұлдарының әр тобының, ұрпағының сапасымен бағаланушы бұқалардың индекстері жеке-жеке он бес айлығындағы тірілей салмағын, сегіз және он бес ай аралығындағы тәуліктік орташа салмағын, азықты ақтау және еттік формасын, бір ұақытта сынақтан өткен бұқашықтардың орташа көрсеткішіне пайыздау арқылы шығарады. Бұдан басқа, барлық белгілерінің кешенді (арифметикалық орташа) индексі шығарылады. Индекс шамасы азықтандыру және қолда ұстau жағдайына байланысты емес, ол тек малдың генетикалық ерекшелігін сипаттайды. Ол кластық белгісінен кейін және егер бұқа өз өнімділігі бойынша бағаланса "A" әріпінен кейін, егер бұқа ұрпағының сапасымен бағаланса "B" әріпінен кейін қойылады.

20. Сиырдың класын кешенді көрсеткіштері бойынша, өз төлінен көбею қабілетін (жыл сайын бұзау әкелеме әкелмедіме) ескере отырып, тірілей салмағына, дене түзілімі мен сырт пішініне, сұттілігіне, тұқымдылығы мен шығу тегіне (генотип) байланысты, осы Нұсқаудың 5-қосымшасына сәйкес анықтайды.

21. Бонитировка кезінде бұзауы алты айға толмаған, бірінші тұма сиырлардың кешенді класы, жас төлдердің бағалау шкаласына сай, кесте бойынша анықталады, мұнда тірлей салмағының класы үш жасар сиырлардың талабына сай анықталады.

22. Кешенді элита-рекорд класына, тірлей салмағы және сұттілігі бойынша элита класының талабынан кем емес, дене бітімінің айқын кемістігі жоқ, төртінші бұыннан, ал жаңа шығарылған тұқымдарға, тұқым ішілік (аймақтық) және зауыттық сұлелерге үшінші бұыннан төмен емес, жыл сайын төл беретін сиырлар жатқызылады.

23. Кешенді элита класына, тірлей салмағы және сұттілігі бойынша бірінші кластиң талабынан кем емес, дене бітімінің айқын кемістігі жоқ, үшінші бұыннан, ал жаңа шығарылған тұқымдарға, тұқым ішілік (аймақтық) және зауыттық сұлелерге екінші бұыннан төмен емес, жыл сайын төл беретін сиырлар жатқызылады.

24. Сиырдың өзінен класы жоғары үш қызы болған жағдайда, оның бағасын бір класқа көтереді

25. Егер сиыр бір рет бұзау бермесе, онда оның кешенді бағасын бір класқа төмендетеді.

26. Екі және одан да көп рет бұзау бермеген сиырлардың кешенді класын ең төменгі деңгейге дейін түсіріп, одан кейін бракка шығарады.

27. Жас төлдерді алты айлық жасынан бастап бонитровадан өткізеді. Олардың класын кешенді көрсеткіштері бойынша анықтайды: тірлей салмағы, дене түзілімі мен сырт пішінінің, тұқымдылығы және шығу тегі (генотип), өз өнімділігінің бағасы бойынша, осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес анықтайды.

28. Кешенді элита-рекорд және элита класына дене түзілімі және сырт пішіні бойынша 4,5 және 4,0 балдан, тірлей салмағы екінші кластан төмен емес жас төлдер жатады.

Кешенді бірінші және екінші класқа дене түзілімі және сырт пішіні бойынша 3,5 және 3,0 балдан, тірлей салмағы екінші кластан төмен емес жас төлдер жатады.

29. Өнімділігі сұтті және сұтті-етті бағыттағы сиырлар мен ұрғашы тайыншаларды етті бағыттағы тұқымның бұқаларымен шағылыстыру арқылы алынған бұдандарды әкесінің тұқымы бойынша бонитирлейді (бағалайды). Бұдан жас төлдің шешесінің класын, шешесінің тұқымының кешенді белгілері бойынша, сұт өнімділігін есепке алмай анықтайды.

30. Малды бонитирлеуден (бағалаудан) өткізу нәтижесі бойынша жиынтық ведомості толтырылып, келесі сұрақтарға сарапталған есеп жасалынады:

1) Бонитирлеуден (бағалаудан) өткізу малдың саны және оларды тұқымдылығы, класы, пайдалану мақсаты, генетикалық топтары бойынша бөлу;

2) табынның және асыл тұқымды ядро сиырларының тірлей салмағы, дене түзілімі және сырт пішіні, сұттілігі, жас төлдерінің өсуі бойынша сипаттамасы;

3) алғашқы рет ұрықталған қашарлардың жасы және тірлей салмағы;

4) бұқашықтарды өз өнімділігі бойынша сынаудың нәтижелері;

- 5) бұқаларды ұрпағының сапасымен бағалаудың нәтижелері;
- 6) сатылған асыл тұқымды жас малдардың кластылығы;
- 7) селекциялық-асылдандыру жоспарының орындалуы.

31. Ағымдағы жылдағы бонитирлеудің (бағалаудың) нәтижелері өткен жылғы бонитирлеудің (бағалаудың) нәтижесімен салыстырылады. Аталық із топтары ішіндегі жұптау, бұқаларды ұрпағының сапасымен бағалау және аталық із топтарының ремонттық бұқашықтарын іріктеу, зауыттық аталық із топтарын шығару және жақсарту бойынша селекциялық-асылдандыру жоспарының орындалу барысы сараланып, шаруашылықтың ветеринарлық жағдайы түсіндіріледі.

32. Бонитирлеу (бағалау) нәтижесі бойынша, малдың асыл тұқымдылық және өнімділік сапаларын жақсарту мақсатында жұптау жоспары жасалынады. Жұптарды іріктеу кезінде, өткен шағылыстырудың нәтижелері және малдардың туыстық дәрежесі ескеріледі.

33. Бонитирлеу (бағалау) материалдарының негізінде ремонттық жас төлдердің және асыл тұқымды малдарды сатып алу есебінен табындарды іріктеп толықтыру жоспары жасалынады. Асыл тұқымды малдар кітабына жазылатын малдарды бөліп, олар тұралы мәліметтерді облыстық ауылшаруашылық органдарға береді. Келесі жылға, бұқашықтарды өз өнімділігімен және бұқаларды ұрпағының сапасымен бағалау жоспары жасалынады. Ветеринарлық шараларды жүргізу жоспары жасалынады.

Еттілі бағыттағы ірі қара малды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## **Еттілі бағыттағы ірі қара малдың будандастыру кезінде малдардың буындық дәрежесін анықтау**

Енесінің тұқымдылығы	Әкесінің тұқымдылығы			
	екінші	үшінші	төртінші	таза қанды
жақсартылған	бірінші буын	бірінші буын	бірініш буын	бірінші буын
бірінші буын	бірінші буын	екінші буын	екінші буын	екінші буын
екінші буын	екінші буын	екінші буын	үшінші буын	үшінші буын
үшінші буын	екінші буын	үшінші буын	төртінші буын	төртінші буын немесе таза қанды
төртінші буын	үшінші буын	төртінші буын	төртінші буын	таза қанды
таза қанды	үшінші буын	төртінші буын	таза қанды	таза қанды

Еттілі бағыттағы ірі қара малды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

## **Еттілі бағыттағы Өндіруші бұқалардың кешенді белгілері бойынша бағалау шкаласы\***

Белгілері	Балл
1) тірілей салмағы, класс: элита-рекорд	35
элита	30
бірінші клас	25
2) дене түзілімі мен сырт пішіні, класс:	
100-балдық шкала бойынша	
элита-рекорд 90 және одан жоғары	20
элита 85	15
бірінші клас 80	10
3) өз өнімділігі бойынша бағалау, класс:	
элита-рекорд	10
элита	5
бірінші клас	2
4) генотип (барлығы - 35 балл):	
оның ішінде:	
ұрпағының сапасымен бағалау ( селекциалық индексі 100 және одан жоғары)	
элита-рекорд	10
элита	8
бірінші клас	7
тұқымдылық: таза қанды	10
төртінші буын	8
үшінші буын	7
шешесі, класс: элита-рекорд	5
элита	4
бірінші клас	3
әкесі, класс: элита-рекорд	5
элита	4
бірінші клас	3
ұрпағының сапасымен бағалау, класс:	
элита-рекорд	5
элита	4
бірінші клас	3
Жиынтық балл	100

\* Жаңа тұқым, сұле, аталық із тобын тұқым аралық бұдандастыру арқылы шығарғанда үшінші, төртінші буынды бұдандарды бағалау таза қанды малдармен теңестіріледі, яғни 100 балл белгіленеді.

Еттілі бағыттағы ірі кара малды асыл

тұқымдық  
 күндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
 өсімін  
 молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
 3-қосымша

## Еттілі бағыттағы бұқаларды ұрпақтарының және бұқапшықтарды еттік сапасы бойынша кешенді бағалаудың шкаласы

Көрсеткіштер	Максималды бал	Коэффициент	Жынытық бал
Он бес айлық жасындағы тірілей салмағы	5	2	10
Тәуліктік орташа қосымша салмак	5	3	15
1 кг қосымша салмаққа жұмсалған азық	5	2	10
Еттік формасы	5	3	15

Еттілі бағыттағы ірі қара малды асыл  
 тұқымдық  
 күндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
 өсімін  
 молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
 4-қосымша

## Еттілі бағыттағы бұқаларды ұрпақтарының сапасы және бұқапшықтарды еттілік сапасы бойынша кластық бағалау шкаласы

Класс	Балдық баға
элита-рекорд	45 - 50
элита	40 - 44
бірінші класс	32 - 39
екінші класс	20 - 31

Еттілі бағыттағы ірі қара малды асыл  
 тұқымдық  
 күндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
 өсімін  
 молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
 5-қосымша

## Еттілі бағыттағы сиырлады кешенді белгілері бойынша бағалау шкаласы\*

Белгілері	Балл
1) сүттілігі, класс: элита - рекорд	35
элита	30
бірінші класс	25
екінші класс	23
2) тірілей салмағы, класс: элита - рекорд	25
элита	20

бірінші клас	15
екінші клас	12
3) дене түзілімі және сырт пішіні, класс:	
30-балдық 5-балдық	
шкала бойынша шкала бойынша	
элита-рекорд 27 және одан 4,5 және одан жоғары жоғары	15
элита 24 4,0	10
бірінші класс 21 3,5	6
екінші класс 18 3,0	3
4) генотип (балл жиынтығы - 25), оның ішінде:	
тұқымдылық: таза қанды	10
төртінші бұын	7
үшінші бұын	8
екінші бұын	6
шешесі, класс: элита-рекорд	5
элита	4
бірінші класс	3
екінші класс	2
әкесі, класс: элита-рекорд	5
элита	4
бірінші класс	3
екінші класс	2
әкесі үрпағының сапасымен бағаланған, класс:	
элита-рекорд	5
элита	4
бірінші класс	3
Жиынтық балл	100

\* Жаңа тұқым, сүле, аталық із тобын тұқым аралық будандастыру арқылы шығарғанда үшінші және төртінші бұынды будандарды бағалау, таза қанды малдармен теңестіріледі, яғни 100 балл белгіленеді.

Еттілі бағыттағы ірі қара малды асыл  
тұқымдық  
күндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
6-қосымша

## Еттілі бағыттағы жас төлдердің класын кешенді белгілері бойынша анықтау шкаласы

Белгілері	Балл
а) тірілей салмағы, класс: элита-рекорд	45

элита	35
бірінші клас	27
екінші клас	23
б) дene түзілімі және сырт пішіні, класс: 5 балдық шкала бойынша	
элита-рекорд 5	20
элита 4	15
бірінші клас 3	10
екінші клас 2	5
в) генотип (барлық балл - 35), оның ішінде:	
тұқымдылық: таза қанды	10
төртінші бұын	8
үшінші бұын	7
екінші бұын	6
шешесі, класс: элита-рекорд	10
элита	8
бірінші клас	7
екінші клас	6
әкесі, класс: элита-рекорд	10
элита	8
бірінші клас	7
әкесінің үрпағының сапасы бойынша бағасы, класс:	
элита-рекорд	5
элита	4
бірінші клас	3
Жиынтық балл	100

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
3-қосымша

## **Биязы жұнді қойлардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Биязы жұнді қойлардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2014 жылғы 9 шіледегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-

бабының 4) тармақшасына сәйкес өзірленіп, биязы жұнді қойларды бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Биязы жұнді қойларды бағалау бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

## 1. Биязы жұнді қойларды бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру

3. Биязы жұнді қойлар (бұдан әрі – биязы жұнді қой) таза тұқымды және будандар болып бөлінеді.

4. Таза тұқымдыларға жатқызылады:

таза тұқымдылығы құжаттармен расталған белгілі бір тұқымдағы ата-енелерден таралған малдар;

ағзасында ата-енелік тұқымдардың 3/4 қан үлесі бар, бір өнімділік бағыттағы екі биязы жұнді қой тұқымдарын будандастыру нәтижесінде алынған малдар;

біртекті жұнді будан саулықтарды белгілі бір тұқымның қошқарларымен сіңіре бідандастыру нәтижесінде алынған және осы тұқымның бірінші класс талаптарына сай келетін екінші үрпақ малдары.

5. Нұсқаудың 4 тармағында көрсетілмеген биязы жұнді қойлар будан болып саналады.

6. Будандар келесі топтарға жіктеледі:

екі биязы жұнді тұқымды будандастырудан алынған бірінші үрпақтағы будандар;

биязы жұнді саулықтарды биязылау жұнді тұқымдардың қошқарларымен будандастырудан (өнеркәсіптік будандастыру) алынған жіңішке жұнді будандар;

сіңіре будандастырудың мерзіміне қарамастан, биязы жұнді тұқымның бірінші класс талаптарына сай келмейтін жіңішке талшықты биязы-қылышқа жұнді будандар;

будан биязы жұнді саулықтарды бірнеше биязы жұнді тұқымдардың қошқарларымен алмастыра будандастырудан алынған будандар "күрделі будандар" деп аталады.

7. Малды бағалауда жұnniң 12 ай ішіндегі өсу ұзындығы негізге алынады. Ең бағал 8 см жұн болып табылады.

8. Жұн иректері. Бұл көрсеткіш талшықтардың жіңішкелігі бойынша біркелкілік деңгейін көрсетеді. Жұн иректерінің мөлшері мен жылтырлығын анықтау керек.

жұн иректігі ірі болғанда (жұnniң 1 см ұзындығында 3,5-5 иректер) иректілік белгісінің қасына кіші "і" әрпі,

орташа (6-7 иректер) – "о" әрпі, майда иректерде (8-9 иректер) – "м" әрпі жазылады. ("Иі", "Ио", "Им").

жылтырлығы жоғары болғанда иректілік белгісінің қасына кіші "ж" әрпі, "Иж" түрінде жазылады.

9. Жұннің біркелкілігі – қой денесінің негізгі бөліктеріндегі (бүйір, арқа, жамбас) жұндер мен штапельдегі талшықтардың диаметрі мен ұзындығы бойынша біркелкілік деңгейі.

10. Биязы жұнді қойлардың арқасы мен ішінің жұні іріктеуде көрсеткіш болып табылады.

11. Бір жастық төлдер, сонымен қатар тұқымдық қошқарлар салмағы көктемде қырқым алдында бағалау кезінде өлшенеді.

12. Қойларды бонитирлеу (бағалау) жүргізу үшін алдын-ала даярлануы қажет заттар :

құлаққа арнағы белгі салуға арналған қысқаш;

сандардың толық жиынтығы бар таңба салатын қысқаш;

құлаққа тағатын темір (пластмасс) сырғалар;

қошқарларға күйдіріп нөмір салуға арналған сандар жиынтығы;

бонитирлеуге (бағалауға) арналған ағаш немесе жеңіл темірлерден жасалған қалқаншалар;

халаттар және басқа да құрал-саймандар;

мал өлшеуге арналған таразылар;

жекелей бонитирлеу (бағалау) деректерін жазуға қажетті журналдар.

Кой бонитирлеуді (бағалауды) жүргізуде әрбір шаруашылықта мал дәрігерлік алдын-алу ережелерін қатаң сақтау қажет.

13. Бонитирлеу (бағалау) аяқталған соң бекітілген нысандағы акт пен орындалған жұмыс туралы есеп жасалады.

14. Тұқымдық ерекшеліктері мен өнімділік деңгейіне қарай биязы жұнді қойларды үш класқа бөледі:

1) элита класы – дene бітімі, өнімділік сапасы мен ерекшеліктері бойынша қойлардың тұқым стандартына толық сәйкес келетін, бірінші класс қойларынан кем дегенде 15%-ға артық малдар.

2) бірінші класс – дene бітімі, өнімділік сапасы мен ерекшеліктері бойынша тұқым стандартына толық сай келетін малдар. Тұқыммал шаруашылықтарында бірінші кластағы саулықтар төл алу және осы төлдерді шаруашылық жүргізудің кез-келген нысанындағы басқа шаруашылықтарға сату үшін қолданылады.

3) екінші класс – тұқым стандартына толықтай сай келмейтін малдар. Өнімділіктері бойынша кейбір кемшіліктері бар (қысқа жұнді, жұн ұзындығы 8 см-ден аз), тірілей салмағы бойынша бірінші класс малдарынан кем түседі, алайда шаруа отарларында тауарлық өнім (жұн, ет) алуға, ал асыл тұқымды отарларда жақсартылған тұсақтарды алу және оларды тұқымға сатуға пайдаланылады.

15. Осы нұсқаудың 14 тармағына кірмеген биязы жұнді қойлар жарамсыз деп танылады.

16. Биязы жұнді қойларды бонитирлеуде (бағалауда) қолданылады:

1) жас-жыныс топтары бойынша қойларды жекелей және класты бонитирлеу (бағалау) осы Нұсқаудың 1-қосымшасымен беріледі;

2) қойларды жекелей бонитирлеу (бағалау) деректерін тұқымдық құжаттарға жазу және оларды компьютерде өндөу үшін бағалау кілті осы Нұсқаудың 2-қосымшасымен беріледі;

3) биязы жұнді қой тұқымдарының негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгілері мен шифрлары осы Нұсқаудың 3-қосымшасымен беріледі.

4) жұн талшықтары жіңішкелігі кластарының шектері осы Нұсқаудың 4-қосымшасымен беріледі.

Биязы жұнді қойларын асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
есімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-Қосымша

## **Биязы жұнді қойларын жас-жыныс топтары бойынша жекелей және класты бонитирлеу (бағалау)**

Бонитирлеудің (бағалаудың) атауы	Бонитирлеуде (бағалауда) және қорытынды бағалауда тіркелетін белгілер	Жас-жыныс топтары
1. он екі айлық және одан үлкен малдарды толық кілт бойынша жекелей бонитирлеу (бағалау)	Малдың типі, жұн тығыздығы мен ұзындығы, бүйір жұн талшықтарының жіңішкелігі, жұннің иректілігі мен біркелкілігі, шайыр мөлшері мен түсі, жұндестігі, қанка сүйегінің беріктігі (бітімі), сырт пішіні, жылмаған және таза жұн түсімі, таза жұн шығымы, тірелей салмағы, класы.	Негізгі аталық қошқарлар, қосалқы және күйіттеуші қошқарлар, тұқымдық тоқты қошқарлар, селекциялық топтың саулықтары мен екі жасар тұсақ қойлар, селекциялық топтағы саулықтардан алынған және олардың орнын толтыратын, сондай-ақ тұқымға сатылатын төл, қошқарлардың ұрпақ сапасын бағалауга қажет төл.
2. Қыскаша кілт бойынша енелерінен бөлінген қозыларды жекелей бонитирлеу (бағалау)	Малдың типі, жұн талшықтарының тығыздығы, ұзындығы мен жіңішкелігі, тірелей салмағы, 5 балдық өлшем бойынша жалпы баға беру.	Селекциялық топтағы саулықтардан алынған ерек және ұргашы тоқтылар, қошқарларды бағалауга қажет төл (алдын-ала бағалау).
3. біржасар малды класс бойынша бонитирлеу (бағалау)	Барлық белгілердің негізінде (журналға жазылмайды) малдың класы анықталады.	Тұқымдық мал топтарында селекциялық емес тұқымдық және шаруа саулықтардан алынған ерек және ұргашы тоқтылар, ал тауарлық отарларда – барлық тұсақтар.

Биязы жұнді қойларын асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
есімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
2-Қосымша

## Биязы жұнді қойларды, бонитирлеу (бағалау) кілті

Биязы жұнді қой тұқымдары	Шартты белгілер	Шифр
Етті-жұнді		
Қазақтың арқармериносы	ҚА (АК)	1302
Қазақтың биязы жұнді қой тұқымы	ҚБ (КТ)	1303
Жұнді-етті		
Қазақтың оңтүстік мериносы	ҚОМ (ЮКМ)	1107
Қазақтың солтүстік мериносы	ҚСМ (СКМ)	1108
Етті		
Етті меринос	ЕМ	1109

Биязы жұнді қойларын асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
есімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
3-Қосымша

## Биязы жұнді қойлардың негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгілері мен шифрлары

Шифр	Белгілердің шектері	Шартты белгілер немесе өлшем бірліктер	Белгілер шектерінің шифры
1	2	3	4
	Малдың типі мен тері қатпарлығы		
	тері қатпары аз немесе мұлдем жоқ, жұн өнімділігі төмен малдар	Қ-	1
	мойны мен денесіндегі қатпарлары өте көп, жұн бағытындағы типке ауытқыған мал	Қ+	2
	жұн, ет өнімділігі бойынша тұқым стандартына сай малдар	Қ	3
21	Жұн тығыздығы – малдың бүйірі мен арқасындағы тері жігінің көлемі бойынша және қолмен ұстап анықталады сирек, тұқым стандартына сай емес канагаттанарлық тығыз өте тығыз	T- T T+ TT	1 2 3 4
31	Бүйір жүннің ұзындығы - қой жауырының артқы жағынан, бүйірдің орта сызығынан сәл жоғары жерде созылмаған штапелді сызығышпен өлшеу арқылы анықталады. Негізгі және тұқымдық тоқты қошқарларда осыған қоса жұн ұзындығы келесідей бөліктерде анықталады: жамбаста арқада бауырда		
32			
33			
34	Жұн талшықтарының жіңішкелігі микрометрмен немесе сапамен өлшенеді - көз өлшемі немесе микроскоп көмегімен	СМ	

	бүйірде негізгі және тұқымдық тоқты қошқарларда осыған қоса жамбаста арқада		0,5 –ке дейін
51 52			
61	Жұннің біркелкілігі – бүйір және жамбас жұн талшықтары жіңішкелігінің арасындағы айырмашылық бойынша анықталады: біркелкілігі жеткіліксіз, бүйір мен жамбас жұн талшықтары жіңішкелігінің арасындағы айырмашылық 2 сападан немесе 4 мкм-ден артық біркелкілігі жеткілікті, бүйір мен жамбас жұн талшықтары жіңішкелігінің арасындағы айырмашылық 1 сапага тең немесе 2-ден 4 мкм-ге дейін біркелкілігі жақсы, бүйір мен жамбас жұн талшықтары жіңішкелігінің арасындағы айырмашылық 2 мкм-ден аз	БК- БК БК+	1 2 3
41	Жұннің иректілігі – малдың бүйір жұні бойынша көз өлшемімен анықталады: жұн иректілігі білінбейді немесе әлсіз байқалады жұн иректілігі жақсы көрінеді, ұнамды пішінде, бірақ анық емес жұн иректілігі ұнамды пішінде, барлық жұн талшықтары ұзындығы бойына анық көрінеді	И- И И+ И-	1 2 3 1
71	Шайыр Шайыр мөлшері жеткіліксіз артық сапасы мен мөлшері жеткілікті	Ш- Ш+ Ш	1 2 3
72	Шайыр түсі сарғыш ашық-сарғыш ак	C AC A	1 2 3
101	Малдың арқасы, бауыры мен басының жұндестігі Бағалау кезінде арқасының жұндестігі жақсы малдар ұнамды болып табылады	балл	ең жоғары 5
81	Малдың дене бітімі – кешенді баға негізінде анықталады: нәзік сөлемекет берік	НБ СБ ББ	1 2 3
91	Сырт пішіні – жеке дене бөліктерінің дамуына кешенді баға беру негізінде анықталады	балл	ең жоғары
111 112 113	Тірілей салмағы төмендегідей кезеңдерде анықталады: туылғанда (1-2 күн) енелерінен 4-4,5 айлығында бөлінгенде 1 жасында		
121	Жұн түсімі Жуылмаған (табиғи) жұн түсімі бір жыл өсken жұннің (тезекті жұннен басқа) қырқу арқылы анықталған салмағы,	кг	0,1-ге дейін
122	Таза жұн шығымы Жуылмаған және таза жұн шығымдарының %-к қатынасы жуылмаған жұн үлгісін жуу кезінде анықталады	%	1-ге дейін

123	Таза жұн түсімі есептеліп анықталады	кг	0,1-ге дейін
131	Малдың класы – қырқымға дейінгі бонитировкалау кезінде нұсқау бойынша анықталады: элита бірінші класс екінші класс жарамсыз	Эл I II жр	5 4 3 1

Биязы жұнді қойларын асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
4-Қосымша

## Биязы жұнді қойлардың жұн талшықтары жінішкелігі кластарының шектері

Жұн талшықтары жінішкелігі кластарының шектері, микрометрмен		Жұн жінішкелігі класын микрометрге айналдыру кестесі	
сапа	микрометрлер	сапа	микрометрлер
1	2	3	4
80	14,5-18,0	80	16
70	18,1-20,5	80-70	18
64	20,6-23,0	70	20
60	23,1-25,0	70-64	21
58	25,1-27,0	64	22

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
4-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
4-қосымша

## Биязылау жұнді қойларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық

### 1. Жалпы ережелер

1. Биязылау жұнді қойларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі бойынша нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2014 жылғы 9 шіледегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, биязылау жұнді қойларды бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Биязылау жұнді қойлаарды бонитирлеу (бағалау) бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

## **2. Биязылау жұнді қойларды бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру**

3. Бонитирлеу (бағалау) түрлері: жекелей және класты болады.

1) жекелей бонитирлеу (бағалау) - асыл тұқымды малдардың маңызды селекциялық белгілері бағаланып, арнайы журналға жазылады да асыл тұқымды малдың жеке құжаты карточкасына толтырылады.

2) класты бонитирлеу (бағалау) - жеке қойлардың селекциялық белгілерін бағалау нәтижелері, олардың бітімі мен өнімділік қасиеттерін жан-жақты бағалау негізінде кластары анықталып, әр кластағы малдардың есебі алынады.

4. Барлық ауыл тұқымдық шаруашылық субъектілердің ветеринарлық-санитарлық жағдайларын ескеріп, бонитирлеуді (бағалауды) бастамастан бір ай бұрын оны өткізуіндің календарлық жоспары жасалынады.

5. Қойларды бонитирлеу (бағалау) үшін келесі заттар дайындауы тиіс:

бонитирлеу (бағалау) нәтижелерін жазатын журналдар;

мал өлшейтін таразылар;

құлаққа ен салатын қысқыштар;

барлық сандары бар, татуировка салатын қысқыштар;

құлаққа салынатын металл немесе пластмасса сырғалар және олардың қысқыштары; сырғага таңба ұруга арналған, сандар мен әріптегер жинағы;

бонитирлеу (бағалау) кезінде қой тұратын орынды бөлуге арналған ағаш қалқандар, халаттар және басқа да бұйымдар.

6. Бонитирлеу (бағалау) аяқталған соң, қабылданған нысан бойынша, өткізілген жұмыс нәтижесі туралы есеп беріледі.

7. Биязылау жұнді қой тұқымы (бұдан әрі – биязылау жұнді қой) таза тұқымды және будандар болып бөлінеді.

8. Таза тұқымдыларға жататыны:

малдың аталық және аналық тектері бір тұқымнан, олардың тұқымдылығы құжаттармен дәйектелген;

шығу тегі және өнімділік қасеттері бойынша бір-біріне жақын қой тұқымдарын кіріспе будандастырудан алынған бірінші будандар;

екі биязылау жұнді қой тұқымдарын сіңіре будандастыру нәтижесінде алынып, жақсартушы тұқымның ұнамды типіне қойылатын талаптарға жауап беретін екінші және одан да жоғарғы ұрпақтағы будандар;

шығу тегі құжаттармен дәйектелген және жақсартушы қой тұқымына қойылатын талаптарға жауап беретін, биязы, ұян (жартылай қылышық) және қылышық жұнді

қойларды белгілі бір биязылау жүнді қой тұқымының қошқарларымен будандастырудан алынған үшінші және төртінші ұрпақтағы будандар;

9. Осы Қағиданың 8 тармағына көрсетілмеген биязылау жүнді қойлар будандарға жатқызылады.

10. Будандар төмендегідей топтарға бөлінеді:

әртүрлі өнімділік бағыттағы, биязылау жүнді қой тұқымдарын будандастырудан алынған, бірінші ұрпақ будандары. Бұл будандар аналық тұқымға қойылатын талаптар бойынша бағалаудан өткізіледі. Олардың аттары аталық және аналық қой тұқымдары аттарынан құралады.

сініре будандастырудың жүргізу мерзіміне қарамастан биязы, ұяң, қылышық жүнді қой тұқымдарының, жақсартушы қой тұқымына қойылатын талаптарға сай келмейтін, будандары. Олар жақсартушы қой тұқымы бойынша аталауды.

бірнеше биязылау жүнді қой тұқымдарының будандары "күрделі" будандар деп аталауды.

11. Жалпы бонитирлеу (бағалау) – тұқым стандартына сәйкес деңгейі, өнімділік сапасы мен қасиеттері жиынтығы бойынша белгілейтін малдың классы.

12. Қойларды жынысы мен жасына байланысты жекелей және классты бонитирлеу (бағалау) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

13. Биязлау қойларды жеке бонитирлеу (бағалау) нәтижелерін жазу және деректерді өндеу үшін Бонитирлеу (бағалау) кілті бойынша арнайы шарттар осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасымен және бонитирлеу (бағалау) кезінде анықталатын малдарды алдағы уақытта пайдаланудың бағыттары, оның шартты белгісі мен шифры осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасымен қолданады.

14. Қойлар мен саулықтар бір жастарында жеке бонитирлеуден (бағалаудан) өткен соң олара карточка жүргізіліп, оны асыл тұқымдық пайдалану уақытында деректерді енгізіп тұрады.

15. Биязлау қойларды жеке бонитирлеу (бағалау) нәтижелерін Негізгі селекциялық белгілер нәтижелері сәйкестігі, селекциялық белгілердің жеке бағалануы, тірі салмағы, қырқылған жүні бойынша деректер көретіліп осы Нұсқаудың 4-қосымшасымен берілген әр бағаланатын малға деректер қойларды жеке бағалау есебінің нысанына енгізіледі.

Биязлау жүнді қойларды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

**Биязлау жүнді қойларды жынысы мен жасына байланысты жекелей  
және классты бағалау**

Бонитировка түрі	Бонитировкаға және қыркыннан кейін түбегейлі бағалауға түсsetін белгілер	Жынысы мен жасына байланысты топтар
12 айында және одан ересек жаста толық кілт бойынша жекелей бонитирлеу (бағалау)	Малдың еттілік пішіні, жұн тығыздығы мен ұзындығы, бүйір жұн жіңішкелігі, жұн иректігі, біркелкілігі, жылтырылығы, шайыр түсі мен мөлшері, дене бітімі мен тұрқы, жұндестігі, тірідей салмағы, табиғи және таза жұн түсімі, таза жұн шығымдылығы, класы	Аталық, қосалқы және күйек кошқарлар, тоқты кошқарлар, селекциялық топтағы саулықтар, селекциялық топтардан алынған, олардың орнын басатын және асыл тұқымды мал ретінде сатылатын тоқтылар, сондай-ақ үрпағының сапасы бойынша тексеріліп жатқан кошқарлардың төлдері
Қозыны енесінен бөлу кезінде қысқартылған кілт бойынша жеке бонитирлеу (бағалау)	Жұн тығыздығы, ұзындығы, иректігі, жұн талшықтарының жіңішкелігі, біркелкілігі, тірідей салмағы, 5 ұпай бойынша жалпы баға Барлық белгілерді бағалау негізінде (журналға жазбай) мал класын анықтау	Селекциялық ядродан алынған барлық қозылар, үрпағының сапасы бойынша тексеріліп жатқан қошқарлардың төлдері (алғашқы бағалау) Селекциялық топқа кірмейтін асыл тұқымды және шаруа саулықтар төлдері, тауарлы шаруашылықтарда – барлық тоқтылар
Бір жасында тобымен бонитирлеу (бағалау)		

Биязылау жұнді қойларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

## Биязылау жұнді қойлардың бағалау кілті

Қой тұқымдары мен тұқымдық топтары	Шартты белгілер
Қазақтың етті-жұнді қойы	ҚЕЖҚ
Ақжайық етті-жұнді қойы	АЕЖҚ
Қазақтың биязылау жұнді қойы	ҚБЖҚ
Казахские мясные, скороспелые полуутонкорунные	КМСП
Қазақтың гемпшир типтес етті қойы	ҚГТЕҚ
Цигай	Ц

Биязылау жұнді қойларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## Биязылау жұнді қойлардың селекциялық негізінің шартты белгісі мен шифры

Аталық қошқар және оның орнын басатын тоқты қошқар	Шартты белгілер	Саулықтар мен тоқтылар	Шартты белгілер	Шифры
--	-----------------	------------------------	-----------------	-------

1	2	3	4	5
Негізгі	НҚ	селекциялық ядро	СЯ	5
Қосалқы	ҚҚ	селекциялық топ	СТ	4
Күйек	КҚ	асыл тұқымды тоқтылар	АТ	3
Сатылатын қошқар (асыл тұқымды мал ретінде)	СҚ	сатылатын тоқтылар (асыл мал ретінде)	СТ	2
Шаруа малы (асыл тұқымды емес)	ШМ	шаруа малы (асыл тұқымды емес)	ШМ	1

## Биязылау жұнді қойларды жеке бонитирлеу (бағалау) есебінің нысаны

Малдың №		Тұылған уақыты	Жеке нөмірі		Бонитирлеу (бағалау) мәліметтері									
Оң құлағында	Сол құлағында		әкесі	енесі	тип	жұн тығыздығы	жұн ұзындығы, см	жұн иректілігі	жұн жінішкелігі, сапа, мкм	жұн біркелкілігі, сапа, мкм	шайыр мөлшері	шайыр түсі		
1	2		3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

### Кестенің жалғасы

Өнімділік		жұн түсімі			Класс	Бекітілуі
тірілей салмағы, кг		жуылмаған, кг	шығымы, %	таза, кг		
18	19	20	21	22	23	

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
5-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
5-қосымша

## Құйрықты қойларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және есімін молайту жөніндегі нұсқаулық

### 1. Жалпы ережелер

1. Құйрықты қойларды бағалау бойынша нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2014 жылғы 9 шіледегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы

"туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес өзірленіп, құйрықты қойларды бағалауды нақтылай түседі.

2. Құйрықты қойларды бағалау бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

## 2. Құйрықты қойларды бонитирлеу (бағалауды) ұйымдастыру

3. Құйрықты қой тұқымы (бұдан әрі – құйрықты қой) таза тұқымды және будан болып бөлінеді.

4. Таза тұқымдыларға жататыны:

1) ата-енесі бір тұқымға жататын және олардың таза тұқымды екендігі құжаттармен дәлелденген болса;

2) өнімділік қасиеттері бір бағытқа жататын тұқымдарды сіңіре будандастырудан алынған, жақсартушы тұқым бойынша екінші ұрпақтан төмен емес және өзінің сырт пішіні мен өнімділік қасиеттері сол тұқымның бірінші класты қойларына қойылатын талапқа сай келетін болса;

3) кіріспе будандастырудан алынып, өнімділік белгілері енесі шыққан тұқым талаптарына сәйкес келсе.

5. Осы Нұсқаулықтың 4 тармағында көрсетілмеген құйрық қойлар буданға жатады.

6. Құйрықты қой тұқымдары жеке (толық және қысқаша) және кластық бонитирленеді (бағалаланады).

Жеке бонитирлеуге (бағалауға) жеке толық бонитирлеуге (бағалауға) жеке қысқаша бонитирлеуге (бағалауға) бөлінеді.

Жеке толық бонитирлеуге (бағалауға) ересек аталық қошқарлар (негізгі, қосалқы, қүйттеуші) мен элита класты аналықтар, тұқыммал шаруашылықтарындағы селекциялық топ саулықтары мен ұрпақ сапасы тексеруге қойылған қошқарлардан алынған барлық төлдер, өз табынын толықтыру үшін қалдырылған және басқа шаруашылықтарға сатуға арналған тұқымдық ерек және ұрғашы тоқтылар жатады.

Тұқым мал шаруашылықтарында элита және бірінші класты саулықтардан алынған төлдерге жеке қысқаша бонитирленеді (бағаланады) жасалады.

Жеке қысқаша бонитирлеу (бағалау) кезінде малдың класы оның тірі салмағына, сырт пішініне, құйрығының көлемі мен пішініне, жұн сапасы мен түсіне берілетін жалпы бага негізінде анықталады.

7. Класты бонитирлеу (бағалау) шаруашылықта өз табынын толықтыруға арналған шаруа немесе тұқымдық сапасы төмен малдардан алынған барлық тұсақтарға жасалады . Класты бонитирлеу (бағалау) кезінде малдар жеке қысқаша бонитирлеу (бағалау) жасағанда бонитирленетін (бағаланатын) шаруашылыққа пайдалы белгілер бойынша бонитирленеді (бағаланады), бірақ оларды журналға жазу жүргізілмейді.

8. Қылышқұ және ұяң жұнді құйрықты қойларды бонитирлеу (бағалау) алдымен малдардың көктемдік жұн сапасы мен түсімін анықтап алып, екінші рет күзде олардың

жайылымда семіруіне байланысты тірі салмағын және көктемгі, күзгі жүннің жалпы түсімін, сапасын анықтау негізінде қорытынды баға беру жолымен жүргізіледі.

9. Биязылау жүнді дегерес құйрықты қойларын бонитирлеу (бағалау) көктемде он екі айлығында тірі салмақ пен жұн түсімі және жұн сапасын есепке ала отырып жүргізіледі.

10. Еділбай, сарыарқа және қазақтың құйрықты қылышық жүнді қой тұқымдарын он бес айлық жастарында бонитирлеу (бағалау) кезінде тек қана көктемдегі қырқылған жүні ескеріледі. Жоғарыда көрсетілген кластардың талабына сәйкес келмейтін малдар "жарамсыз" болып табылады; сонымен қатар жарамсыз болып ала, мүйізді мал және элита мен бірінші класқа сәйкес келмейтін қокқарлар жатады.

11. Тұқымға қалдырылған тоқты қошқарлар он екі айдан он бес айлығында негізгі пайдалы белгілер бойынша толық жеке бонитирлеуден (бағалаудан) өткізіледі және ұрпақ сапасы бойынша тексеруге қойылады.

12. Бұл үшін әрбір тексерілетін қошқарға, одан алынған ұрпақтың саны енесінен бөлгендеге 50 (елуден) бастаң кем болмауын қамтамасыз ететіндей бірінші класты аналықтар тағайындалады.

Кейде, қошқарларға олардың басқалармен салыстырғандағы артық-кемдігін ғана емес, сонымен бірге жұп таңдау әдістерінің тиімділігін анықтау үшін басқа класқа жататын аналықтарды да бекітеді.

13. Қошқарларға ұрпақ сапасын тексеру үшін бекітілген аналықтар дербес отарларда ұсталып, ең қолайлы азықтандыру және күтіп-бағу жағдайларымен қамтамасыз етіледі.

14. Қошқарларды ұрпақ сапасы бойынша алдын-ала бағалау алынған төлді төрт пен бес айлығында енесінен бөлгендеге тірі салмағы мен өсіп-жетілуі, қозы жүннің түсі мен оның түсімі, құйрықтың пішіні мен көлемі, тірі салмақ пен қырқылған жүнге деген ең төменгі талапқа байланысты 4 және 5 баллмен бағаланған қозылар санын анықтау арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар әрбір ұрпақ сапасы тексерілетін қошқарлардан алынған төлдерді жеке-жеке қоршауға бөліп қамап, олардың өзара дene бітімі, жетілуі және басқа белгілері бойынша ерекшеліктеріне көзben қарап баға беру ұсынылады.

15. Осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасымен қозылардың төрт-бес айлығында тірі салмағы мен жұн түсімі бойынша бағалау үшін қойылатын ең төменгі талаптар беріледі . Тексерудегі қошқарларды біржола бағалау олардан алынған төлді 1-1,5 жас кезінде жеке бонитирлеу (бағалау) нәтижесіне байланысты іске асырылады. Төлдердің жетілгіштігі олардың енесінің бауырында өскен кезеңдегі және енесінен бөлгеннен кейінгі жайып семірту, немесе бордақылау кездеріндегі тәулігіне қосқан салмағы арқылы анықталады.

16. Жетілгіштікті және жұмсалған азықты қосқан салмағы арқылы өтеу қабілетін білу мақсатында әрбір тексерілетін қошқардан 3-5 бас қозыны бордақылауға, немесе жайып семіртуге қойып, оларды жеті-сегіз айлығында бақылау үшін сою арқылы

еттілік-майлылық қасиеттерін анықтау ұсынылады. Алынған ұрпақтарының ішінде енесінен бөлу кезінде 4 және 5 балл баға алғандары, ал 1-1,5 жасында элита және бірінші кластысы көп болған қошқарлар құнды деп саналады.

17. Қошқарларды ұрпағының сапасы бойынша бағалау кезінде олармен салыстыру үшін сол аналық отарында ұрпақ сапасы бұрынырақ тексеріліп жақсартушы деп танылған қошқарды пайдалану ұсынылады.

Ұрпақ сапасы тексерілгенде деректер сол қошқарларды аналықтарға тағайындау кезінде негіз болып табылады.

18. Тұқымдық мал табындарында жыл сайын төмендегідей мал тұқымын асылдандыру шаралары жүргізіледі:

қойылған мақсатқа және міндеттерге байланысты барлық ұрғашы тоқтыларды жасы 12,15 немесе 18 ай (алдын-ала 4-5 айда) кезінде класты не жекелей бонитировкалау және нұсқау талаптарына сәйкес аналық отарлар құрастыру;

19. Сақа және 1,5 жасар қойлардың тірі салмағын негізінен мал семірген кезде, күзде күйек алу науқаны басталарда, таңертең аш қарынға әр қойды жеке өлшеу арқылы, ал қозыларды – енесінен айырған уақытта анықтайды.

20. Селекциялық белгілер:

тірі салмағы;

бітімі мен сүйек мықтылығы;

еттілігі;

экстеръер;

жұннің тығыздығы, ұзындығы, тұсі, жұн талшықтарының жуандығы;

жұн тұсімі

құрғақ және өлі талшықтардың мөлшері

21. Малдың жалпы бағасы – класы олардың бітім-өнімділік қасиеттері мен тұқым үлгісіне сәйкестік дәрежесін қорытындылау нәтижесінде беріледі.

22. Құйрықты қойларды жеке бонитирлеу (бағалау) нәтижелерін жазу және деректерді өндіу үшін Бонитирлеу (бағалау) кілті бойынша арнайы шарттар осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасымен және бонитирлеу (бағалау) кезінде анықталатын малдарды алдағы уақытта пайдаланудың бағыттары, оның шартты белгісі мен шифры осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасымен қолданады.

23. Тұқымдық типтің даму дәрежесіне, бітім ерекшеліктеріне, дене құрылымы мен өнімділік мөлшеріне байланысты:

1) еділбай, сарыарқа және қазақтың құйрықты қылышық жұнді қой тұқымдарын бағалау кезінде класқа бөледі:

элита;

бірінші;

екінші;

2) дегерес пен қазақтың ұяң жұнді қой тұқымдарын төрт класқа бөледі: элита;

бірінші;  
екінші;  
үшінші.

24. Малдың, класын - өсіп-өнуіне, бітіміне, тұлғасына, сырт пішініне, еттілік-майлыштық қасиеттерінің даму дәрежесіне, тірі салмағына, жұн түсімі мен сапасына берілген комплексті бағаның негізінде айқындаиды.

Құйрықты қойларды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

### **Құйрықты қойлардың қозыларды төрт-бес айлығында тірі салмағы мен жұн түсімі бойынша бағалау үшін қойылатын ең төменгі талаптар**

Тұқым аты	Тірі салмағы; кг				Жұн түсімі, кг			
	ерек		ұргашы		ерек		ұргашы	
Баллдар	5	4	5	4	5	4	5	4
Еділбай	40	38	38	35	1,0	0,8	0,8	0,6
Қазақтың құйрықты қылышық жұнді қой тұқымы	36	34	34	32	0,8	0,6	0,7	0,6
Сарыарқа құйрықты қылышық жұнді қой тұқымы	38	36	36	34	0,9	0,7	0,7	0,6
Дегерес етті-жұнді құйрықты қой тұқымы:								
биязылау жұнді	34	32	30	28	-	-	-	-
ұяң жұнді	34	32	30	28	1,2	1,0	1,0	0,8
Қазақтың құйрықты ұяң жұнді қой тұқымы	34	32	30	28	1,1	0,9	0,8	0,7

Құйрықты қойларды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

### **Құйрықты қойлардың тұқымның шартты белгілері және шифры**

Тұқымның аты	Жұн түріне байланысты тұқымның классификациясы	Шартты белгілер	Тұқымның шифры
Еділбай	қылышық жұнді	E	3301
Қазақтың құйрықты қылышық жұнді қой тұқымы	қылышық жұнді	ҚҚҚ	3316
Сарыарқа құйрықты қылышық жұнді қой тұқымы	қылышық жұнді	СҚҚ	
Дегерес етті-жұнді құйрықты қой тұқымы: биязылау жұнді ұяң жұнді	биязылау жұнді ұяң жұнді	ДБ ДҰ	2110 3205

Құйрықты қойларды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## Құйрықты қойлардың селекциялық нышандары, олардың шартты белгілері және шифрлары

Шифр признака	Селекциялық нышан және оның айқындалу дәрежесі	Шартты белгісі	Нышанның айқындалу шифры
1	2	3	4
1.	Малдың типі: қалыпты еттілікке бейім жұндеңстікке бейім	Қ Е Ж	1 2 3
2.	Бітімі және сүйек мықтылығы: сүйегі нәзік, терісі жұқа сүйегі берік, терісі тығыз, қалындығы орташа сүйегі шомбал, сөлекет, терісі қалың, болбыр	НБ ББ СБ	1 2 3
3.	Сырт пішіні мен еттілік формасы	балл	5-ке дейін
4.	Жұн түсі ақ акшыл боз сұр қара өзге түстер	A АШ Б С Қа ТӨ	1 2 3 4 5 6
5.	Жұн тығыздығы: сирек қанағаттанарлық тығыз өте тығыз	T- T T+ TT	1 2 3 4
6.	Қылышқұзындығы – сызғышпен бүйірінен өлшенеді	см	0,5-ке дейін
7.	Тұбіт ұзындығы – сызғышпен бүйірінен өлшенеді	см	0,5-ке дейін
8.	Қылышқұжіңшкелігі (қылышқұжәне ұян жұнді қойларда): жіңішке орташа жуан	ЖҚ ОҚ ЖуҚ	1 2 3
9.	Жұн талшығының жіңішкелігі (біртекті жұнді қойларда):	58 56 50 48	1 2 3

	сапасы	46 және одан да жуан	4 5
10.	Құргақ және өлі талшықтардың кездесуі: көп мөлшерде орташа мөлшерде аз мөлшерде	ҚӨ+ ҚӨ ҚӨ-	1 2 3
11.	Жабағы жүн біркелкілігі – бүйір мен сандағы жүндердің класы мен сапасы арасындағы айырмашылық бойынша анықталады: біркелкілігі жеткіліксіз (айырмашылық екі сапа, не бір класқа тен) біркелкілігі жеткілікті (айырмашылық – бір сапа, бір класс) біркелкілігі жақсы (жүні өн бойы бір сапалы, бір класс)	БК– БК БК+	1 2 3
12.	Жабағының негізі бөлігіндегі жүннің класы: жоғары бірінші екінші үшінші	Ж I II III	1 2 3 4
13.	Жабағы жүннің ұйысусы: қатты ұйыскан ұйыскан ұйыспаған	Ұ+	1
14.	Құйрықтың көлемі: үлкен орташа шағын, кіші	Ұ О Ш	1 2 3
15.	Құйрықтың пішіні: тартынқы сәл түсінкі өте түсінкі	Р СТ ӨТ	1 2 3
16.	Жуылмаған жүн түсімі, көктемгі	кг	0,1-ге дейін
17.	Жуылмаған жүн түсімі, күзгі	кг	0,1-ге дейін
18.	Жуылмаган жылдық жүн түсімі (көктемгі және күзгі жүн түсімдерінің қосындысы)	кг	0,1-ге дейін
19.	Тірі салмағы: 4-5 айлығында 12 айлығында 15 айлығында 18 айлығында	кг кг кг кг	1-ге дейін 1-ге дейін 1-ге дейін 1-ге дейін
20.	Малдың класы нышандар жиынтығы бойынша анықталады: элита бірінші класс екінші класс үшінші класс брак	әл. I II III Бр.	5 4 3 2 1

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
6-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
6-қосымша

## **Қаракөл тұқымды қойларын асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қаракөл тұқымын асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2014 жылғы 9 шіледегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, қаракөл қой тұқымын бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Қаракөл қой тұқымын бонитирлеу бағалау бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

### **2. Қаракөл тұқымды қойларын бонитирлеуді (бағалауды) үйімдастыру**

3. Қозылардың сапасын бонитирлеу (бағалау) екінші-үшінші күні, ашық жерде өткізіледі, күннің шашыраңқы сәулесі қозының үстіне түскені абзал.

Бонитирлеудің (бағалаудың) екінші кезеңі 15-20 күні жүргізіледі. Қозының дамуы, қаракөлдің сақталу қасиеті бағаланады. Терінің пигментациясы мен бұралымы жаман сақталып, ақ және құрғақ жүннің пайда болуы қозыларды асыл тұқымға қалдыруға болмауына себеп, ол шығарылып тасталады.

4. Нәзік және қырық тұрпаты малдарды жекелеген отарларға бонитирлеу (бағалау) класына қарамастан жинақтайды.

5. Класын, бүйраның енін анықтап, қозылардың құлағына ен салады, әр түрлі түсті қозыларда бүйраның енінің орнына түсі, түс қанықтығы менг реңі анықталады.

6. Бонитирлеу (бағалау) өткіздтің жерде арналы столдар болады. Құрақ қозылар бонитирленеді (бағаланады). Жаңа туылған қозылардың құлағына анасының нөмірін, туылған уақытын, отардың нөмерін көрсетіп сырға тағады.

7. Бонитирлеу (бағалау) аяқталған соң асырауға қалдырған қозыларды түгендер, белгіленген тәртіппен есеп жүргізеді.

8. Қаракөл қойының туылған кезіндегі бүйрасының турі мен пішініне қарай бес елтірілік типке бөлінеді:

жакеттік (қаламгұл бұйралар мен баданалар) - қозылардың құйымшағы мен жон арқасында ұзын және орташа қаламгұл бұйралар, бүйірінде ені әртүрлі орташа және қысқа қаламгұл бұйралар немесе жон арқасы мен құйымшағында ұзын және орташа қаламгұл бұйралар, бүйірінде орташа және қысқа бұйраға өтіп, ірі бұршақ пен арзымайтын көлемде жал бұйра араласуы мүмкін.

қабырғагүл қырлы бұйралар мен жал бұйралар-қозылардың құйымшағы мен жон арқасында тығыз, серпімді, өні әр түрлі ұзын және орташа ұзындықта қырлы бұйралар және жал, бүйірінде орташа және қысқа қырлы бұйралар мен жалға ауысады, арзымайтын көлемде қаламгұл бұйралар мен ірі бұршақ қатысуына рұқсат етіледі.

жазықгүл (жазық бұйра)-қозылардың бұйрасының ені екі түрлі, арқасы мен құйымшағында ұзын және орташа ұзындықтағы жазық бұйралар, жазық жал аралас, бүйірінде орташа және қысқа жазық бұйра мен жалға өтеді.

қаракөлше (жал бұйралар)-қозылардың жүні қысқа (5мм дейін), бұйралары жал теңбіл суретті (әшекейлі) муар тәріздес, жабының (түгінің) сапасы-ренденуі үдемелі, жібектілігі мен жалтырлығы қүшті, қозының өсіп дамуы әдеттегідей.

кавказ типі (өсінкі бұйра) - қозылардың бұйрасының ені әртүрлі, жабыны едәуір өсінкі, құйымшағы мен арқасында онша тығыз емес, орташа және қысқа қаламгұл бұйралар басым келіп, қысқа қаламгұл бұйра мен ірі бұршаққа өтіп арзымайтын көлемде жал бұйра араласады.

9. Тері сапасына қарай қозылар бөлінеді:

- 1) элита;
- 2) бірінші класс;
- 3) екінші класс.

Осы Нұсқаулықтың 9 тармақшасындағы кластарға берілетін талаптарға сәйкес келмейтін малдар шығарылып тасталуға жатады.

10. Тірілей салмағы бойынша зауыттық қондылықтағы асыл-тұқымды малдарға арналған төменгі талаптар осы Нұсқаудың 1-қосымшамен беріледі.

11. Қаракөл қой шаруашылығында қозыларды бонитирлеуде (бағалауда) іріктеуді келесі көрсеткіштер арқылы жүргізеді:

- жынысы;  
түсі, түс қанықтығы және реңі: бұйраның ені түрі мен пішіні толқынның ұзындығы;  
жүннің ұзындығы қалыңдығы жібектілігі жылтырақтығы;  
суретінің түрі мен анықтығы;  
терісінің қалыңдығы, тығыздығы және молдығы;  
қозының өсіп-дамуы;  
тірілей салмағы;  
тұзлісі.

Асыл тұқымды қошқар қозылар он күннен жирма күндігінде бұйраның және жүнінің реңінің сақтиалу дәрежесімен, жүнінің жібектілігімен, жалтырақтығы мен өсіп-даму қабілеттілігімен бағаланады.

12. Қаракөл қозысы жеке және кластық бонитирлеуге (бағалауға) жатады.

13. Жеке бонитирлей (бағалау) толық және қысқартылған болады.

Толық жеке бонитирлеу (бағалау) өсірімге қадырылған асыл тұқымды қозы-қошқарларға жүргізіледі.

Қысқартылған жеке бонитирлеу (бағалау) асыл тұқымды ұрғашы қозыларға және ұрпағының сапасы бойынша тексерілген қошқарлардан туылған барлық қозыларға жүргізіледі.

14. Кластық бонитирлеу (бағалау) барлық қалған қозыларға жүргізіледі, бұл жағдайда бағаланған барлық қозылардың саны, жынысы, түсі, реңі, елтірлік типі, класы және бұйра өлшемі ескеріледі.

15. Жеке бонитирлеуде (бағалауда) қолданылатын белгілердің қысқаша атауы:

1) қозының жынысы – ұрғашы (ұр), ерек (ер).

2) түсі мен реңі – қара (қара), көк (көк), сұр (сұр), қоңыр (қон), қызылт (қызғ). Сұр түстің реңтері мен реңдері: бұқар сұры (б.сұр), реңдері – алтын (алт), күміс (күм); сұрхандария сұры (сх. сұры), реңдері – платина (пл), қорғасын (қор), янтарь (ян); қарақалпақ сұры (ққ.сұры), реңдері – болат (бол), өрікгүл (өрік), барлық сұрлардың анықталмаған реңдері (б.с.а.р); көк түстің реңтері мен реңдері, орташа көгілдір (оп. көг), орташа күміс (оп.күм), қара көк (қ.к), қара меруерт (қ.мер), ақшыл (ақш).

3) елтірлік тип – жакет (ж), кавказ (кав), қабырғагүл (қ), жазықгүл (ж).

4) бұйра өлшемі - майда (м), орташа (о), ірі (ірі).

5) бұйра пішіні - жартылай шеңберлі (ж.ш),

6) бұйра ұзындығы – ұзын (ұз), орташа (оп), қысқа (қыс).

7) бұйра тығыздығы – тығыз (тғ), орташа тығыз (оп.тғ), болбыр (бол).

8) талшықтың қалындығы – өте қалын (ө.к), қалың (қ), сирек (с).

9) талшықтың жібектілік сипаттамасы – өте жібекті (ө.ж), жібекті (ж), жібектілігі жеткіліксіз (жж).

10) талшықтың жылтырлығы – өте жылтыр (өж), жылтыр (ж), жеткіліксіз (ж), күнгірт (к).

11) алалық – құйрық ұшында (құ), құйрықтың майлы бөлігінде (қ.м.б), аяқтарында (аяқ), денесінде (ден), басында (бас).

12) өрнектілігінің анықтылығы – анық (ан), жеткіліксіз (ж), анық емес (а.е).

13) терісі – тығыз (тғ), болбыр (бол), өте жұқа (о.ж), жұқа (ж), қалыңдау (қ.у), қалын (қ), созылыңқы (соз), жұмсақ (жм).

14) жүнdestігі – жақсы (жақ), орташа (орт.), жеткіліксіз (жет).

15) конституция – берік (б), нәзік (н), қопал (қ).

16) қозының тірілей салмағы немесе дене өлшемі – ұсак (ұ), ірі (ірі), орташа (орт).

- 17) класс – элита (эл), бірінші (I), екінші (II), брак (б).
16. он бес күндік жасындағы тексеруде:
- 1) өсуі қалыпты (қал), жетілмеген (жн);
  - 2) қондылығы – жақсы (ж), орташа (орт), орташадан төмен (орт.т);
  - 3) пигменттің сақтау дәрежесі - жақсы (ж), қалыпты (қал), нашар (наш);
  - 4) ақ талшықтың болуы – жоқ (жоқ), өте аз (ө.а), көп (көп);
  - 5) бұйраның сақталуы - жақсы (ж), қанағаттанараңық (қан), нашар (наш);
  - 6) талшық сипаттамасы – өте жібекті (ө.ж), жібектілігі жеткіліксіз (ж.ж);
  - 7) жылтырлығы – өте жылтыр (ө.ж), қалыпты (қал), жеткіліксіз (жет), күнгірт (кгт);
  - 8) күрғак талшықтың болуы – құйрықтың жұмсақ бөлігінде (қ.ж.б), қарнында (қар), жоқ (жоқ);
  - 9) баллмен зауыттық бағалау – өте жақсы дамыған және бұйралары сақталған – 5, жақсы – 4, қанағаттанараңық – 3.

17. Қошқарларды ұрпағының сапасы бойынша болашақ одан әрі қолданылатын аналықтар тобында тексереді. Тексерілетін қошқарға түсі бойынша біртекті жұптауда 100 бас, ал әртекті жұптауда 150 бастан кем емес аналықтар бекітіледі.

18. Қошқарларды тексеретін барлық аналықтарды қысқа мерзімде ұрықтандырады және оларды бірдей жағдайда күтіп бағады.

19. Тексерілетін қошқарларды бонитирлеу (бағалау) үшін материал болып қозыларды жеке бонитирлеудің және шаруашылықтарда немесе қайта өңдеу кәсіпорындарында қаракөл елтірілерінің сортуа қорытындысы саналады.

20. Барлық түстегі қошқарларды бонитирлеуде (бағалауда) есепке алынады: элита және бірінші класти қозылардың пайыздық шығымы; тексерелетін қошқарлардың түсіне, реңктеріне, елтірілік типтерінежатқызылатын қозыларды шығымы; 1 сортты қаракөлдің пайыздық шығымы. Одан басқа қызғылт түсті қошқарлар бойынша өміршендігі қалыпты қозылардың пайыздық шығымы.

21. Қошқарларды тексеру нәтижелері туралы қорытындыларды әр қошқар бойынша, олардың көрсеткіштерін өзара тексеру арқылы, сондай-ақ ферма бойынша тиісті көрсеткіштерімен және шаруашылықтағы жақсартқыш-қоршқарлардың көрсеткіштерімен салыстыра жасайды.

Қаракөл қойларын асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндеі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## **Тірілей салмағы бойынша зауыттық қондылықтағы қаракөл қойларына арналған төменгі талаптар.**

Жасы	Тірілей салмағы, кг	
	қошқарлар	аналықтар

Түрлін көзде	4,0	3,5
4-5 айлығында	30	27
12-13 айлығында	35	32
18-20 айлығында	42	36
24 айдан үлкен	55	43

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 27 мамырдағы

№ 239 бұйрығына

7-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2014 жылғы 10 қазандығы

№ 3-3/517 бұйрығына

7-қосымша

## **Тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2014 жылғы 9 шіледегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді бағалау бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

### **2. Тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді бонитирлеуді (бағалауды) үйімдастыру**

3. Тұбітті ешкілерді таралымға дейін, жұнділерді қырқымға дейін, сұттілерді – жазды-күзді мерзімде.

4. Тұбітті, сұтті және жұнді ешкілерді (бұдан әрі – тұқымды ешкілер) тұқымдық ешкілер таза тұқымды және будандар болып бөлінеді.

5. Тазатұқымды ешкілер сұрыптау кезінде 3 классқа бөлінеді:

1) элита классы –конституционалды-өнімділік белгілері мен қасиеттері бойынша бірінші кластан едәуір басым, тұқым стандартына толығымен сай келетін малдар.

2) бірінші клас - конституционалды -өнімділік белгілері мен қасиеттері бойынша тұқым стандартына сай келетін малдар.

3) екінші класс - тұқым стандартының бір талабын (жұн түсімі, тіріләй салмағы, жұн ұзындығы мен жіңішкелігі) қанағаттандырмайтын, бірақ өз төлінен көбейтуге жарайтын малдар.

4) жарамсыз (брак) - көрсетілген класстардың талаптарын қанағаттандырмайтын, бірақ өндірістік отарларда төлдеу және тауарлы өнім алуға жарайтын, барлық қалған ешкілер.

6. Будан ешкілері сұрыптау кезінде келесі классқа бөлінеді:

1) элита классы – конституционалды-өнімділік белгілері мен қасиеттері бойынша бірінші кластан едәуір басым, тұқым стандартына толығымен сай келетін малдар;

2) бірінші класс - конституционалды -өнімділік белгілері мен қасиеттері бойынша тұқым стандартына сай келетін ешкілер.

3) екінші класс - тұқым стандартының бір талабын (жұн түсімі, тіріләй салмағы, жұн ұзындығы мен жіңішкелігі) қанағаттандырмайтын, біртекті жұні бар малдар.

4) үшінші класс – жұні біртекті емес малдар.

7. Бағалауда қолданылады:

1) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшамен сәйкес берілген жұнді ешкілердің негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгіленуі мен цифrlары;

2) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшамен сәйкес берілген түбітті ешкілердің негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгіленуі мен цифrlары;

3) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшамен сәйкес берілген сүтті ешкілердің негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгіленуі мен цифrlары;

8. Советтік жұнді ешкі тұқымының шартты белгісі – СЖ, шифр - 5201.

9. Екінші класстың талаптарын қанағаттандырмайтын, бірақ өндірістік отарларда төлдеу және тауарлы өнім алуға жарайтын ешкілер жарамсыз (брак) болып саналады.

10. Тұқымдық және өндірістік отарлардағы бонитирленген (бағаланған) және класстарға бөлінген барлық тұқымдардың ешкілері мен будандарының оң құлағына ен салынады.

11. Класстар төменгідей түрде көрсетіледі:

1) элита – құлақ ұшынан "жебе" тәрізді ен салынады; селекциялық топ ешкісінің екі құлағы да осылай белгіленеді;

2) бірінші класс - құлақтың төменгі шетінен бір ен салынады;

3) екінші класс - құлақтың төменгі шетінен екі ен салынады;

4) үшінші класс - құлақтың жоғарғы шетінен бір ен салынады;

5) жарамсыз (брак) – құлақ ұшы кесіліп тасталады.

12. Ешкілерді жеке бағалауда осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасымен беріледі жеке бағалау есебінің нысанын қолданады.

Түбітті, сүтті және жұнді ешкілерді асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін

## Жұнді ешкілердің негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгіленуі мен цифрлары

Белгінің шифры	Белгілердің аталуы мен градациясы	Шартты белгі немесе өлшем бірлігі	Градация шифры
1	2	3	4
11	Малдың типі: түкім стандартының талаптарына сай ешкі жұн түсімі стандартқа сай, бірақ жұн талшықтары жуандай ешкі стандартқа сай емес, жұн біртекті емес, қылышық пен түбіттің қыска талшықтары көп, жұн жабыны будандық сипаттағы ешкі	Ж Ж+ Ж-	5 4 3
21	Жұн құрамында өлі және құрғақ талшықтардың (кемп) болу деңгейі: кемп жоқ кемп 1%-дан аспайды кемп 1%-дан жоғары	K- K K+	5 4 3
31	Жұннің тығыздығы (бүйірдегі тері жігінің мөлшеріне қарай және қолмен ұстап сынау арқылы анықталады): жұн өте тығыз жұн тығыз жұннің тығыздығы қанағаттанарлық жұн сирек, стандартқа сай емес	ТТ T+ T T-	5 4 3 2
41	Жұннің ұзындығы сызығышпен жауырның артындағы бүйірде созылмаган тұлым бойынша, тұлым ұшы есептелмей, өлшенеді. Сонымен қатар, аталық және отар орнын толтыратын текелердің :	см	0,5-ке дейін
42	санында	см	0,5-ке дейін
43	арқасында	см	0,5-ке дейін
51	Жұн талшығының жіңішкелігі үлгімен салыстырып, көз мөлшерімен және аспаппен анықталады: бүйірінде	МКМ	2 -ге дейін
52	Аталық және отар орнын толтыратын текелер: санында		
53	арқасында		
	Микрометрмен берілген жұн жіңішкелігінің класс шектері	Жұн жіңішкелігі сапасын ауыстыру және олардың микрометрдегі аралық градациясының кестесі	
60	23,1-25,0	60 60-58	-24 -25
58	25,1-27,0	58 58-56	-26 -27

56	27,1-29,0	56 56-58	-28 -29
50	29,1-31,0	50 50-48	-30 -31
48	31,1-34,0	48	-32
46	34,1-37,0	46	-35
44	37,1-40,0	44	-38
40	40,1-43,0	40	-42
36	43,1-50,0	36	-46
61	Жабағы бойынша жүннің біркелкілігі, бүйір мен сандағы жүннің жінішкелігі және ұзындығының айырмашылықтарына қарап анықталады: біркелкілігі өте жақсы, жінішкелік айырмашылығы 2 мкм-ден кем біркелкілігі қалыпты, жінішкелік айырмашылығы 1-2 сапа немесе 2-4 мкм біркелкілігі төмен, айырмашылығы 2 сападан немесе 4 мкм-ден жоғары.	Б+ Б Б-	5 4 3
71	Жүннің иректілігі, көз мөлшерімен бүйірдегі жүннен анықталады иректері толқынды, ұнамды түрде, талшықтың ұзына бойында анық байқалады иректері толқынды, ұнамды түрде, бірақ айқын емес иректері нашар дамыған, сәл-сәл ғана байқалады	И+ И И-	5 4 3
81	Шайыр мөлшері: мөлшері қалыпты, 5-10 % аралығында мөлшерден артық, 10%-дан жоғары шайыры аз, 5%-дан кем, жүні құрғақ	Ш Ш+ Ш-	5 4 3
91	Жұн жылтырлығы (люстралығы) қалыпты люстралы нашар, күнгірт жоқ	Ж+ Ж Ж-	5 4 3
101	Жүннің өскелендігі – малдың арқа, бауыр, аяқ жүндерінің өсу деңгейі 5 баллдық шкала бойынша бағаланады	балл	Max 5 - ке дейін
111	Жүннің жуылмаған түсімі 1 бас малдан қырқылған барлық жүннің салмағын таразыға өлшеу арқылы анықталады	кг	0,1-ге дейін
112	Таза жұн шығымы	%	1 - ге дейін
113	Таза жұн түсімі	кг	0,1-ге дейін
121	Тірілей салмағы, малды таразыға өлшеу арқылы анықталады: туылғанда (1-2 күн)	кг	0,1-ге дейін
122			0,1-ге дейін

123	енесінен бөлгенде	кг	1 - ге
124	18 айлығында	кг	дейін
125	2,5 - жасында	кг	1 - ге
126	сака малдар (кузде)	кг	дейін
			1 - ге
			дейін

131	Класы бонитировкалау кезінде анықталады: элита бірінші класс екінші класс брак	элита I II бр	5 4 3 2
-----	--	------------------------	------------------

Тұбітті, сүтті және жұнді ешкілерді асыл  
тұқымдық  
жұндыштықтың бонитирлеу (багалау) және  
есімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

## Тұбітті ешкілердің негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгіленуі және шифрлары

Белгінің шифры	Белгілердің аталуы мен градациясы	Шартты белгілері немесе өлшем бірлігі	Градация шифры немесе өлшеудің дәлділігі
1	2	3	4
11	Малдың типі: бітім беріктігі стандартқа сай және жұніндегі тұбіттің үлесі жоғары ешкі бітім беріктігі мен жұніндегі тұбіттің үлесі стандартқа сай ешкі бітімі стандартқа сай емес, жұніндегі тұбіт үлесі төмен ешкі	T+ T T-	5 4 3
21	Жұніндегі тұбіттің үлесі малдың бүйірінде көз мөлшерімен, үлгімен салыстыру арқылы және есептеу тәсілімен жалпы жұн мен тұбіттің салмағын өлшегеннен кейін анықталады.	%	10-ға дейін
31	Тұбіттің тығыздығы (калыңдығы) тері жігінің ені бойынша көз мөлшерімен және қолмен ұстап сынау арқылы анықталады: тұбіті сирек, тұқым стандартына сай емес тұбіттің тығыздығы қанағаттанарлық тұбіті тығыз тұбіті өте тығыз	T- T T+ TT	2 3 4 5
41	Тұбіттің ұзындығы сыйғыштың көмегімен жауырынның артындағы бүйірде созылмаған тұлым бойынша өлшенеді, тұлым ұшы есептелмейді. Сонымен қатар, негізгі және отар орнын толықтыратын текелердің: санында	см	0,5 дейін
42	Тұбіттің жіңішкелігі өте жіңішке	Ж+ Ж	4 5

51	тұқымның стандартына сай жуан өте жуан	Ж- Ж--	3 2
61	Жабағы бойынша түбіт мөлшерінің біркелкілігі, оның тұтас жұндегі үлесімен анықталады: саны мен бүйіріндегі түбіт үлесінің айырмашылығы 10%-дан артық айырмашылығы 5-тен 10%-ға дейін айырмашылығы 5%-ға дейін	Б- Б Б+	3 4 5
71	Түбіттің түсі: ак ақшыл сұр қара сұр	A АШ С КС	5 4 3 2
81	Арқа, бауыр, аяқ жұндерінің өскелендік деңгейі 5 баллдық шкала бойынша бағаланады	балл	Максимум 5
91	Түбіттің таралымы: екі рет тараудан алынған түбіттің жалпы салмағын өлшеу арқылы анықталады	г	10-ға дейін
101 102 103 104 105 106	Тірілей салмағы, малдың салмағын таразымен өлшеу арқылы анықталады: туылғанда (1-2 күн) енесінен бөлгенде 18-айлығында 2,5 жаста ересек кезінде (күзде)	кг кг кг кг кг	0,1-ге дейін 0,1-ге дейін 1-ге дейін 1-ге дейін 1-ге дейін
111	Малдың класы алғашқы бонитирлеу (бағалау) кезінде анықталады (қажет болған жағдайда элита және бірінші клас көрсеткіштеріне 2,5 жасында түзету енгізіледі) элита бірінші клас екінші клас брак	элита I II бр	5 4 3 2

Түбітті, сүтті және жұнді ешкілерді асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулыққа 3-қосымша

## Сүтті ешкілердің негізгі селекциялық белгілерінің шартты белгіленуі мен цифрлары

Белгінің шифры	Белгілердің аталуы мен градациясы	Шартты белгілер немесе өлшем бірлігі	Градация шифры немесе өлшеу дәлділігі
1	2	3	4
11	Малдың типі: сүтті мал стандартына сай және сүтті типі өте айқын мал стандарттың барлық талаптарына сай	C+ C	5

	стандартқа сай, бірақ сұттілік типі айқын емес	C-	4 3
21	Түзу типі (егіз-жалқылығы): жалқы егіз үшеу	TT-1 TT-2 TT-3	1 2 3
31	Бітімі: берік нәзік сөлемек	ББ БН БС	5 4 3
41	Ірілігі: өте ірі ірі орташа ұсақ	I-5 I-4 I-3 I-2	5 4 3 2
51	Сырт пішіні -5 баллдық шкала бойынша бағаланады: өте жақсы жақсы қанағаттанарлық деңгейде төмен деңгейде	П-5 П -4 П -3 П -2	5 4 3 2
61	Желіннің дамуы: өте көлемді, кейпі дұрыс көлемді, кейпі дұрыс орташа көлемді, кейпі дөңгелек немесе алмұрт тәрізді көлемді емес, кейпі дұрыс салбыраған, бөліктері біркелкі дамымаған ,	ЖӨ++ ЖӨ + ЖӨ ЖӨ - ЖӨ --	5 4 3 2 1
71	Сұттілігі, кг: бірінші сауын маусымында екінші сауын маусымында үшінші сауын маусымында	C1 C2 C3	0,1-ге дейін 0,2-ге дейін 0,3-ке дейін
81	Сұттің майлылығы, зертханалық зерттеу арқылы анықталады, %	M	0,01-ге дейін
91 92 93 94 95 96	Тірілей салмағы, таразыға өлшеу арқылы анықталады: туылғанда (1-2 күн) енесінен бөлгендे 6 айлығында 18 айлығында 2,5 жасында	кг	0,1-ге дейін 0,1-ге дейін 1-ге дейін
101	Кластар, бағалау кезінде анықталады: элита бірінші класс екінші класс брак	элита I II бр.	5 4 3 2

Тұбітті, сүтті және жұнді ешкілерді асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулықта  
4-қосымша

## Ешкілерді жеке бонитирлеу (бағалау) есебінің нысаны

Жыныстық-жас тобы \_\_\_\_\_

Бонитирлеу (бағалау) күні \_\_\_\_\_

№	Малдың №		Жеке номері	Бонитирлеу (бғалау)										түсінік	
	о	н		тип	кемп	тығыздығы	ұзындығы	жұн	біркелкілігі	жұннің	түсінік	түсінік	жы		
	құлағында	с о л													
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	

### Кестенің жалғасы

Өнімділігі		класс	бекітілуі
жұн түсімі	тірілей салмағы, кг		
17	18	19	20

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
8-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
8-қосымша

## Шошқаларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық

### 1. Жалпы ережелер

- Шошқаларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-

бабының 4) тармақшасына сәйкес өзірленіп шошқаларды бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Шошқаларды бағалау бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

## 1. Шошқаларды бағалаудың ұйымдастыру

3. Шошқаларды бірдейлендіру жыл сайын өткізіледі. Малдардың дене бітімі, өсуі және өнімділігін бағалау туралы деректер жыл бойы жинақталады.

4. Қабандар, ана шошқалар және табынды толықтыратын торайлардың дене құрылышын бағалау шілде-қазан айларында өткізіледі.

5. Шошқаларды бірдейлендіру туралы есеп 01 қантардағы жағдай бойынша есеп беріледі.

6. Шкаланы құру кезінде барлық асыл тұқымдар өнімділік деңгейі мен бағытына байланысты үш топқа бөлінеді:

бірінші - ірі ақ, украиндық ақ дала, ұзынқұлақты ақ, латыштық ақ, литвалық ақ, сібірлік ақ, ливендік, кемеровтық, солтүстік-қазақстандық, муромдық, брейтовтық, қысқа құлақты ақ тұқымды және цивилдік, сібірлік қара-ала, белорустық қара-ала тұқымды шошқа топтары;

екінші - ландрас, эстондық, бекондық, дюрок, уржумдік, уэль шошқасы;

үшінші - миргородтық, украиндық қызыл дала, ірі қара, беркшир, семиречен, ақсайлық қара-ала шошқалар тобы.

7. Табынды толықтыратын торайлардың салмағы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес тірілей 85-110 кг жеткенде бонитирленеді (бағаланады), қабыргасындағы өлшенген май қыртысы кеуде омыртқасы алтыншы-жетінші деңгейде.

8. Қабандар мен ана шошқалардың жетілуі денесінің ұзындығы мен салмағы бойынша зауыттық семіздік жағдайында бонитирленеді (бағаланады).

Малдар 1 кг дейін азықтандырудан алдын өлшенеді.

Денесінің ұзындығы желке жалынан бастап құйрықтың түбінен дәл 1 см-ге дейін қалыпты белдікпен өлшенеді. Бастың төменгі жағын өлшегенде, мойын және кеуде бірдей деңгейде болуы керек.

9. Қабандар туған күнінде, 12 айлықта (12, 24, 36 айлық) бастап жыл сайын өлшенеді және таразыланады.

Әрбір қабан бойынша бонитирлеу (бағалау) жиынтық тізімін құру кезінде соңғы өлшенген және таразыланған деректерді өндөу қоса алынады.

10. Ана шошқалар төлдегеннен 5-10 күннен кейін өлшенеді және таразыланады.

11. Қабандар мен ана шошқалардың денесінің сырт пішіні осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес жұз балдық шкала бойынша бағаланады және зауыттық картасындағы малдардың кемшілігі мен жетістігінің негізгі сипаттамасы беріледі.

Қабандар мен ана шошқалардан алынатын:

элита класына қатысты 90 балл және одан көбірек, бірінші класқа 85-89 балл екінші класқа 80-84 балл беріледі.

12. Малдарды бонитирлеуде (бағалауда), кратерлік емшек кемінде 12 (6/6) болатын, алдыңғы аяқтары мықты кескінді, белімен немесе жауырынымен жылдам қағатын, салбыраңқы белі, тұмсығының қисықтығы, бұрыс тістеуі табында жарамсыздыққа жатпайды.

13. Қабандар мен ана шошқалардың дене тұлғасы мен сырт пішіні үш жаста соңғы рет бонитирленеді (бағаланады).

Ересек жастағыларды қайта бонитирлеу (бағалау) тек қана кластиғын көтеру барысында жүргізілуі мүмкін.

14. Ана шошқалардың өнімділігі торайлағаннан кейін төмендегі көрсеткіштер бойынша бонитирленеді (бағаланады):

- 1) көптүкімділік - туылған тірі торайлардың саны;
- 2) сүттілігі - анасының бауырындағы 21 қундік торайлардың салмағы;
- 3) анасының бауырындағы 2 айлық торайлардың салмағы;

15. Бірінші төлдейтін және екі немесе одан да көп торайлаған ана шошқалар үшін аталған көрсеткіштерге арналған кластар бірыңғай осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес шкала бойынша анықталады.

16. Бордақылауға бакылау жүргізгеннен кейін, ана шошқалардың ұрпағының өнімділігіне төмендегі көрсеткіштер бойынша қосымша баға беріледі:

- 1) 100 кг салмаққа жасымен жетуі;
- 2) 1 кг салмағына жұмсалатын шығын;
- 3) кеуденің 6-7 омыртқаларының үстіндегі май қыртысы;
- 4) денесінің ұзындығы;
- 5) жартылай денесінің үшінші артқы салмағы;

17. Ұрпағының еті мен бордақылайтын сапасын сипаттайтын көрсеткіштерге арналған кластар осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес шкала бойынша анықталады.

21. Тексерілетін ана шошқалар бірінші торайлаудың нәтижесі бойынша бағаланады: торайлауды бірдейлендіру кезінде есептелген барлық орташа көрсеткіштер бойынша ана шошқа, екі торайлаған және одан да көбірек болғандар;

Қандай да бір жағдайда торайлардың туған кездегі немесе емшектегі саны 6 және одан аз болса, онда торайлау "апатты" деп есептеледі және барлық өнімділігінің орташа көрсеткішін есептеу кезінде олардың қайта өндөлгендері қосылмайды.

Ана шошқалар, көбінесе "апатты" торайлағанда, бірдейлендірілмейді, және табында жарамсыз деп танылады.

19. Қабандармен шағылысқан ана шошқалар торайлағаннан кейін, олардың тұқымдарын 2 немесе 4 айлықтағы орташа салмағы бойынша бағалайды. Бұл

көрсеткіштегі кластар кем дегенде 5 ана шошқадан алғынған барлық торайлардың осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес орташа тірі салмағы негізінде анықталады.

20. Қабандардың өнімділігі үрпағының бақылаудағы бордақылау әдісімен бағаланады, етінің сапасы және бордақылау сапасы тәмендегі көрсеткіштер бойынша есептеледі.

- 1) жасымен 100 кг салмаққа жетуі;
- 2) 1 кг салмағына жұмсалатын шығын;
- 3) кеуденің 6-7 омыртқаларының үстіндегі май қыртысы;
- 4) денесінің ұзындығы;
- 5) жартылай денесінің үшінші артқы салмағы;

21. Үрпағының еті мен бордақылау сапасын сипаттайтын көрсеткіштерге арналған кластар осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес шкала бойынша анықталады.

22. Қабандардан болған үргашы торайлар төлдегеннен кейін, өнімділігі (соның ішінде шығарылған және жарамсыздық) кем дегенде бес үргашы торайларды есептеумен бонитирленеді (бағаланады).

23. Қабандардан болған үргашыларының өнімділігі бойынша бонитирлеу (бағалау) ауытқушылықтарды анықтау жолымен жүргізіледі, әрбір қабаннан болған үргашы шошқаның көп тұқымдылығы мен сұттілік көрсеткіштері табын бойынша алғаш төлдейтін торайлар мен екі және одан да көп төлдеген аналық шошқалардың жеке орташа көрсеткіштері бойынша белгіленеді.

24. Үргашы шошқалардың сұттілігі және көптүкімдышымен қабандардың класы осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасына сәйкес шкала бойынша анықталады.

25. Кластық бағалау және бірдейлендірудің нәтижесі бойынша қарастырылған әрбір міндетті белгілерімен, малдардың өндірістік топтары немесе ересектері үшін төрт жиынтық класс құрылады:

- элита-рекорд,
- элита,
- бірінші
- екінші.

26. Малдардың жиынтық классы әр классқа осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес жинақтық классты анықтау шкаласындағы баллдарды қосу арқылы анықталады.

27. Бонитирленген (бағаланған) белгілері бойынша әрбір класқа тиесілі балдар қорытындыланады және нәтиже қосылатын санға бөлінеді. Осындай жолмен есептелген орташа балл шкала осы Нұсқаулықтың 8-қосымшасына сәйкес бойынша жиынтық класты анықтайды.

28. Малдар үшін үрпағының бордақылаудағы бағасымен және басқа да барлық элита кластық белгілерімен элита-рекорд жиынтық класс белгіленеді.

29. Егер малдар барлық есепті белгілерімен екінші класқа бағаланса, онда жиынтық бағасы бойынша ол кластан тыс деп есептеледі.

30. Асыл тұқымды және табынды толықтыратын торайлар алты айлық жасқа дейін аталық жиынтық класына, аналық жиынтық класына, алты айлық жастан кейін және тағы денесінің ұзындығының класы бойынша барлық класқа беліленеді.

31. 85-100 кг салмаққа жеткен табынды толықтыратын қабандар мен торайларды бірінші шағылыштыру алдында сатылуға бағалағанда анықталатын негізгі жұмыстар мыналар: әкесінің жиынтық класы, анасының жиынтық класы, салмағы бойынша класы, тұлғасының ұзындығы және қыртыс майының қалындығы тірілей түрімен анықталады.

32. Ана шошқалар - салмағының, денесінің ұзындығының, май қыртысының, көп тұқымдылығының, сүттілігінің ұяшықтағы екі айлық салмағының класы бойынша анықталады.

Осы жеті белгінің барлығы жиынтық класты анықтауда міндettі болып табылады.

33. Ана шошқалардың ұрпақтарының бақылаудағы бордақылаудан кейінгі көрсеткіштері класс қосылады, осы Нұсқаулықтың 32 тармағында көрсетілген:

ұрпағының салмағы жасы бойынша 100 кг жетуі,  
1 кг салмағына жұмсалатын жемазық шығыны,  
кеуденің 6-7 омыртқаларының үстіндегі май қыртысы  
дene ұзындығы;  
артқы үштен бір бөлігі.

Мұндай жағдайда жиынтық класс он екі белгіні анықтаумен белгіленеді.

34. Қабандардың (торайлаудан кейін олармен ана шошқаларды бүркөу) - класс бойынша осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес:

салмағы,  
денесінің ұзындығы,  
май қыртысы,  
дene бітімі

ұрпағының екі немесе төрт айлықтағы салмағы бойынша класқа бөледі.

Жиынтық класты анықтау үшін санап шыққан бес белгі міндettі болып табылады және қабандарды осылай бағалаудан кейін негізгіге өткізу мүмкін.

35. Қабандардың ұрпағының бақылаудағы бордақылаудан кейінгі көрсеткіштерімен, осы Нұсқаулықтың 37 тармағында көрсетілген (2 және 4 айлық жастағы ұрпағының салмағынан басқа, онда қосылмайды.):

ұрпағының салмағы жасымен 100 кг жетуі,  
1 кг салмағына жұмсалатын жемазық шығыны,  
кеуденің 6-7 омыртқаларының үстіндегі май қыртысы,  
денесінің ұзындығы,  
артқы үшінші жарты денесінің салмағы класқа қосылады.

36. Ұрғашы шошқалардан торайлағаннан кейін, осы Нұсқаулықтың 38 тармақшасында тоғыз белгімен есептелген қабандарға, ұрғашыларының сүттілігі мен көптүкимдыштың үшін жиынтық класс есебіне қосылады.

Шошқаларды асыл тұқымдық  
құндылығының  
бонитирлеу (бағалау) және өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## Табынды толықтыратын торайлардың май қыртысын тірілей бағалау шкаласы (см)

салмағы (кг) )	тұқымның 1-ші тобы				тұқымның 2-ші тобы			
	Класстар				Класстар			
	элита	бірінші	екінші	кластан тыс	элита	бірінші	екінші	кластан тыс
85-90	3 және азырақ	3,1-3,4	3,5-3,8	3,9 және көбірек	2,7 және азырақ	2,8-3,1	3,2-3,5	3,6 және көбірек
91-95	3,1 және азырақ	3,2-3,5	3,6-3,9	4,0 және көбірек	2,8 және азырақ	2,9-3,2	3,3-3,6	3,7 және көбірек
96-100	3,2 және азырақ	3,3-3,6	3,7-4,0	4,1 және көбірек	2,9 және азырақ	3,0-3,3	3,4-3,7	3,8 және көбірек
101-105	3,3 және азырақ	3,4-3,7	3,8-4,1	4,2 және көбірек	3,0 және азырақ	3,1-3,4	3,5-3,8	3,9 көбірек
106-110	3,4 және азырақ	3,5-3,7	3,9-4,2	4,2 және көбірек	3,1 және азырақ	3,2-3,5	3,6-3,9	4,0 және көбірек

### кестенің жалғасы

тұқымның 3-ші тобы			
Класстар			
элита	бірінші	екінші	Кластан тыс
3,2 және азырақ	3,3-3,5	3,6-3,9	4,0 және көбірек
3,3 және азырақ	3,4-3,6	3,7-4,0	4,1 және көбірек
3,4 және азырақ	3,5-3,7	3,8-4,1	4,2 және көбірек
3,5 және азырақ	3,6-3,7	3,9-4,2	4,3 және көбірек
3,6 және азырақ	3,7-3,8	4,0-4,3	4,4 және көбірек

Шошқаларды асыл тұқымдық  
құндылығының  
бонитирлеу (бағалау) және өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

## Шошқалардың сырт бітімін бонитирлеу (бағалау) шкаласы (төменгі талап)

Жоғары балл

Сырт бітімінің жеке бөліктері және жалпы түрі	қабандар	Ана шошқалар
Жалпы түр, дene қурылышы, тұымдық белгі, тері, қылышық	20	20
бас, мойын	5	5
иық, шоқтық, кеуде	10	10
арқа, бел, бүйір	15	15
құйымшақ, сан	20	20
Алдыңғы аяқ	7	7
Артқы аяқ	8	8
емшек, жатыр желіні	5	15
Қабанның жыныс органы	10	(-)
Барлығы:	100	100

Шошқаларды асыл тұқымдық  
құндылығын  
бонитирлеу (бағалау) және өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## Қабандар мен ана шошқалардың ұрпақтарының бордақылау және еттілік сапасын бонитирлеу (бағалау) шкаласы

Тұқым тобы	Класс	100 кг салмаққа жету(күн)	1 ц салмаққа жұмсалатын жемазық шығыны (жем.бірл.)	6-7 кеуде омыртқасындағы май катпары (см)	Денесінің ұзындығы (см)	Жарты денесінің артқы ушінші бөлігінің салмағы (кг)
1-ші	элита	190 және азырақ	3,9 және азырақ	3,1 және азырақ	93 және көбірек	10 және көбірек
	бірінші	191-200	3,91-4,2	3,2-3,5	91-92	9-9,9
	екінші	201-210	4,21-4,4	3,6-4,0	89-90	8-8,9
	класстан тыс	211 және азырақ	4,41 және көбірек	4,1 және көбірек	88 және азырақ	7,9 және азырақ
2-ші	элита	190 және азырақ	3,8 және азырақ	2,8 және азырақ	94 және көбірек	11 және көбірек
	бірінші	191-200	3,81-4,0	2,9-3,2	92-93	10-10,9
	екінші	201-210	4,01-4,2	3,3-3,6	90-91	9-9,9
	класстан тыс	211 және көбірек	4,21 және көбірек	3,7 және көбірек	89 және азырақ	8,9 және азырақ
3-ші	элита	190 және азырақ	4 және азырақ	3,3 және азырақ	92 және көбірек	10 және көбірек
	бірінші	191-200	4,01-4,3	3,4-3,6	90-91	9-9,9
	екінші	201-210	4,31-4,5	3,7-4,0	88-89	8-8,9
	класстан тыс	211 және көбірек	4,51 және көбірек	4,1 және көбірек	87 және азырақ	7,9 және азырақ

Шошқаларды асыл тұқымдық  
құндылығын  
бонитирлеу (бағалау) және өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

## **Ұрпактарының 2 және 4 айлықтағы салмағы бойынша қабандардың барлық тұқымдарын бонитирлей (бағалау) шкаласы (төменгі талап)**

Көрсеткіштер	қабандар класы		
	элита	бірінші	екінші
2 айлықтағы бірдей үрпактарының орташа салмағы (кг)	18	16	14
4 айлықтағы бірдей үрпактарының орташа салмағы (кг)	44	40	35

Шошқаларды асыл тұқымдық  
құндылығын  
бонитирлеу (бағалау) және өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
5-косымша

## **Шошқалардың жинақтық классты анықтау шкаласы (орташа баллмен)**

Класс	орташа балл
элита-рекорд	4,0*
элита	3,6-4,0
бірінші	2,6-3,5
екінші	2,1-2,5
класстан тыс	2,1 және азырак

Ескертпе: үрпактарын бақылаудағы бордақылау әдісі бойынша міндетті бағалау.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
9-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
9-қосымша

## **Жергілікті және зауыттық жылқыларын асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Жергілікті және зауыттық жылқыларын асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының 1998 жылы 9 шілдеде шыққан "Асыл тұқымды мал шаруашылығы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, жергілікті және зауыттық тұқым жылқыларына бонитирлеу (бағалау) жүргізу деректеліп дайындалған.

2. Жергілікті және зауыттық жылқыларын бонитирлеу бағалау бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

## 1. Жергілікті жылқыларды бағалауды ұйымдастыру

3. Етті және сүтті бағыттағы жергілікті жылқыларына бонитирлеу (бағалау) қыркүйек-қазан айларында жүргізіледі.

4. Бонитирлеу (бағалау) қорытындысы бойынша 1 қазанға есеп беру дайындалады.

5. Бонитирлеу (бағалау) кезінде жылқыларға кешенді қасиеттері (тип, шығу тегі, дene өлшемдері, тірілей салмағы, экстеръері, биелердің сүттілігі, бейімделу қасиеті, үрпақтарының сапасы) бойынша бағаланады.

6. Әрбір көрсеткіш (қасиеті) 10 баллдық бағам бойынша бағаланады.

7. Бірінші бонитирлеу (бағалау) және жылқыларды асылтұқымды топтарға (табын) іріктеу барлық көрсеткіштермен, тек биенің сүттілігі мен төлінің сапасы бойынша бағалаудан басқа 2,5 жаста жүргізеді. Жаңадан ұйымдастырылған фермаларда бонитирлеу (бағалау) бір жастан жоғары жылқыларға жүргізіледі.

Екінші бонитирлеуді (бағалауды) сүттілігі мен төлінің сапасы бойынша бағалауды қоса барлық белгілері бойынша 5,5 жаста жүргізеді.

Ересек жылқыларға бонитирлеуді (бағалауды) үрпақтарының сапасы туралы деректер жинақталуына қарай жүргізеді.

8. Бонитирлей (бағалау) 6-8 жастағы жабағылар мен 1,5 жастағы тайларға жүргізілмейді, бірақ типтілігі, экстеръері, қондылығы көз жобамен жалпы балл (10 баллдық бағам бойынша) бағаланады және өлшенеді. Бұл деректер биeler мен айғырларды төлінің сапасы бойынша бағалауға, сонымен қатар, төлдерді тұқымдыққа және басқа мақсатқа іріктеу үшін пайдаланады.

50 апта жасында және оданда ересек - жұмыртқалағыштықтың бірінші 6 ай мерзіміндегі жұмыртқалағыштық және балапан шығымы, тірілей салмақ және сақталғыштық 7(6)-апталық жасында (3 кесте);

6. Ісілдақ үйректердің бастапқы желілерін және популяциялардың сұрыптауы:

Ұрғашыларды 10 аптасында, ал еркектерін 11 аптасында тірілей салмақтың көрсеткіштері және бұл мерзімдегі сақталғыштығы бойынша. 10(11) - 25 апталық жасына дейін шешелерінің балапан шығымдылығы және жұмыртқалағыштығы бойынша.

## **4. Күрке тауықтарды бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру**

### **7. Күрке тауықтарды сұрыптайды:**

50 апталық жасына дейін – 12 немесе 16-апта жасында тірілей салмағы, бұл мерзімдегі сақталғыштығы, шешелерінің жұмыртқалағыштығы және балапандар шығымы.

50-апталық және оданда ересек жасында – өзінің өнімділік көрсеткіштері бойынша: 12- немесе 16 аптасында тірілей салмағы және сақталғыштығы бойынша, бірінші жылдың бірінші мерзіміндегі балапан шығымы және жұмыртқалағыштық.

## **5. Қаздарды бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру**

### **8. Қаздарды бонитирлейді (бағалайды):**

52 апта жасында – 9(10)-апталық жасында тірілей салмағы және сақталғыштығы, бірінші жылындағы шешелерінің жұмыртқалағыштығы және балапантар шығымы.

52 апта жасында – өзінің өнімділік көрсеткіштері: 9(10) апта жасындағы тірі салмағы және сақталғыштығы, бірінші мерзімдегі жұмыртқалағыштық және балапан шығымы пайызы.

## **6. Мысыр тауығын бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру**

### **9. Мысыр тауығын бонитирлеу (бағалау)**

46-апталық жасында – 10(12) аптада тірілей салмақ және сақталғыштық, шешелерінің жұмыртқалағыштығымен балапандар шығымдылығы;

46-апта жасында және оданда ересек – өнімділіктің өздрінің көрсекіштері: 10 (12) апта жасындағы тірілеі салмағы және бұл мерзімдегі сақталғыштығы, бірінші мерзімдегі жұмыртқалағыштық және балапандар шығымы.

10. Көрсеткіштер кешені бойынша айырған сынып әр көрсеткіштер кешені бойынша жеке айырған сыныптың негізінде құрылады.

11. Шықкан тегі белгілі (әкесі және шешесі бойынша) селекциялық үйіріне элита-рекорд және элита сыныпты құс жатады. Сонымен бірге, элита сыныбына бастапқы желілердің құсы жатуы мүмкін егерде ол селекциялық үйірден алынып өнімділік көрсеткіштері бұл сыныптың талабына сай болса.

12. Асылдандыру шаруашылықтардағы арғы текті және аналық үйіріндегі құстар әке-шешелерінің өнімділігі және өсіру нәтижелері бойынша сұрыптайды, бірәқта бірінші сұрыптан жоғары емес (арғы текті үйірде) және екінші сынып сыныптан (аналық үйірде) жоғары емес.

13. Элита және бірінші сыныптардан шықкан арғы текті үйірдегі құстар, бірінші сыныпқа жатқызады. Ал екінші сыныптан шықкан құстар – екіншіге, егерде ол негізгі

және қосымша көрсеткіштері талаптарға сай болса. Құстардың арғы тексті және аналық түрлерін осы Нұсқаулықтың қосымшасына сәйкес бірінші немесе екінші сыныптардан шықса екінші сыныппен бағалайды.

14. Арғы текстік және аналық үйірлеері сыныптан тыс құстан шыққан өсімтал балапандармен толықтырылмайды.

15. Бастапқы желідеңі құстың сұрыптағандағы мәлмет асылтұқымды құжатына жазылады, ал бұнда сұрыптау мәлметерді енгізетін құжаттар бар.

16. Қосымша екі көрсеткіштен немесе негізгі және бір қосымша көрсеткіштерден құс талаптарға сай келмесе оны сыныпқа жатқызыбайды. Бұл жағдайда арғы текстік үйірінің жұмыртқаларың аналық үйірді өндіру үшін қолданбайды, ал аналық үйірдің жұмыртқасын сұрыпталмаған құстықі деп сатылады.

Құстарды бонитирлеу (бағалау)

бойынша нұсқаулыққа

1-қосымша

## **Арғы тексті және аналық үйіріндегі тауық, үйрек, күрке тауық, қаз, мыср тауығы сыныбын айыру**

Кешенді көрсеткіштер бойынша сынып	Негізгі көрсеткіш – әке-шешесі сыныбы	Қосымша көрсетіштер	
		Құс балапандарының сақталғыштығы, % ( 9-15 кестелер)	Балапандардың тірілей салмағы (9-15 кестелер)
<b>Арғы тексті үйір</b>			
бірінші	элита-рекорд, элита, бірінші класс	екі көрсеткіште бастапқы желілерің сұрыптаудың ең аз деген талаптарына сай	
екінші	бірінші класс	бір көрсеткіш бастапқы желідегі құстың сұрыптаудың ең аз деген талаптарына сай.	
екінші	екінші класс	бір көрсеткіш бастапқы желідегі құстың сұрыптаудың ең аз деген талаптарына сай.	
<b>Аналық үйір</b>			
екінші	үшінші класс	бір көрсеткішбастапқы желідегі құстың сұрыптаудың ең аз деген талаптарына сай.	
сыныптан сырт		ең аз деген сұрыптау талаптарынан төмен.	

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 27 мамырдағы

№ 239 бұйрығына

12-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2014 жылғы 10 қазандагы

№ 3-3/517 бұйрығына

12-қосымша

# **Түйекұстарды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Түйекұстарды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) 1998 жылғы 9 шіледегі Қазақстан Республикасының "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, түйекұстарды бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Түйекұстарды бағалау бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

## **2. Түйекұстарды бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру**

3. Түйекұстарды бонитирлеу (бағалау):

1) бір жасқа дейінгі балапандарды шешелерінің өнімділік көрсеткіштері (жұмыртқалағыштық, балапандардың шығымы) және 2 айлық жасына дейінгі тірі сақталыну қасиеттері бойынша;

2) өспірім балапандарды 1 жылдан 5 жасқа дейін-шешелерінің өнімділік көрсеткіштері (жұмыртқалағыштық, балапан шығымы) және өзінің өнімділігі (тірі салмағы және 2 айлық жасына дейінгі тірі сақталыну қасиеттері) бойынша;

3) ересек, 5 жастан асқан түйекұстарды – бір жұмыртка салу мерзім ішіндегі жұмыртқалағыштығы және балапандардың шығымы, балапандардың екі ай жасына дейінгі тірі сақталыну қасиеттері және олардың бір жасындағы тірі салмағы бойынша.

4. Түйекұстарды бағалау кезінде қойылатын төменгі талаптар осы Нұсқаулықтың қосымшасымен беріледі

Түйекұстарды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## **Түйекұстарды бонитирлеу (бағалау) кезінде қойылатын төменгі талаптар**

Көрсеткіштердің атаяуы	Көрсеткіштер
Мекиеннің жыл жұмыртқалағыштығы, дана	40
Жұмыртқаның ұрықтанганы, %	75
Балапан шығымы, %	60-70
Балапандардың 8-апта жасына дейінгі тірі сақталынуы, %	90
Өспірім балапандардың 12-ай жасындағы тірі салмағы, кг	90
Селекциялық ұяның саны (1 еркегі: 3-5 ұргашысы), дана	10

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
13-косымша  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
13-косымша

## **Иттердің үй-ұлттық тұқымдарын (тазы, тәбет) асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Иттердің үй-ұлттық тұқымдарын (тазы, тәбет) асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленген және иттердің үй-ұлттық тұқымдарына бонитирлеу (бағалау) жүргізуі нақтылады.

2. Иттердің үй-ұлттық тұқымдарын бағалауды бонитерлер (сыныптаушылар)/сарапшы-кинологтар жүргізеді.

3. Ұлттық тұқымды иттермен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстар жүргізуін басты мақсаты және міндеті оларды сақтау, таза тұқымды иттер санын арттыру, олардың жұмыстық және тұқымдық сапасын жоғарылату және жақсарту болып табылады.

Ит шаруашылығындағы асыл тұқымдық жұмыс ұрпақтарының сапасын, олардың өсіру аймағындағы жағдайларға жоғары бейімделуін жақсартуға, барынша жақсы пайдалануға бағытталған. Асыл тұқымдық жұмысты ұйымдастыру клубтардың, питомниктердің және басқа бөлімшелердің аражігін асыл тұқымдық жұмыс деңгейі және міндеттері бойынша ажыратады, асыл тұқымдық ресурстарды тиімді қура және пайдалана, тұқымішілік құрылымды есепке ала отырып өсірудің неғұрлым мақсатқа сай әдістерін қолдана отырып, тұқымды толығымен қамтитын селекция принциптеріне негізделген.

4. Қызметтік және аңшылық ит шаруашылығы клубтарындағы асыл тұқымдық жұмыс мақсаты қызметтік және аңшылық ит тұқымдары ішінде асыл тұқымды иттерді арттыру, экстерьері мен конституциясы, жоғары жүйке қызметі (ЖЖҚ) типі, физикалық төзімділігі және иттердің басқа да қызметтік, аңшылық және жұмыс қасиеттерін тұқымда кезігетін кемістіктер мен жетіспеушіліктерді бір мезгілде түбебейлі жоя отырып үздіксіз жетілдіру болып табылады.

5. Эрбір ит тұқымымен жасау оның тұқымшілік типтерін және басқа да өзіне тән қасиеттері мен биологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ онда неғұрлым жиі кезігетін кемшиліктерді білуге негізделеді. Эр асыл тұқымды иттің тұқымға тән жалпы сипаттарымен қатар, жеке ауытқушылықтарын және өзгешеліктерін айыра білу қажет.

6. Иттердің өсімін молайту біртекті, сол сияқты әртекті іріктеуді шығармашылық бағытта қолдана отырып таза тұқымдық (таза) өсіру әдісімен жүргізіледі.

7. Клубтар мен питомниктерде асыл тұқымды желілер жүргізуге жағдай жасайтын, асыл тұқымдық сапалары жоғары иттер саны жеткілікті болған жағдайда, желілер бойынша өсіру қолданылады.

8. Есепте тұрған барлық ересек ит:

- 1) асыл тұқымды иттер;
- 2) пайланылатын иттер болып екі санатқа бөлінеді.

9. Асыл тұқымдыларға бонитирлеу (бағалау) сыныптылығын алған иттер жатады. Қалған иттер пайдаланылатын иттер санатына жатады.

10. Асыл тұқымды иттерді өсіру жоспарлы сипатта болады және:

1) осы Нұсқаулыққа;

2) клуб немесе питомник бес жылға жасайтын әр тұқым бойынша асыл тұқымдық жұмыстың перспективалық жоспарда сәйкес ұйымдастырылады. Перспективалық жоспардың бір данасы аккредиттелген Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығына (бұдан әрі – Қауымдастық) түзету үшін ұсынылады;

3) клуб немесе питомник жыл сайын перспективалық жоспарда есепті жылға көзделген жеке міндеттерді есепке ала отырып жасайтын өсіру жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Өсіру жоспарын клуб немесе питомник (өсіру секциясы) жүргізілген селекциялық іс-шаралар нәтижелерін: көрмелер, жас иттерді шығару және сынау, асыл тұқымды ит иелерінің қалаулары және бағалауларын есепке ала отырып әзірлейді.

## **2. Асыл тұқымды иттерді іріктеу және таңдау. Өсіру жоспары**

11. Өсіру жоспарына енгізу үшін:

қызметтік иттер тұқымын – конституциясы, экстерьері, шығу тегі, қызметтік сапалары бойынша және ұрпағының сапасы бойынша (ұрпақ берген иттер үшін);

аңшылық иттер тұқымын – конституциясы, экстерьері, шығу тегі, аңшылық сапалары бойынша және ұрпағының сапасы бойынша (ұрпақ берген иттер үшін) іріктеиді.

12. Иттерді мына жастарында:

қаншықтарды бір жас алты айдан төмен емес жасында;

қызметтік-спорттық тұқымды төбеттерді екі жастан төмен емес және аңшылық тұқымды төбеттерді бір жас алты айдан төмен емес жасында ұйығуға жібереді.

Асыл тұқымды қанышықтардың ұйығуы жылына бір рет жүргізіледі. Аз күшіктеген (бес күшіктен кем) үш жастан жоғары жастағы қанышықтарды ұйығуға жылына екі рет жіберуге болады.

13. Қанышықтарға қарағанда, төбеттер ерекше қатаң іріктеледі: Төбеттердің саны және құрамы аталған жылдың өсіру жоспарына енгізілген қанышықтардың құрамына байланысты және олардан алынған ұрпақтарды есепке ала отырып жыл сайын анықталады.

14. Тұқым стандарты бойынша шеттетуге жататын кемістіктері бар, сондай-ақ он жастан асқан иттер өсіру жоспарына енгізілмейді.

15. Жұптарды таңдау екі серіктестің барлық жетістіктерін және кемшіліктерін есепке ала отырып міндettі түрде жеке жүргізіледі. Жұптарды жеке таңдау он белгілерін және қасиеттерін орнықтыруды және жетілдіруді, кемшіліктерін жоюды және ұрпағының жалпы тұқымдылығын жоғарылатуды қамтамасыз етеді.

16. Бірдей кемістіктері бар қанышықтар мен төбеттерді жұптастыруға жібермейді. Экстеръеріндегі немесе ұрпағының мінез-құлқындағы жекелеген кемістіктерді біркелкілеу үшін жұптарға кемістіктері жоқ, экстеръері дұрыс иттер таңдалап алынады.

17. Алдыңғы күшіктеу кезінде жақсы ұрпақ берген қанышықты, өсіру талаптарына сәйкес келсе және осы қанышықтарға сай болса және осы клуб саны осындай комбинация нәтижесінде алынған иттерге толы болмаса, сол төбеттермен немесе оның жақын туыстарымен жұптастыру ұсынылады.

18. Жұптарды таңдау кезінде олардың жасы ескеріледі. Толық физикалық кемеліне жеткен тұқымдық иттерді шағылыстырған неғұрлым дұрыс. Жас иттерді (асыл тұқымдық пайдаланудың бірінші жылында) шағылыстырмаған дұрыс. Екі кәрі итті шағылыстырмаған дұрыс: жастарына байланысты олардың ұрпақтары әлсіреуі мүмкін.

19. Өсіру жоспары тұсіндірме жазбадан және бекітілген нысандағы толтырылған таңдау кестесінен тұрады. Өсіру жоспарының құжаттарын мынадай тәртіппен таңдайды: Төбетке жасалған таңдау кестесіне онымен жұптастыру үшін бекітілген қанышықтарға жасалған барлық таңдау кестелері таңдалады. Осындай таңдау кестелерін жоспарда тек дублер ретінде пайдаланылатын төбеттер үшін де толтырады.

20. Тұсіндірме жазбада өсіру жоспарына қосылған ит саны және олардың конституциясы және экстеръері бойынша (көрмедегі бағалары), қызметтік немесе жұмыс сапалары (сынақтар және жарыстардағы дипломдары), шығу тегі және ұрпағының сапасы бойынша бағалары көрсетілген асыл тұқымды иттерге егжей-тегжейлі шолу сондай-ақ, жоспардың негізіне алынған міндеттер және үйгарымдарды мазмұндау қамтылады.

21. Өсіру жоспары екі данада жасалады. Жоспарды Клуб кеңесі немесе асыл тұқымды иттерді өсіретін питомниктер кеңесі Қауымдастық өкілдерінің қатысуымен

бекітеді. Жоспардың бір данасы есепті жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей Қауымдастыққа ұсынылады. Екінші данасы өсіру жұмысында басшылыққа алу үшін клубта қалады. Өсіру жоспары асыл тұқымды ит иелеріне мәлімет үшін беріледі.

22. Қауымдастық, клуб немесе питомникten алған өсіру жоспарын тексеріп, бір ай ішінде бар болған жағдайда өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын жолдайды.

23. Клуб немесе питомник (өсіру секциясы) Қауымдастықтың ұсыныстары мен ескертулеріне сәйкес дамыту жоспарына қажетті өзгерістер енгізеді.

24. Жоспарға енген төбетті ұйығу үшін пайдалануға мүмкіндік болмаған жағдайда және жаңадан келген асыл тұқымды иттер болған жағдайда, өсіру жоспарына Клубтың немесе питомниктің (өсіру секциясы) кеңесі бекіткен түзетілімдер мен қосымшалар енгізіледі. Бұл жұмыстар жоспардағы жұмыс деп есептеледі.

### **3. Ұйығуларды, алған ұялас күшіктерді тіркеу және есепке алу және күшіктерге арналған тұқым-тегі құжатын беру**

25. Өсіру жоспары негізінде клуб немесе питомник (өсіру секциясы) ұйығуға бағыттама береді. Бұл ретте қанышықты міндettі түрде ветеринар дәрігер қарап, ол жөнінде иесіне тиісті анықтама береді.

26. Қайталама (бақылаушы) ұйығуды алғашқы ұйығудан 24-48 сағат өткен соң жүргізу ұсынылады.

27. Қайталама ұйығу төбеттің жай-күйіне байланысты іске аспаған жағдайда және байлаулы қанышық ұрпақ әкелмей жатса, қанышық иесіне дәл сол төбетпен келесі жұпты тегін өту мүмкіндігі беріледі.

28. Ұйығу ақысын және есеп айырысу тәртібін Клуб немесе питомник (өсіру секциясы) кеңесі төбеттің сыныбы мен жергілікті жағдайды есепке ала отырып отырып белгілейді.

29. Жоспарланған ұйығуларды, күшіктеуді, әрбір клуб пен питомниктегі күшіктердің санын есептеу үшін тіркеу кітабы жүргізіледі.

30. Тіркеу кітабында тек қана клуб немесе питомник бағыты бойынша жүргізілген ұйығулар түгел тіркеледі.

31. Клуб немесе питомник (өсіру секциясы) кеңесі 30 күнге толмаған күшіктерге қарау, қоғамдық бақылау жүргізу үшін жаупаты адамды айқындайды.

32. Әрбір ұялас күшіктер екі реттен: туылғаннан кейінгі 3-4 және 29-30 күндері тексеріледі. Тексеруші қанышық иесіне күшікті қалай тамақтандыру керектігі мен тамақтандыратын қанышықты қалай күтіп-бағу керектігі және зерттеп-қарау процесінде туындаған басқа сұрақтар жайлы кеңес береді. Әрбір зерттеп-қарау кезінде күшіктердің салмағын өлшейді. Күшіктер отыз күнге толғанда олардың жалпы жай-күйі, салмағы, оларды күтіп-бағу сипаты және оны асыраушы қанышықтың жай-күйі негізінде баға беріледі.

33. Қаншықтардың жай-күйі нашар болса және күшіктер антисанитариялық жағдайда күтіп-бағылған жағдайда ұялас күшіктерге берілетін баға бір балға кемиді.

34. Ата-енесінің тұқым-тегі құжаттарының және ұйығуларды тіркеу кітабындағы жазбалардың негізінде әрбір жоспарлы ұялас күшіктерге жалпы карточка ашылады.

## 4. Күшіктер көрсетпелері

35. Күшіктердің көрсетпелерін, клуб немесе питомник (өсіру секциясы) қызметтік және аңшылық ит өсіру үшін жылына екі рет (күзде және көктемде) келесі мақсаттарда ұйымдастырады:

1) күшіктерді тұқымдылығы мен өсіру сапасына қарап бағалау;

2) күшіктердің иесіне оларды қалай өсіріп-бағу және тәрбиелеу бойынша ұсыныстар мен нұсқаулықтар беру;

3) ата-енесін (тәбеттер мен қаншықтар) олардың тұқымдары мен жұптасу нәтижелерін бағалау бойынша зерттеу.

36. Көрсетпе барысында күшіктерді тұқымдары бойынша бөлек қарайды. Бір тәбеттен тарайтын күшіктердің барлығы бір мезетте және ұяластар бойынша қаралады.

37. Клубтың және питомниктың өсіру секциясы көрсетпе барысында 4-10 ай аралығындағы барлық күшіктер мен олардың ата-енесін қатыстыру үшін шаралар қабылдайды.

38. Күшіктерді қарап, бағалау үшін және өсіру жоспары бойынша жұптарды іріктеу нәтижелерін анықтау үшін сарапшылар мен қоғамдық нұсқаушылар, өсіру жоспарын түзуге қатысқан және осы тұқыммен асыл тұқымдық жұмыс жүргізетін өсіру секциясының дайындалған белсенділер шақырылады.

39. Көрсетпеге қатысқан әрбір күшікке анкета толтырылады. Төрт пен алты ай аралығындағы күшіктер үшін анкетада бойы, физикалық дамуы, иттің қондылығы, тістерінің және құлақтарының жай-күйі мен рахитпен ауырмағандығы қоса белгіленеді. Алты айдан жасы жоғары иттердің экстеръеріне сипаттама беріледі. Күшіктерді таразыға тартып, салмағын өлшейді.

40. Көрсетпе барысында қаралған күшіктер тұқымдылығы және өсіру сапасы бойынша, келесідей бағаларға ие болады:

тұқымды, үлгілі өсірілген;

тұқымды, дұрыс өсірілген;

тұқымды, орташа өсірілген;

тұқымды, нашар өсірілген;

әдеттегідей, үлгілі өсірілген;

әдеттегідей, дұрыс өсірілген;

әдеттегідей, орташа өсірілген;

әдеттегідей, нашар өсірілген.

41. Тұқымға тән емес күшіктер бонитирлеуге (бағалауға) жатпайды. Тістері дұрыс өспеген күшіктер әділ бағасын алып, иесіне берілген анықтамада тістегі кінәраты міндettі түрде жазылады. Бұл күшіктерге марапат берілмейді.

42. Тұқымның белгілері анық көрініп тұрған күшіктерге "Тұқымды" деген баға беріледі (жас ерекшеліктерін ескере отырып).

43. "Әдеттегідей" деген баға экстеръері тұқымның белгілеріне сәйкес келетін күшіктерге беріледі (жас ерекшеліктерін ескере отырып).

44. "Ұлгіл өсірілген" деген баға, өз жасына сай бойы, жақсы дамыған сүйегі мен жеткілікті физикалық дамуы, қондылығы бар және экстеръері, мінез-құлқында кемістігі жоқ күшіктерге беріледі.

45. "Дұрыс өсірілген" деген баға өз жасына сай қалыпты бойы мен қатайған сүйегі, жеткілікті түрде физикалық тұрғыдан дамуы, қондылығы бар және қорқақтық белгіні білдірмейтін күшіктерге беріледі.

46. "Орташа өсірілген" деген атау келесідей кінәраттары бар күшіктерге беріледі:

бойы жеткілікті өспеген;

сүйегі жеңіл;

кеуде түркы нашар дамыған;

рахит немесе оның салдары;

омыртқа сүйегі майысқан;

аяқтары нашар дамыған.

47. "Нашар өсірілген" деген баға қарау көрмей қалжырап, физикалық тұрғыдан рахиттің ауыр түрлерімен ауыратын немесе оның ауыр салдары білінетін, ауырып, қорқақтық белгілері айқын білінетін күшіктерге беріледі.

48. Әрбір күшікті жекелеген қарау және бағалау аяқталған соң, барлық ұяластар және ата-енесі қаралып тексеріледі. Содан кейін ұяластарға және жұптардың дұрыс тандалғанына да баға беріледі.

49. "Тұқымды және ұлгіл өсірілген" деген бағаға ие болған үздік күшіктер, сондай-ақ үздік ұялас күшіктер көрсетпе барысында ата-енесімен бірге арнайы рингте көрсетіледі.

50. Көрсетпенде қарап тексеруден өткен күшіктердің иелеріне тиісті анықтамалар ( экспоненттік қағаздары бар дипломдар) беріледі.

## 5. Асыл тұқымды иттерді іріктеу және бонитирлеу (бағалау)

51. Асыл тұқымды қызметтік және аңшылық иттер бастарын іріктеу мен бонитирлеу (бағалау) асыл тұқымдық жұмыстың негізгі іс-шараларының бірі болып табылады және ол иттерді конституциясы мен экстеръері, қызметтік және жұмыс сапасы, шығу тегі мен ұрпақтары бойынша кешенді бағалаудан тұрады.

52. Бонитирлеу (бағалау) бір-бірімен өзара байланысты сынақтарға және келесі іс-шараларға негізделген:

1) көрмелерге (көрсетпелерге), сынақтарға және жарыстарға;

2) иттердің асыл тұқымдық іс-қимылдары мен олардың үрпақтарының сапасын бонитирлеу (бағалау) туралы материалдарды зерделеуге;

3) иттердің ата-тегі кестелері бойынша шығу тегін бонитирлеу (бағалау).

Бонитирлеуді (бағалауды) клубтар мен питомниктерде (өсіру секцияларында) бір жыл ішінде Қауымдастық өкілдерінің қатысуымен өсіру секциясы мүшелерінің ішінен Клуб немесе питомник кеңесі тағайындастын комиссия өткізеді.

53. Клубтарда бонитирлеу (бағалау) жүргізуге арналған негізгі құжат болып иттің есептік карточкасы табылады, онда ата-тегі карточкасы көрме, сынақтар мен жарыстардан алғынған дипломдар мен есеп берулер негізінде барлық қажетті деректер енгізіледі.

54. Бонитирлеуге (бағалауға) көрмелер мен көрсетпелерде мынадай бағалар алған иттер жатады:

"ұздік" дегеннен төмен емес баға алған төбеттер;

"өте жақсыдан" төмен баға алған қаншықтар.

Мұндай иттерге көрмeden кейін бір ай ішінде клуб немесе питомник есеп карточкасын арнайды.

55. Бонитирлеу (бағалау) бойынша сыныпқа кіруге жеткілікті ұпай жинаған иттер туралы мәліметтерді комиссия есеп карточкасынан ата-тегі карточкасының түпнұсқасына көшіреді және ол бағалау ведомосын құрады. Бағалау ведомосі бар ата-тегі карточкасы иттердің асыл тұқымдық кітабына енгізу және асыл тұқымдық аттестаттар беру үшін Қауымдастыққа жіберіледі.

56. Бонитирлеу (бағалау) кезінде ит сыныптылығын анықтауды комиссия төрт көрсеткіш бойынша жүргізеді:

1) экстеръер мен конституциясын бонитирлеу (бағалау);

2) қызметтік немесе жұмыс сапаларын бонитирлеу (бағалау);

3 шығу тегін бонитирлеу (бағалау);

4) үрпақтарын бонитирлеу (бағалау).

57. Иттердің қызметтік-спорттық тұқымдары балдарының төменгі саны осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада көрсетілген.

Конституция, экстеръер: "ұздік" – 40 балл; "өте жақсы" – 30 балл; "жақсы" – 20 балл

Шығу тегі: ата-енесінің 1-қатары – бар болса: төбет – 2 балл, қаншық – 2 балл; экстеръер: төбет – 3 балл, қаншық ит – 3 балл; "өте жақсы": төбет – 2 балл, қаншық – 3 балл; "жақсы": төбет – 1 балл; қаншық – 2 балл. Ата-енесінің 2-қатары – бар болса: 1 балл. Ата-енесінің 3-қатары – бар болса: 1/2 балл. Ата-енесінің 4-қатары – бар болса: 1/8 балл.

Ұрпақтары: жұмыс сапасы мен көрмелік баға қойылған дипломы бар әр ұрпақ үшін: "үздік": төбет – 4 балл, қанышық – 6 балл; "өте жақсы": төбет – 2 балл, қанышық – 4 балл; "жақсы": төбет – 1 балл, қанышық – 2 балл.

Жұмыс сапалары: Төбеттер: 1-дәрежелі диплом – 20 балл, 2-дәрежелі диплом – 10 балл, 3-дәрежелі диплом – 5 балл.

Қанышықтар: 1-дәрежелі диплом – 20 балл, 2-дәрежелі диплом – 15 балл, 3-дәрежелі диплом – 10 балл. "Элита" және 1 – асыл тұқымдық сыныбын беру үшін тек ашық сыныпта (ересек жас тобында) алынған көрмелік бағалар есепке алынады. Егер тұқымдық ұрпақтарының 30 пайызының "үздік" деген көрмелік бағасы бар болса, оған "Женімпаз" деген атак беріледі.

58. Иттердің аңшылық тұқымдары балдарының ең төменгі саны осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада көрсетілген.

Конституция, экстерьер: "үздік" – 40 балл; "өте жақсы" – 30 балл; "жақсы" – 20 балл

Шығу тегі: ата-енесінің 1-қатары – бар болса: төбет – 2 балл, қанышық – 2 балл; экстерьер "үздік": төбет – 3 балл, қанышық – 3 балл; "өте жақсы": төбет – 2 балл, қанышық – 3 балл; "жақсы": төбет – 1 балл; қанышық – 2 балл. Ата-енесінің 2-қатары – бар болса: 1 балл. Ата-енесінің 3-қатары – бар болса: 1/2 балл. Ата-енесінің 4-қатары – бар болса: 1/8 балл.

Ұрпақтары: жұмыс сапасы мен көрмелік баға қойылған дипломы бар әр ұрпақ үшін: "үздік": төбет – 4 балл, қанышық – 6 балл; "өте жақсы": төбет – 2 балл, қанышық – 4 балл; "жақсы": төбет – 1 балл, қанышық – 2 балл.

Жұмыс сапалары: жекелеген сынақтар – 1-дәрежелі диплом – 40 балл, 2-дәрежелі диплом – 35 балл, 3-дәрежелі диплом – 30 балл.

Жұптық сынақтар – 1-дәрежелі диплом – 20 балл, 2-дәрежелі диплом – 18 балл, 3-дәрежелі диплом – 15 балл.

## **6. Ұлттық қызметтік және аңшылық иттердің республикалық асыл тұқымдық есебі**

59. Қауымдастықта тіркеуде тұрган ұлттық қызметтік және аңшылық иттердің асыл тұқымды басын есепке алу мен тіркеуді Қауымдастық асыл тұқымдық кітап және иттердің анықтамалық картотекасы арқылы жүзеге асырады.

Есепке алу мен тіркеу конституция мен экстерьердің, жұмыс сапаларының ерекшеліктерін, шығу тегін, және иттердің ұрпақтары сапасын зерделеу және айқындау мақсатында жүргізіледі. Алынған деректер клубтар мен қызметтік және аңшылық ит шаруашылығы питомниктерінің асыл тұқымдық жұмысында пайдаланылады.

60. Иттердің асыл тұқымдық кітабы клубтар мен питомниктер (өсіру секциялары) жіберетін түпнұсқалық тұқым-тегі карточкалары мен бағалау ведомостері негізінде жүргізіледі.

61. Анықтамалық картотекаға көрмeden өткен және "жақсыдан" кем емес баға алған иттер енгізіледі. Сонымен қатар оған шығу тегі, сынақтар мен жарыстар, бағалау нәтижелері енгізіледі.

62. Иттердің асыл тұқымдық кітабы тұқымдар бойынша бөлімдерге бөлінеді. Кітапқа бағалау кезінде екінші асыл тұқымдық сыныбынан жоғары сыныптылық алған иттер енгізіледі.

63. Бонитирлеу (бағалау) кезінде баға алған барлық иттерге Қауымдастық тексеру үшін тұқым-тегі карточкасының түпнұсқасын тапсырады.

64. Асыл тұқымдық кітабына кіретін иттердің тұқым-тегі карточкасындағы жазбалар толықтай тексерілгеннен кейін барлық анықталған деректер иттердің асыл тұқымдық кітабының тиісті бөліміне көшіріледі.

65. Егер клуб немесе питомниктер жіберген иттердің деректері иттердің асыл тұқымдық кітабына кіріктірілмесе, онда клуб немесе питомникке қайтару себебі көрсетілген хабарлама жіберіліп, тұқым-тегі карточкасы қайтарылады.

66. Асыл тұқымдық кітабына жазылған әр итке нөмір беріледі. Иттерді нөмірлеу әр тұқым бойынша бөлек жүргізіледі.

67. Иттердің Республикалық тұқым-тегі картотекасының алдыңғы нөмірінен ажырату үшін иттерің асыл тұқымдық кітабында әр реттік нөмірдің алдына:

Төбеттер үшін "К" әрпі қойылады;

Қаншықтарға "С" әрпі қойылады.

68. Иттердің асыл тұқымдық кітабына жазылған иттерге атtestat tolтырылып, иесіне тапсыру үшін клуб немесе питомникке жөнелтіледі.

69. Асыл тұқымдық кітабына жазылған иттерді сату мен беру кезінде, атtestat жаңа иесіне беріледі.

70. Бір жыл ішінде табылған, олардың сыныптылығы мен ұпайының өзгеруіне әсер ететін (көрмелер мен сынақтардағы анағұрлым жоғары көрсеткіштер) жаңа деректер, сонымен қатар экстерьерлі бағалар немесе сынақтарда дипломдар алған үрпақтардың қосымша деректері Қауымдастыққа жөнелтіледі.

71. Атtestattary жоқ иттердің сыныптылығы жоғарыласа, клубтар немесе питомниктер Қауымдастыққа ата-тегі карточкасының түпнұсқаларын асыл тұқымдық атtestattармен алмастыру үшін жібереді.

72. Егер асыл тұқымды иттің иесі басқа қалаға қоныс аударса немесе итті сатса, клуб немесе питомник осы иттің есеп карточкасына тиісті белгі қойып, өзгеріс жайлы Қауымдастыққа хабарлайды. Бұл ит өлімі жағдайына да қатысты.

## 7. Иттерді белгілеу және асыл тұқымдық есебін жүргізу

73. Таңбалау мақсаты болып жануарды бірдейлендіру мүмкіндігі табылады. Әр итке жеке нөмір беріледі, ол жануардың денесіне татуировка әдісімен (клеймо) енгізіледі. Клеймо санының ішкі жағына, шапқа не иттің оң құлағына қойылады.

## **8. Жеке нөмірлерді (клеймоларды) беру тәртібі**

74. Бастапқы есепке алу мен нөмір беруді Қауымдастық басшылығы жүзеге асырады. Тіркеу берілетін нөмірлерді бастапқы есепке алу соған сәйкес жүзеге асырылатын арнайы журналда жүргізіледі. Одан кейін, итке ата-тегі карточкасын алу кезінде оның жеке нөмірі бірыңғай компьютерлік деректер банкіне енгізіледі.

75. Итті есепке қою үшін және жеке нөмір алу үшін, иттің иесі Қауымдастыққа ұялас күшіктер туралы келесі деректерді хабарлайды:

1) тұқымы;

2) иттің иесі мүшесі болып табылатын клуб немесе питомниктің толық атауы;

3) итесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), почталық мекенжайы, телефон және электрондық почтасы.

4) питомниктің атауы (зауыттық қондырмасы) – болған жағдайда;

5) иттің ата-енесінің толық деректері – болған жағдайда;

6) иттің лақап аты, жынысы, реңкі.

76. Туылмаған жағдайда жеке нөмір берілмейді.

## **9. Есептілік**

77. Таңбалау фактісі бойынша ұялас күшіктерді таңбалаған жауапты адам "Ұялас күшіктерді таңбалау картасы" нысанын толтырады, оның бір данасы зауытшыда қалады және жалпы ұяластар картасымен бірге клубқа немесе питомнике тапсырылады. Екінші данасы таңбалаушыда қалып, он күннен кешіктірілмей клуб немесе питомникке табыс етілуі тиіс.

78. Таңбалаушы жеке нөмірлерді жалпы ұяластар картасына жазады және онда ұяластарды таңбалағаны туралы белгі қояды.

79. Клуб немесе питомник төрағалары тоқсан сайын "Ұялас күшіктерді таңбалау картасының" екінші нұсқасын Қауымдастыққа тапсырып отыруы тиіс. Жалпы ұяластар картасына қосымша берілген даналарды да төрағалар барлық бағаналарды толтырып, Қауымдастыққа тапсырады.

80. Комиссия ұялас күшіктерді зерттеу актісіне барлық күшіктер таңбаланған жағдайда қол қояды.

81. Таңбалауға жергілікті кинологиялық ұйымда тіркелген адамдар жіберіледі.

82. Микрочиптеу өсірушінің арызы бойынша жүргізіледі.

## **10. Белгілеу регламенті**

83. Таңбалауды регламенттеу Қауымдастықтың өнірлік өкілдіктері арқылы жүзеге асады.

84. Жүйе, нөмірлеу түрі, дененің қай тұсын таңбалау мәселесі (құлақ, қарын немесе санының ішкі жағы), таңбалауға жауаптыларды анықтау және оларды міндепті түрде оқыту, таңбалау уақыты мен өткізу орнын нақтылау, сондай-ақ таңбалардың нөмірлерін тұқым-тегі кітабына енгізу ерекше талқыланады.

85. Микрочип қоюды маман жүзеге асырады.

## 11. Шығу тегі туралы құжатты ресімдеу және беру тәртібі

86. Клуб пен питомниктің қызметкері ұялас қүшіктерді зерттеу актісінің негізінде толтыратын және қол қоятын қүшіктің карточкасы – шығу тегі туралы бастапқы құжат болып табылады.

87. Қүшік карточкасы мынадай мәліметтерден тұрады: тұқымы, қүшіктің лақап аты, жынысы, тұсі, толық туған күні, таңбасының №, қүшік иесінің аты-жөні және мекенжайы, шығу тегі жайлы мәліметтер (атасы-енесі, шығу тегінің нөмірі мен тұсі).

88. Питомник (зауыттық қондырма) атауы онда туған барлық қүшіктердің атауына қосылады және атауының алдына қойылады, ал егер атау "из", "от", "с", "со" – шылауларынан басталса, лақап атынан кейін қойылады. Питомник атауымен ұштастырылған бірдей лақап ат тек 20 жылдан кейін қайталануы мүмкін. Лақап аттағы белгілердің ең көп саны питомник атауын және бос орындарды қоса алғанда – 40 белгі.

89. Қүшік картасы оны асыл тұқымдық мақсатта пайдалану құқығын бермейді және міндепті түрде көрмеден өткен ит он бес айдан асқан соң тұқым-тегі карточкасына ауыстыруға жатады.

90. Бірыңғай үлгідегі ата-тегі құжаты эмблемалардан тұрады және иттің шығу тегін күәландырады.

91. Ата-тегі құжатын ресімдеуді Қауымдастықтың өнірлік өкілдері мен Қауымдастықта аттесттаудан өткен аумақтық кинологиялық ұйымдар жүргізе алады.

Ата-тегі құжаты Қауымдастықта тіркеген бекітілген үлгідегі бланкілерде қүшіктің карточкасы негізінде немесе Қауымдастықтың уәкілетті сарапшысы берген тиісті сипаттама негізінде негізінде ресімделеді.

Иттердің үй-ұлттық тұқымдарын (тазы, төбет)

асыл тұқымдық құндылығын  
бонитирлеу (бағалау) және өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа

1-қосымша

## 1. Қызметтік-спортық тұқымдардың ең төменгі баллдарының саны

Сынып	Жынысы	Экстеръері	Шығу тегі	Жұмыс сапалары	Ұрпактары	Баллдар жиыны
-------	--------	------------	-----------	----------------	-----------	---------------

элита	төбет	40	20	20	20	100
	қаншық	30	20	10	20	80
бірінші асыл тұқымды	төбет	40	18	10	20	88
	қаншық	30	18	10	20	78
екінші асыл тұқымды	төбет	30	16	10	20	76
	қаншық	20	16	10	20	66

Иттердің үй-ұлттық тұқымдарын (тазы,

төбет)

асыл тұқымдық құндылығын

бонитирлеу (бағалау) және өсімін

молайту жөніндегі нұсқаулыққа

2-қосымша

## 2. Аңшылық тұқымдас иттердің ең тәменгі баллдары

Сынып	Жыныс	Экстерьері	Шығу тегі	Жұмыс сапалары	Үрпақтары	Баллдар жиыны
элита	төбет	40	20	40	20	120
	қаншық	30	20	30	20	100
бірінші асыл тұқымды	төбет	40	18	35	15	108
	қаншық	30	18	30	15	93
екінші асыл тұқымды	төбет	30	16	30	10	86
	қаншық	20	16	30	10	76

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 27 мамырдағы

№ 239 бұйрығына

14-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2014 жылғы 10 қазандағы

№ 3-3/517 бұйрығына

14-қосымша

**Маралдарды және теңбіл бұғыларды асыл тұқымдық құндылығын  
бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

### 1. Жалпы ережелер

1. Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (әрі қарай-Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес даярланған және маралдарды және теңбіл бұғыларды бонитирлеуді (бағалауды) нақтылай түседі.

2. Маралдар мен теңбіл бұғыларды бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

### 2. Маралдарды бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру

3. Ерек маралдар мен алғаш мүйізділерді панты кесу кезінде мамыр-шілде айларында бонитирленеді (бағаланады); оларды дene тұрқының беріктілігі мен дene бітімі, тірі салмағы мен жаңа кесілген пантының, кейінде консервацияланған пантының сапсымен және даяр пантының шығымымен бонитирлейді (бағалайды).

4. Ерек маралдарды бағалау жыл сайын панты кесу кезінде маусым-шілде айларында, төлдерді енесінен бөлу кезінде, қараша-желтоқсан айларында мал басын қыстауға қойған кезде 16-18 айлық жаста жүргізеді.

5. Пантылы теңбіл бұғы шаруашылығында жануарларды жыныстық-жас топтарында: төлі, қозықасы, алғаш мүйізділер, ұрғашы жас марал, ерек және ұрғашы марал деп бірегей атау тізбесі қабылданған. Жас маралдарды ерек (сайка) және ұрғашы (саюшки) деп бөледі. Жастары бойынша топтар келесідегідей болып бөлінеді: төл- тұғаннан 6 айға дейін, қозықа-6 айдан 1,5 жасқа дейін, алғаш мүйізділер мен ұрғашы жас маралдар 1,5 жастан 2,5 жасқа дейін, ерек және ұрғашы маралдар-2,5 жастан жоғарылар.

6. Ерек маралдың дene бітімі мен тұрқын жыл сайын жалпы бонитирлеу (бағалау) кезінде жүргізеді.

7. Дене бітімі мен тұрқын бес балдық шәкілмен (шакала) жүргізеді. Мұнда жануардың қажет ететін бөліктеріне ерекше назар аударылады: ерек маралдардың - жыныстық диморфизмының анық байқалуына: қуатты қеудесі, арқасы, бел бөлімінің және аяқтарының мықтылығы, ең бастысы пантысының формасы мен дамуына. Осы баптарда кемшіліктер болмаған жағдайда ерек маралдарға "5" деген баға қойылады. Кемшіліктер табылған жағдайда бағасы 1 балға төмендейді.

8. Пантысының алты ұшты жуан дінді қуатты дамыған, бөліну тереңдігі 8 сантиметрге дейін болса қалдырылады. Панты дұрыс құрысы болуы, жеткілікті жуан ұңғысы және жақсы дамыған көз үсті өсіндері мұзды орташа дамыған болуы қажет. Артық өсіндер мен шорлар болмауы керек.

9. Ерек маралдарды бонитирлеудің (бағалаудың) мәліметтері бойынша 4 класқа бөлінеді: тандамалы, бірінші, екінші және үшінші.

1) тандамалы класқа берік конституциялы және өте жақсы дene бітімді, салмағы бойынша ең жақсы, пантысының үлкендігі мен сапасы бойынша жатады. Пантысы жуан, мол дінді және көз үсті өсінді, мұзды және орташа дамыған өсіндері; артық өсіндер мен шорлар болмау керек.

2) бірінші класқа қалыпты жағдайда дамыған, берік конституциялы, жеткілікті мөлшерде және жақсы панты беретін, елеулі кемшіліктері жоқ жануарлар жатқызылады.

Пантысының жекелеген келесі кемшіліктеріне рұқсат етіледі:

көз үсті өсіндері жінішке, аздаған қисықтықтары бар;

дінің қысынқы немесе көз үсті шорлары бар, барынша көп түкті жабынды, көз үсті өсіндерінің тәмен орналасуы, қара немесе сұр түсті.

3) екінші класқа панты салмағы аз, бірінші кластың стандарттарына сәйкес келетін жануарлар жатқызылады, бірақ әлсіз конституциясымен және тұлғасында немесе панты құрылышында елеулі кемшіліктері бар: сүйектерінің жіңішкелігі, ереккөркебе тұрпатының жеткілікті айқын еместігі, көз үсті өсіндердің жеткіліксіз дамуы

4) үшінші класқа (түркына байланыссыз) пантысының салмағы аз немесе олардың кемістікті құрылышы бар: (кемістікті, 3 немесе 4 өсінінің жоқ болуы)

10. Марал класын анықтау үшін жас мөлшерінде панты салмағына ең аз талаптар осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес қолданылады.

11. Панты құрлышындағы кемшіліктер тізбесі осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес көрсетілген.

12. Пантының дамуы өлшемдер алу алу негізінде анықталады. Өлшемдер қатаң белгілі нүктelerден осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес анықталады

13. Өлшемдерді дұрыс және пропорционалды құрлышы бар тек бір пантыдан (бір жұбынан) осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес алады.

14. Конституциясы мен тұрпатының бағасын кеміту кемшіліктері осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасында конституциясы мен тұрпатында біршама кемшіліктер мен кемістіктеріне сәйкес жүргізіледі.

15. Бонитирленуі (бағалануы) бойынша "Сайканы" 4 класқа бөледі: таңдамалы, бірінші, екінші және үшінші класқа бөлінеді.

1) таңдамалы - класына сау, ерекше ірі, берік конституциялы, анық байқалатын еркектік дене бітімінің тұрпаты, жақсы жетілген алғашқы мүйізі–сүмбісі (шпилька) (ұзындығы 41 см. және одан да көп ), екі немесе дан көп өсіні бар.

2) бірінші класқа - сау, берік конституциялы жақсы жетілген бірақ өсіні жоқ, жақсы жетілген сүмбісі бар 31-40 см, жатқызады.

3) екінші класқа - аса үлкен емес, әлсіз конституциялы, сүмбісінің орташа ұзындығы (21-30 см) барларды жатқызады

4) үшінші класқа - әлсіз конституциялы ұсақ, сүмбісі жетілмеген 20 см. кем жануарларды жатқызады.

16. Сүмбінің үлкендігі мен формасын бағалау үшін ұзындығы мен қалындығынан 2 өлшем алынады. Ұзындығы сүмбіле түбінен басына дейін алынады, қалындығы түбінен 5-7 см жерден алынады.

17. Ағымдағы жылы туган қозықаларды күзде аналарынан айырғанда мал басын қысқа ұстаяға қойған кезде бағалайды. Солармен бірге енелерінен ерте ажыратылғандар, үйігүе дейін бағалау жүргізіледі.

Төл физиологиалық дамуы, конституциясының беріктігі және тірілей салмағы бойынша бағаланады.

Аналық маралдардың бонитирлеуін (бағалауын) қараша-желтоқсан айларында үйігу біткенше жүргізеді.

18. Таңдамалы класқа берік конституциясы бар және мұсіні мен дене мөлшері жақсы және тірідей салмағы 210 кг және одан да көп жануарлар жатқызылады.

19. бірінші класқа қалыпты дамыған, конституциясы берік және жақсы мұсінді, тірідей салмағы (185-209 кг), дене бітімінде кемістігі жоқ (4 кесте) жануарларды жатқызады.

20. екінші класқа тірідей салмағы барынша аз (170-184 кг), әлсіз конституциялы және дене мұсінінде кемістігі бар жануарлар жатқызылады.

21. үшінші класқа тірідей салмағы өте төмен (ISO-IBS кг), мұсініне байланыссыз аналықтар жатқызылады.

### **3. Тенбіл бұғыларды бонитирлеуді (бағалауды) үйімдастыру**

22. Тенбіл бұғылардың еркектерін және алғашқы мүйізділерін жыл сайын панты кесу кезеңінде, мамыр-шілде айларында оларды сырт бейнесі, конституциясының беріктігі, дене мұсіні, жануарлардың тірілей салмағы, пантының құрылышы, формасы және сапасы және олардың жаңа кесілген күйдегі салмағы бойынша бонитирлейді (бағалайды).

23. Жуан дінді 3 тармағы бар ірі пантысы болуына жол беріледі, екі айырылу терендігі 8 см көп болмау керек.

24. Панты дұрыс құрылышты болу керек, барынша жуан дінді және жақсы жетілген қосалқы көз үстіндегі өсіні, қоңыр немесе құм тәріздес түсті барқытты түгі, жуан діңі болуы қажет. Пантыны және оның дамын бағалау үшін осы Нұсқаудың 2 суретіне сәйкес келесі өлшемдер жүргізіледі.

25. Өлшемдер қатаң түрде анықталған өлшем нұктелері болуы керек. Оларды 1 пантыдан дұрыс және пропорциялды құрылышы бар (жұбынан) осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасынана сәйкес алу керек.

26. Ерек маралдарды бағалаудың мәліметтері бойынша 4 класқа бөлінеді: таңдамалы, бірінші, екінші және үшінші.

1) таңдамалы класқа берік конституциялы және өте жақсы дене бітімді, салмағы бойынша ең жақсы, пантысының үлкендігі, құрлысы мен сапасы бойынша жатады. Пантысы симметриялы, мол дінді және жақсы жетілген көз үсті өсіні, қоңыр немесе құм тәріздес түсті барқытты түгі, қандай болмасыз шорларсыз болу керек, артық өсіндер мен шорлар болмау керек.

Бұл класқа пантысы қара және сұр түсті ерек бұғыны жатқызады, оның салмағы таңдамалы класта белгіленгеге салмақтан 20% аз болады.

2) бірінші класқа берік конституциялы және экстерьерлі ерек маралдарды жатқызады. Жеткілікті мөлшерде және жақсы панты беретін, жақсы дамыған көз үсті өсіні бар, елеулі кемшіліктері жоқ жануарлар жатқызылады.

Пантысының келесі кемшіліктері болуына рұқсат етіледі: Симметриялы болмауы, жіңішке көз үсті өсіні, аздаған қисықтығы бар, діңі қысыңқы немесе көз үсті өсіні, шорлары бар, барынша қою түкті, барынша қою түкті жабынды, көз өсіні төмен орналасқан, қара және сұр пантылы.

3) екінші класқа пантысының салмағы бойынша бірінші кластың стандарттарына сәйкес келетін жануарлар жатқызылады, бірақ әлсіз конституциясымен және тұлғасында немесе панты құрылышында елеулі кемшіліктері бар: сүйектерінің жіңішкелігі, ерек тұрпатының жеткілікті айқын еместігі, тұлеудің кешеулеуі, көз үсті өсіндердің анық жеткіліксіз дамуы.

4) үшінші класқа (тұрқына байланыссыз) пантысының салмағы аз немесе олардың кемістікті құрылышы бар (діңінің және көз үсті өсінінің анық жетімегендігі бар).

27. Теңбіл бұғының класстығын анықтау үшін осы Нұсқаулқтың 6-қосымшасына сәйкес пантысының салмағы бойынша теңбіл бұғы класын анықтау үшін ең аз талаптар, осы Нұсқаулқтың 7-қосымшасына сәйкес марал дene бітімінің кемшіліктері, осы Нұсқаулқтың 8-қосымшасына сәйкес теңбіл бұғы пантысы құрылышының кемістіктері қолданылады.

28. Таңдамалы класына сау, ерекше ірі, берік конституциялы, анық байқалатын еркектік дene бітімінің тұрпаты, жақсы жетілген алғашқы мүйізі–сүмбісі (шпилька) (ұзындығы 31 см. артық).

29. Бірінші класқа сау, берік конституциялы ірі алғашқы мүйізділерді, жақсы жетілген бірақ өсіні жоқ 25-30 см, ұзындығы бар сүмбісі барларды жатқызады.

30. Екінші класқа аса ұлken емес, әлсіз конституциялы, сүмбісінің орташа ұзындығы барларды жатқызады (15-24 см).

31. Үшінші класқа әлсіз конституциялы ұсак, сүмбісі жетілмеген (14 см. кем) жануарларды жатқызады.

32. Дамуы, тірілей салмағы және елеулі кемшіліктері мен кемістіңктері бар үшінші кластың талаптарына сәйкес келмейтін жанаурларды жарамсыздыққа жатқызу қажет.

Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл  
тұкымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

**Ерек және алғашқы мүйізді маралдардың класын анықтау үшін  
ең аз талаптар**

класы	Сайкалар сүмбісінің ұзындығы, см	Жасы, жыл									
		2	3	4	5	6	7	8	9	10 және одан үлкен	
таңдамалы	36 және одан көп	2,5	3,5	5,0	5,8	6,7	7,6	7,6	7,0	6,7	
бірінші	26-35	2,0	2,8	4,0	4,5	5,5	6,3	6,3	5,5	4,5	
екінші	15-25	1,0	1,8	2,7	3,1	3,8	4,5	4,5	3,8	3,1	
үшінші	екінші кластан кластан төмен										

Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

## Еркек маралдар пантысының құрылышындағы кемшіліктер тізбесі


Кемшіліктер санаты	Кемшіліктер тізбесі	Класс
A	көз үсті және мұзды өсіндердің елеулі емес дамуы бір өсіннің болмауы артық өсіндер елеулі шорлар	бірінші кластан жоғары емес
B	аз шырындылық, көз үсті және мұзды өсіндердің жеткіліксіз дамуы екі көз үстілік немесе мұзды және орта өсіндердің болмауы	екінші кластан жоғары емес
V	үш немесе төрт өсіннің болмауы жыл сайын қайталанатын пантының кескінсіздігі	үшінші класс

Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## Марал пантысының міндеті өлшемдер тізбесі

Өлшемдер	Өлшем алатын жер
1. Панты діңінің ұзындығы	Діңнің артқы жағы бойынша кескен жерге дейін
2. Діңінің жуандығы	Мұзды және үшінші өсіні арасындағы дің жуандығы
3. Өсіндердің ұзындығы: көзүстінің, мұзды және орта	Өсіндердің сыртқы жағы бойынша діңнен ұшына дейінгі
4. Дің аралығының тарамдалу тереңдігі және жоғары өсіннің	Діңнің ұшы мен өсінің қосатын ашаланған доғасынан түзу желісіне дейін

Маралдар мен теңбіл бұғыларды бағалау бойынша Нұсқаулыққа 1-сурет




Марал пантысының өлшемдер сұлбасы: а) дің ұзындығы, б) дің жуандығы, в) көзүсті өсінінің ұзындығы, г) мұзды өсін ұзындығы, д) ортаңғы өсін ұзындығы, е) екі ашаның терендігі

Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

### **Марал дене бітімінің кемшіліктері (марал мұсіні мен конституциясы бойынша баға төмендететін көрсеткіштер)**

Жалпы дамуы және мұсіні	Кемшіліктер тізбесі	Класс
1. Жалпы түрі және дамуы	Жалпы толық дамымаушылық; сүйектері онтайсыз немесе ерекше дамыған-нәзік бұлышық еттері қопсынқы немесе нашар дамыған	Екінші кластан жоғары емес
2. Мұсінінің сымбаттылығы: басы, мойны	басы денесіне сәйкес емес, ауыр немесе артық жетілген мойнының қысқа немесе шамадан тыс ұзын, бұлышық еті нашар	Бірінші кластан жоғары емес
Кеудесі	Кеудесі жіңішке, терен емес, жауырындары қосарланған сияқты, қабырга сүйектері жіңішке, бір-біріне жақын орналасқан	Бірінші кластан жоғары емес
Арқасы	жотасы екіге бөлінген немесе үшкір арқасы жіңішке, қысқа, салбыраңқы немесе бұкір	Бірінші кластан жоғары емес
Дене арты	қысқа, салбыраңқы, шатыр тәріздес, үшкір артты	Екінші кластан жоғары емес
Аяқтары	алдыңы аяқтары- білезігінде жақын орналасқан немесе екі жаққа кеткен	Екінші кластан жоғары емес

Маралдар мен теңбіл бұғыларды бағалау бойынша Нұсқаулыққа 2-сурет



Марал пантисының өлшемдер сұлбасы: а) діңінің ұзындығы, б) дің жуандығы, в) көзүсті өсінің ұзындығы, г) мұзды өсін ұзындығы, д) ортаңғы өсін ұзындығы, е) екі ашаның терендігі

Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
5-қосымша

### Теңбіл бұғы пантисының міндетті өлшемдерінің тізбесі

Өлшем	Өлшем алу орны
1. Діңінің сыртқы ұзындығы	Діңінің артқы жағы бойынша кесілген жерден ұшына дейін
2. Діңінің ішкі ұзындығы	Діңінің ішкі жағы бойынша ер тәріздес ортадан ұшына дейін
3. Діңінің жуандығы	Дінді ортасынан орап алып, бірдей қашықтықта негізгі көзүсті өсікінінен діңінің ұшына дейін
4. Көзүсті өсінің ұзындығы	Сыртқы жағы бойынша өскін ұшынан дің ұшына дейін
5. Дің мен екінші өсікіннің арасындағы айрықтың терендігі (3 айрықты панты үшін) үш айрықты панты үшін	Айрылу дөгасынан дің ұшы мен өскінді қосатын сызыққа дейін

Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
6-қосымша

Пантисының салмағы бойынша теңбіл бұғы класын анықтау үшін ең аз талаптар

Шикі панты салмағы, гр.

Класы	Жасы, жыл									
	2	3	4	5	6	7	8	9	10 және одан үлкен	
Тандамалы	450	550	800	950	1150	1300	1300	1150	1000	
бірінші	400	500	600	700	800	900	900	800	700	
екінші	300	400	500	600	700	800	800	700	600	
үшінші	екінші кластан төмен									

Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
7-қосымша

## Марал дене бітімінің кемшіліктері (марал мұсіні мен конституциясы бойынша баға төмендететін көрсеткіштер)

Жалпы дамуы және мұсіні	Кемшіліктер тізбесі	Класс
1	2	3
1. Жалпы түрі және дамуы	Жалпы толық дамымаушылық: сүйектері оңтайсыз немесе ерекше дамыған-нәзік бұлышық еттері қосындықты немесе нашар дамыған	екінші кластан жоғары емес
2. Мұсінің сымбаттылығы: басы, мойны	басы денесіне сәйкес емес, ауыр немесе артық жетілген мойныны қысқа немесе шамадан тыс ұзын, бұлышық еті нашар	бірінші кластан жоғары емес
Кеудесі	Кеудесі жіңішке, терең емес, жауырындары қосарланған сияқты, қабырға сүйектері жіңішке, бір-біріне жақын орналасқан	бірінші кластан жоғары емес
Арқасы	жотасы екіге бөлінгे немесе үшкір арқасы жіңішке, қысқа, салбыраңқы немесе бұкір	бірінші кластан жоғары емес
Дене арты	қысқа, салбыраңқы, шатыр тәріздес, үшкір артты	екінші кластан жоғары емес
Аяқтары	алдыңы аяқтары- білезігінде жақын орналасқан немесе екі жаққа кеткен	екінші кластан жоғары емес

Маралдар мен теңбіл бұғыларды асыл  
тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
8-қосымша

## Теңбіл бұғы пантысы құрылышының кемістіктері

Санаты	Кемістіктерінің тізбесі	Класы
A	Пантысының симметриялы еместігі, көзүсті өсіндісінің майысуы, біршама шорлар, кою (изюбиорлі) түкті жабын, көзүсті өсіннінің төмен орналасуы	бірінші кластан жоғары емес

B	Көзүсті өсінінің анық толық жетілмегендігі, көзүсті өсінінің ұсқынсыз өсуі	екінші кластан жоғары емес
V	Діні мен көзүсті өсінінің анық толық жетілмегендігі, көзүсті өсінінің жоқтығы, пантисының жыл сайын қайталанатын кемістігі	үшінші класс

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 27 мамырдағы

№ 239 бұйрығына

15-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрінің

2014 жылғы 10 қазандығы

№ 3-3/517 бұйрығына

15-қосымша

## **Араларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Араларды асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (әрі қарай - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңының 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес даярланған.

2. Араларды бағалау бонитермен (сыныптаушымен) жүргізіледі.

### **2. Бонитирлеуді (бағалауды) үйымдастыру**

3. Тұқымдық ара ұяларын бонитирлеу (бағалау) жыл сайын негізгі күзгі тексеру кезеңінде (қыркүйек, қазан айлары) жүргізіледі, бұл кезде ағымдағы жылдың бал жиынына қатысқан сау және қыстан аман шыққан ара ұялары зерттеледі. Тұқым бойынша негізгі болып табылатын ара ұяларын құрастыратын жылы омартадағы барлық ара ұяларын бонитирлеу (бағалау) іске асырылады.

4. Бонитирлеу (бағалау) науқанын өткізу үшін сыртқы ауа температурасы 15° С кем болмауы қажет.

Бонитирлеу (бағалау) барысында ара ұяларының тұқымдылығы (экстеръер және биологиялық белгілер бойынша) және ара ұяларының санатын анықтайтын үш негізгі көрсеткіш бағаланады. Ара ұяларын бағалау өлшеуіштеріне тұқым тазалығы, өнімділік, ара ұяларының күш-қуаты, қыс мезгіліне төзімділігі жатады.

5. Аталығы мен аналығы бірдей түрден тараған ара ұялары таза тұқымды болып есептеледі, олардың тұқым тазалығы осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес зоотехникалық құжаттармен (тұқымдық куәліктер, тұқымдық карточкалар) және анықталған түр белгілерімен расталады.

6. Белгілі бір ұядағы аралардың экстеръерлік және мінез құлықтық белгілері үпайларда көрінетін өздеріне тән бағамен бонитирленеді (бағаланады) (қанағатанарлық -3, жақсы-4, ете жақсы-5) және бағалау нәтижесінін мәліметі жазылады.

Экстеръерді бонитирлеу (бағалау) үшін әрбір ара ұясынан ара сынамаларын алады (20-30 дана), араларды өлшеу 5-қосымша сипатталған әдістеме бойынша жүргізіледі.

7. Бонитирлеу (бағалау) жүргізу үшін ара ұясынан сынама алу тәртібі

1) аралардың тұқымдық сәйкестігіне зертханалық зерттеулер жүргізу үшін тірі араларды ұя ортасынан дернәсілді кәріз рамасының орталығынан бекітілген шыны банкаға елуден алпысқа дейін ара алады;

2) одан кейін оларға ыстық су құяды және 2-3 секундтан кейін оларды марлі салфеткаға (10 x 15 см) төгеді;

3) жай қарындашпен омартаны, жанұя нөмірін, сынама алған күнді көрсете отырып жапсырмасына қол қояды

4) арасы бар марліні жапсырмамен байлап 70% спиртке салады

5) банканы қақпақпен жабады;

6) спиртелген аралар бірнеше 2-3 ай сақталады.

8. Препараттар даярлау және қанатына, тұмсығына, тергитке өлшемдер жүргізу.

1) ара денесінен пинцетпен оң жақ қанатын бөледі және оны зат шынысындағы глицерин тамшысына салады. Солайша 15-20 қанатты салады және оны жабын шынысымен осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасындағы 1-суретіне сәйкес жабады.

2) тұмсығын ауыз бөлігінен бөліп алады, ол үшін ара басын кеудесінен бөледі және заттық шыныға с шүйдесімен жоғары келтіріп салады. Препараторлық инемен шүйде саңылауына басады және негізгі ауыз аппаратының басқа беку орнын табады. Пинцетпен заттық шыныдағы глицерин тамшысына салады, барлық бөліктерін инемен жөндейді және жабын шынысымен жабады. Тұмсығын оның ұшы мен көтеріңкі жеріне дейін осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасындағы 2-суретіне сәйкес өлшейді.

3) тергиттерді бөлшектеп алу үшін ара бауырын оның кеудесінен бөліп алады да оны зат шынысындағы глицерин тамшысына арқа жағын жоғары қаратып салады. Бір-бірінен арқа тергиттерін алдынан бастап 7-ші және соңына дейін бөледі. Заттық шыныдағы 3-ші регитті инемен және пинцетпен түзеп жабын шынысымен осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасындағы 3-суретіне сәйкес жабады.

4) Қанаттың "а" және "б" кубитальдық ұяшықтарының жолақ жандарын өлшеп оның өлшеу нәтижелерінен қысқа жақтың өлшемдерін үлкеніне бөледі, солайша кубитальдық индексті пайызбен осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасындағы 4-суретіне сәйкес есептейді.

9. Өлшеу МБС-1, МБС-2, МБС-9 домалақ шыны пластинка салынған окуляры бар бинокулярлық микроскоптарының көмегімен және жүргізіледі. Онда 100 бөлігі бар

шәкіл істелген. Препаратты микроскоптың заттық столына оуляр-микрометр астына қояды. Солайша нүктелер арасындағы қашықтықты оуляр-микрметр жабатынын анықтайды.

10. Ара ұяларының өнімділігін бонитирлеу (бағалау) тұқымдық немесе тауарлы бал өндіруші омартадағы ара ұяларының санатын анықтауға мүмкіндік беретін белгілер бес ұпайлық шәкіл (шкала) бойынша анықталады. Басты көрсеткіш ретінде негізгі ара ұясының жалпы өнімділігі (азықтық + тауарлық бал) алынады. Рамкалардағы бал таразыда өлшенеді, бұл кезде бос рамкалардың салмағы шегеріледі (0,5 кг). Ішінде бал орналасқан 435x300 мм өлшемді рамканың 3,5-4 кг балы болады, ал 235x230 мм өлшемді рамканың ішінде 3 кг бал орналасады.

11. Бағалар шкаласында бал өнімділігі көрсеткіштері және ұпайлардағы бағаларға сәйкес келетін басқа да белгілердің көрсеткіштері көрініс осы Нұсқаулықтың З-қосымшасына сәйкес табады.

Бал өнімділігі ара ұясын бағалау өткізілген жылды омартаның орташа бал өнімділігіне шаққандағы %-бен көрсетіледі.

12. Ара ұяларының күш-қуатын бонитирлеу (бағалау), екі жағынан аралар орналастырылған рамкалардың саны бойынша негізгі бал жиынының алдында жүзеге асырылады.

13. Ара аналықтарының жұмыртқалағыштығын негізгі бал жиынының алдында анықтайды, ол үшін 5x5 см ұяшықтары бар (бір шаршыда 100 ұяшық) торлы рамка қолданылады. Бір өлшемге есептегендегі ара ұясындағы дернәсілдер орналасқан аудандардың қосындысын 100-ге көбейтіп, 12-ге бөлу арқылы ара аналықтарының бір тәуліктері жұмыртқалағыштығын анықтауға болады.

14. Ара ұяларының қыс мезгіліне тәзімділігін күзгі және көктемгі тексерудің нәтижелері бойынша бағалайды. Күзгі және көктемгі тексерудің мәліметтерінде көрінген ара ұялары күш-қуатының айырмасы арқылы аралардың қыскы шығынын анықтайды, ол ара ұяларының күзгі күш-қуатына қатынасы арқылы пайыз бойынша келесі формуламен есептеледі:

$$III = \frac{K_{\text{күз.}} - K_{\text{кеқ.}}}{K_{\text{күз.}}} \cdot 100\%$$

мұндағы III - аралардың қыскы шығыны, %;

$K_{\text{күз.}}$

- ара жанұясының ұядағы күзгі күш-қуаты

$K_{\text{кеқ.}}$

- ара жанұясының ұядағы көктемгі күш-қуаты

15. Бір ара ұясына есептелген қыстық азық қорының шығынын күзгі және көктемгі тексеру кезіндегі азық қорының айырмасын күзгі және көктемгі тексеру сәтіндегі ара ұясы құш-қуатының арифметикалық ортасына қатынасы арқылы анықтайды:

$$III = \frac{A_{Kyz} - A_{Kek}}{K_{orta}},$$

мұндағы III - қыстық азық қорының шығыны, кг/ұяда;

$K_{Kyz}$

- ара ұясының күзгі азық қоры, кг;

$K_{Kek}$

- ара ұясының көктемгі азық қоры, кг;

$K_{orta}$

- күзгі және көктемгі тексеру сәтіндегі ара ұясының орташа құш-қуаты, ұя.

16. Ұяшық пен ұяның қоқысқа толу дәрежесін көктемгі тексеру кезінде көзбен шолу арқылы бағалайды. Қыс мезгіліне төзімділік бойынша қорытынды баға осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес алынған жинақтаушы ұпай ретінде алынады.

17. Бал өнімділігі, ара ұясының құш-қуаты мен қыс мезгіліне төзімділігі сияқты өлшеуіштерді негізге ала отырып, ара ұясының класы анықталады. Мұндағы басымдыққа ие болып табылатын белгі – бал өнімділігі.

- 1) бірінші класс – ұш белгі бойынша бес ұпайға ие болған ара ұялары;
- 2) екінші класс – бал өнімділігі бойынша бес ұпайға ие болған ара ұялары;
- 3) үшінші класс – қалғандарының барлығы.
- 4) төртінші класқа – бал өнімділігі бойынша бес ұпайлыш бағаға ие болған ара ұялары;
- 5) бесінші класқа – төрт ұпайды иеленген ара ұялары;
- 6) алтыншы класқа – қалған ара ұяларының барлығы жатқызылады.

Бір ұпайлыш бағаға ие болған ара ұялары сегізінші класқа жатқызылады.

18. Ара ұяларының сипаттамасы осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес беріледі.

19. Генотип ұрпақтарға ата-ананың өнімді қасиеттерін тұрақты түрде беруді қамтамасыз етеді. Өнімді қасиеттерді ұрпақтарға тұрақты түрде беруге ата-ананың тегі әсер ететіндіктен, таза тұқымды ара ұяларына - 5 ұпай, шартты таза тұқымды ара ұяларына - 4 ұпай, аралас ара ұяларына – 2 ұпай есептейді.

20. Егер аналық аралары жоғары санатты аталық аралардан (тандалмалы – 3 ұпай, 1-нші класс – 2 ұпай, 2-нші класс - 1 ұпай) тарағаны құжатпен дәлелденетін болса, онда бағаланатын ара ұяларына 1-ден 3-ке дейін қосымша ұпайлар қосылады.

Аталған ара ұяларының жоғары өнімді туыстас ара ұялары бар болса, онда қосымша 2 ұпай қосылады.

Егер бағаланатын ара ұяларының класы бойынша ұрпақтарының бар екендігі анықталса, онда таңдамалық сипаты үшін қосымша 5 ұпай, 1-нші класс үшін 3 ұпай, 2-нші класс үшін 2 ұпай, 3-нші класс үшін 1 ұпай қосылады. Барлық төрт көрсеткіш жинақталып (15-тен жоғары емес), жиынтық ұпай бағалау нәтижелерінің мәлімет тізімі нәтижелердің 14-ші бағанныңына енгізіледі. (2-қосымша).

21. Бірінші класқа кірген әрі аналығы мен атальғы белгілі ара ұяларын таңдамалыға жатқызады.

Ара аналықтарының шығу тегін омартаңық есеп журналының жазбалары бойынша анықтайды, ара атальқтарының шығу тегі оқшауланған үшү жағдайында бақыланатын ұрықтану кезінде немесе алдын ала белгілі атальқтардың ұрықтарымен ара аналығын инструменталдық ұрықтандыру кезінде тіркеледі.

22. Элита класына аналығы мен атальғының шығу тегі белгілі және 80 ұпай және одан жоғары бағаланған таза тұқымды ара ұялары жатқызылады.

23. Бірінші класқа шартты таза тұқымды ара ұялары (атальқтары нақты белгілі емес) жатқызылады және олар 80 ұпайдан кем емес бағага ие болуы тиіс.

24. Екінші класқа 70 ұпайдан кем емес бағаланған барлық шартты таза тұқымды және таза тұқымды ара ұялары жатқызылады.

25. Үшінші санатқа ең аз ұпайға ие болған шартты таза тұқымды ара ұялары жатқызылады. Арасынан ара ұялары, олар жоғары өнімді болып табылса да, "кластан тыс" санаттарына жатқызылады. Бұл ара ұялары тәрбиешілер ретінде пайдаланылуы мүмкін.

26. Бонитирлеуден (бағалаудан) өтпейтіндер:

ағымдағы жылғы аналықтары бар ара ұялары, соның ішінде ағымдағы жылғы ара пакеттері және сырттан алынған ара ұялары;

улану немесе аурудың салдарынан маусым бойында әлсізденіп қалған ара ұялары;

маусым бойы үйірлімге ұшыраған ара ұялары мен олардың үйірлімдері;

шығу тегі мен жасы белгісіз аналықтары бар ара ұялары;

қыс мезгілінде шығынға ұшыраған аналықтары көктемде алмастырылған ара ұялары;

маусым бойы басқа ара ұяларының дернәсілдерімен немесе араларымен қүшейтілген ара ұялары;

27. Арапардың қолда бар түрінің таза тұқымды ара ұялары ғана бағалануға жатады.

28. Бағалаудың сегізінші тобына жатқызылған және тұқымдық омарта маманының талаптарын қанағаттандырмадан ара ұялары (аса ызалылық, үйірлімділік, ауруларға нашар төтеп берушілік және т.б.) жарамсыздыққа шығарылады.

Арапарды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және



өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
1-қосымша

## Аудандастырылатын ара түрлерінің биологиялық белгілері мен экстеръерлері

Ара түрі	Ара денесінің түсі	Ара тұмсығының ұзындығы, мм	Дискоидальды жылжуы, %			Кубитальді индекс, %	Бал массасы , кг	Бал алымы	Мінез-құлқы	
			+	-	0				Ұяны ашу кезінде	Ұяшық ты қарау кезінде
Орта орыстық	Қою сұр	6,0-6,4	4 және одан кем	7 4 және одан артық	2 5 және одан кем	60-65	110	Ақ, аралас	Қалыпты агрессивті	Ұяшықтан ұшып шығады
Карпаттық	Сұр	6,3-7,0	9 0 және одан артық	-	1 0 және одан кем	45-60	105	Ақ, аралас	Бейбіт	Ұяшықта қалады
Краиндық	Сұр	6,4-6,8	9 0 және одан артық	-	1 0 және одан кем	45-60	105	Ақ	Бейбіт	Ұяшықта қалады

Араларды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
2-қосымша

1-сурет




В А

Алдыңғы оң жақ қанат. Дискоидальді ығысуды өлшеу:

А – теріс дискоидальді ығысу;


В – оң дискоидальді ығысу;

2-сурет




Тұмсықтың ұзындығы

3-сурет



Үшінші тергиттің ені

4-сурет



Кубитальді ұяшықтың өлшемдері.

Араларды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және

өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
3-қосымша

## **Ара үяларының бағаланатын белгілеріне қойылатын талаптар**

Бағалау, ұпайлар	Б а л өнімділігі, %	Бал жиыны алдындағы ара ұяшықтарының саны		Аралардың қыскы шығыны, күздегі ара үяларының санына %-бен
		435x300 рамкасына	435x230 рамкасына	
5	200	24-тен кем емес	30-дан кем емес	10-нан кем
4	150	20	25	15-ке дейін
3	120	18	22	25-ке дейін
2	100	16	18	30-ға дейін
1	2-5 ұпайлардың талаптарын қанағаттандырмайтындар			

Ескертпе: Орташа бал өнімділігі 50 кг және одан жоғары болған жағдайда, 5 ұпаймен орташа бал өнімділігінен 150%-ға және одан жоғары көрсеткішке ие болған ара үялары бағаланады, ал 4 ұпаймен 120%-ға және одан жоғары көрсеткішке ие болған ара үялары бағаланады. Бұл жағдайда 200% және одан жоғары көрсеткішті көрсеткен ара үялары 6,7,8 ұпайлармен бағаланады, бұл ұпайлар ара үяларының тобын анықтау кезінде 5 ұпайға теңестіріледі.

Ара үяларын ауыл шаруашылық өсімдіктерін тозандандыру үшін пайдаланатын шаруашылықтарда 5 ұпаймен бал жиынының алдында 435x300 мм рамкаға саны 15-тен кем емес ұяшықтарда және 435x230 мм рамкаға саны 20-ден кем емес ұяшықтарда орналасқан ара үялары бағаланады, ал 4 ұпаймен сәйкесінше 11 және 15, 3-9 ұпаймен, 12 ұяшық, 2-7 ұпаймен 9 ұяшықтарда орналасқан ара үялары бағаланады.

Араларды асыл тұқымдық  
құндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулыққа  
4-қосымша

## **Ара үяларының қыс мезгіліне төзімділігіне қойылатын талаптар**

Қысқы шығын , %	Қыстап шыққан аралар ұясына кеткен азық шығыны, кг	Ұяшықтың қоқысқа толу дәрежесі	Ұпайлармен бағалау
10 және одан кем	1-ге жуық	Жоқ	18-20
15-ке дейін	1,3	Әлсіз	16-17
25-ке дейін	1,5	Орташа	11-15
30-ға дейін	1,8	Жоғары	6-10
30-дан артық	1,8-ден артық	Өте үлкен	5 және одан кем

Араларды асыл тұқымдық  
күндылығын бонитирлеу (бағалау) және  
өсімін  
молайту жөніндегі нұсқаулықка  
5-қосымша

## **Ара ұялары санатының сипаттамасы**

Бал өнімділігі	Аралары бар ұяшықтар саны	Аралардың қысқы шығыны	Санат
5	5	5	1
5	4-5	4-5	2
4	4-5	4-5	3
5	3	3	4
4	3	3	5
2-3	2-3	2	6
2	2	2	7
1	1-2	1-2	8 (жарамыз)

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
16-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандағы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
16-қосымша

## **Торда өсірілетін терісі бағалы андарды асыл тұқымдық күндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық 1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Торда өсірілетін терісі бағалы андарды асыл тұқымдық күндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және торда өсірілетін терісі бағалы андарды бонитирлеуді (бағалауды) нақтылауды, сондай-ақ торда өсірілетін күзендерді, ақтүлкілерді, тұлқілерді, бұлғындарды, сасық күзендерді, жанат тәрізді иттерді және саз құндыздарын бонитирлеу (бағалау) кезіндегі зоотехниялық талаптарды белгілейді.

2. Торда өсірілетін терісі бағалы андарды бонитирлеуді (бағалауды) бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.

## **2-тарау. Торда өсірілетін терісі бағалы аңдарды бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру**

3. Аңдарды бонитирлеу (бағалау) – олардың тұқымдылығына, түсінің реңкіне, мөлшері мен дене бітіміне, жалпы түсіне және жұн жамылғысының сапасына, сондай-ақ кейбір қосымша белгілеріне жеке баға беру. Бұл бағалар бойынша одан әрі асыл тұқымдық жұмыс, асыл тұқымды аңдарды жарамсыз деп белгілеу және іріктеу, жұптарды таңдау жүргізіледі. Қосымша белгілер тұқымға қалдырылатын аңдарда бағаланады.

4. Бонитирлеуге (бағалауға) асыл тұқымды ядроның бүкіл алдын ала іріктелген төлі және табынның репродуктивті бөлігі, сондай-ақ төл сапасы бойынша тексеруге жататын аталық пен аналықтардан алынған төл жатады.

5. Фермада өсірілетін бүкіл аңдар түрлерін бонитирлеу (бағалау) олардың толығымен түбіттенуі кезеңінде: вуальды ақ тұлқіні қазан айында; күзен, тұлқі, құміс түсті ақ тұлқілерді қазан айының сонында және қарашада; саз құндызды қараша, желтоқсан айларында 7-10 айлық жасында жүргізіледі.

6. Аңдарды тек құрғақ жұн жамылғысымен жеткілікті шашыраңқы күн жарығында (күн жарығы тік түспеуі қажет) немесе құндізгі жарық беретін шам жарығында бағалайды. Асыл тұқымды фермаларда бүкіл аңдар төлі, тауарлы фермаларда асыл тұқымды ядроның бүкіл төлін және күшіктері тұқымға алынған қолданыс табынның ұялас төлдері бағаланады. Сырттан келген аңдарды міндettі түрде бағалайды. Күзен, тұлқі, ақ тұлқі және саз құндыздар өмірінің бірінші жылы бағаланады, бұлғындар – бірінші және екінші жылында.

7. Бонитирлеу (бағалау) кезінде аңдарды қолға алады. Сасық күзен мен күзендерді едені көтерілетін жылжымалы клеткаларда бонитирлеуге (бағалауға) болады.

8. Аңдар түрі, тұқымы, типі бойынша жеке-жеке бонитирлейді (бағалайды). Аңның сыныптылығын білдіретін үш негізгі белгісін (жануардың көлемі мен дене бітімі, тұқ жамылғысының сапасы мен оның түсі), сондай-ақ бұл түрге (тұқымға, типке) қабылданған қосымша белгілер бағаланады. Белгілерге визуальды баға бергенде үлгі аңдар қолданылады тұқымдылығы, түсінің қарқындылығы (тұлқіде – күмістүстілік пайзы).

9. Бонитирлеу (бағалау) басталғанға дейін зоотехникалық есеп деректері бойынша аңның қандай да бір тұқымға (типке) жататының, таңбалық нөмірлер бар-жоғын және дұрыстылығын нақтылаған жөн. Жаупаты бонитер (сыныптаушы): көрнекі бонитирлеуге (бағалауға), барлық бонитирлерді (сыныптаушыларды) нұсқаудан өткізуғе, үлгі ретінде пайдаланылатын аңдарды іріктеуге, аңдарды бонитирлер (сыныптаушылар) арасында бөлуге міндettі.

## **3-тарау. Белгілерді бонитирлеу (бағалау)**

10. Тұқымдылықты бонитирлеу (бағалау). Негізгі тұсін анықтамайтын доминантты гендері себепші болған белгілерімен түрлі түсті күзендер, түлкілер, ақ түлкілер және саз құндыздары генотипі бойынша негізгі түсті анықтайтын тиесілі тұқымға (типке) жатады. Негізгі тұсінің өзгеруін айқындайтын доминантты мутациялы андар дербес типтер ретінде қарастырылады.

11. Тұс қарқындылығын бонитирлеу (бағалау). Тұс реңктілігі - қара, орташа немесе ақшыл - күзендерде (қарасы мен ағынан басқалары), сасық күзен, ақ түлкіде ("тень" қара түлкілерінен басқасы), жанат тәрізді иттерде, саз құндызында (қарасы мен ағынан басқалары), платина түсті және қызыл түлкілерде, күміс түсті-қара түлкілерде күмістүстілік пайызы айқындалады. Тұс реңктілігі (қарқындылығы) селекцияланатын типтерді шаруашылық мамандары айқындейды.

12. Аң сыныбын анықтайтын белгілерді бонитирлеу (бағалау). Барлық белгілері (дene өлшемінен басқасы) бес балдық шкаlamен бағаланады. Дене өлшемдерін он балдық шкаlamен бағалайды.

13. Өлшемі мен дene бітімін бонитирлеу (бағалау). Асылтұқымды фермаларда аң өлшемін дene ұзындығын өлшеу жолымен (саз құндызды – тірі салмағымен) анықтайды. Тауарлы фермаларда дene өлшемін визуальді түрде анықтайды. Тұқымға қалдырылған төлде дene ұзындығы өлшенеді. Визуальды дұрыс баға беруді менгеріп алу үшін бонитирлеудің (бағалаудың) бірінші кезеңінде бірнеше қалыпты қонды жануарларды өлшеп алған жөн. Бағаның қандай да бір балға сай келетін көрсеткіштері келесі кестелерде келтірілген: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27.

Андар сыныптылығын анықтау кезінде 6 және одан жоғары балға ие болған аң өлшемі мен дene бітімі 5 балға теңестіріледі.

Андарды азықтандыру алдында өлшейді, дene ұзындығын тұмсық шеті мен құйрық түбіне дейін дene бүгілістеріне сай келтіріп рулеткамен өлшейді.

14. Тұк жамылғысы сапасын бонитирлеу (бағалау). Тұбіттену сапасы барлық андарда арқасы, бүйірі және құрсағы арқылы бағаланады. Ол тұк жамылғысының қалындық, серпінділік, ұзындылық және жібектілік көрсеткіштерінің жиынтығымен, дeneнің әр участеклеріндегі бұл көрсеткіштердің ара қатынасымен, сондай-ақ тұк жамылғы кемшіліктерімен сипатталады.

Андардың барлық түрлерінде тұк жамылғысының құрылышы бойынша селекцияланатын типін шаруашылық мамандары айқындейды.

15. Тұк жамылғысының жалпы тұсін бонитирлеу (бағалау) тұк жамылғысының жалпы бағасы бүркеу қылышының тұсі мен тұбіт ұштарының тұсінен тұрады. Оның бағасы аңын жалпы түстілігіне сипат береді. Андардың барлық түрлерінде тұсі осы

топқа сипатты тұс пен түстің анық білінуімен, яғни қажетті емес реңктің болмауымен бағаланады. Қара күзен, қара саз құндызы және бұлғында жалпы түстілік бағасына пигменттену қарқындылығына берілген баға да кіреді.

16. Аңдардың сыныбын айқындау. Үш белгіні: дарақ өлшемі мен дene бітімі, тұк жамылғысының сапасын оның реңкін бонитирлеу нәтижесі бойынша 1-кестеге сәйкес аңың түбітті сапа сыныбы айқындалады. Сыныптардың барлығы сегіз. Бірінші және екінші сыныпты таза тұқымды аңдар әлитаға жатады 1-кесте.

#### 1-кесте. Аңың түбітті сапа сыныбын айқындау

Өлшемі мен дene бітімі, балл	Тұк жамылғысының сапасы, балл	Тұк жамылғысының тұсі, балл	Сынып
5	5	5	бірінші
4 - 5	4 - 5	5	екінші
4 - 5	4 - 5	4	үшінші
3 - 5	3 - 5	5	төртінші
3 - 5	3 - 5	4	бесінші
3 - 5	3 - 5	3	алтыншы
Екі балдан тұратын ең болмаса бір баға болғанда			жетінші
Бір балдан тұратын ең болмаса бір баға болғанда			сегізінші

Тұс реңкі, тұлкідегі күмістүстілік пайызы, сондай-ақ аңың сыныптылығын айқындау кезіндегі қосымша белгілер есепке алынбайды.

17. Тұқымфа қалдырылған аңдардың қосымша белгілерін, сонымен қатар қосымша көрсеткіштер бойынша бонитирлеу (бағалау). Бағалау үшін міндетті қосымша белгілер әр аң түрін бонитирлеу сипатының соында келтірілген. Қосымша белгілерді осылайша бағалайды:

түбіт реңкін денесінің арқа-бүйірлі бөлігіндегі тұк жамылғысын үрлеп анықтайды. Оны, белгілі бір мөлшерде жалпы тұсін анықтайтын қылышық ұштарының тұсімен бағалайды;

тұлкілерде бүркеу қылышығының ашиқ түсті жолағының енін визуальді түрде денесінің арқа-бүйірлі бөлігіндегі ашиқ түсті жолақ енімен, ол жоғары жағынан қылышықтардың пигменттелген ұштарының төменгі жақтарымен шектеледі де төменінен түбіт жүндері ұштарымен немесе күмістүсті сақинаның төменгі шегімен айқынрайтады.

Платиналы қылышықтардың меншікті салмағы айтарлықтай болса (50%-астам) бағаны ақшыл түсті аймақ енімен емес платиналық түсті қылышықтар орта немесе мол қарқындылығымен береді;

вуальды қылышықты және бағыттауыш жүндердің пигменттелген ұштарымен анықтайды.

Қылышықтардың пигменттелген ұштарының ұзындығы және жиілігімен, ал күмістүсті-қара тұлкілерде сонымен қатар ақшыл түсті аймақ енімен де вуаль нормалы

немесе әр деңгейде ауытқуымен "ауыр" немесе "жөніл", ақ түлкіде әр деңгейлі анық білінуімен болады.

#### **4-тарау. Зоотехникалық талаптар**

18. Күзендерді бонитирлеу (бағалау). Күзеннің өлшемі мен дene бітімін бағалау 2-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

**2 кесте. Күзендер өлшемі мен дene бітімін бағалау**

Баға, балл	Өлшемі және дene бітімі	Дene өлшемінің минимальды көрсеткіштері			
		Аталықтар		Аналықтар	
		ұзындығы, сантиметр	тірідей салмағы, килограмм	ұзындығы, сантиметр	тірідей салмағы, килограмм
10	Аса ірі мықты	54	3,3	47	1,7
9	Аса ірі мықты	52	3,1	45	1,6
8	Аса ірі мықты	50	2,9	43	1,5
7	Аса ірі мықты	48	2,7	41	1,4
6	Аса ірі мықты	46	2,5	39	1,3
5	Аса ірі мықты	45	2,3	38	1,2
4	Ірі, мықты	44	2,1	37	1
3	Орташа, мықты	43	1,9	36	0,8
2	Ұсақ, мықты	43-төмен	1,9-төмен	36-төмен	0,8-төмен
1	Дененің кай көлемі болмасын осал				

Түк жамылғысының сапасын бағалау 3-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

**3-кесте. Күзеннің түк жамылғысы сапасын бағалау**

Ақ, көгілдір (күмістүсті-көгілдірлерден басқа), бұлғынды бұқіл типтерді бағалау, балл	Басқа бұқіл тиpti күзендерді бағалау, балл	Белгі сипаттамасы
5	5	Түк жамылғысының биіктігі шаруашылықта селекцияланатын типке тән. Түк жамылғысы өте қалың, жібектей, қылышығы түбітті арқасында, бүйірлерін және құрсағын толығымен жауып тұрады.
5	4	Құрсағы мен бүйірлерінде қылышығы сиректеу болуы мүмкін, түбіті аздап білініп тұрады.
4	3	Түк жамылғысы биіктігі бойынша селекция барысындағы типке сай келеді, сиректеу, жібектей. Қылышығы арқасындағы түбітті толығымен жауып тұрады, бірақ бүйірінде түбіті білініп тұрады
3	2	Түк жамылғысы қалың емес, қылышығы сиректеу, арқасындағы түбіті білініп тұрады, шатында аздаган қырылғандық байқалуы мүмкін

Күзеннің тұқ жамылғысының түсі 4-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

#### 4 кесте. Күзен тұқ жамылғысының түсін бағалау

Тұқым, тип	5 балл	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
1	2	3	4	5	6

Тұқ жамылғысы түсіне қойылатын талаптар

Стандартты қара типті	Анық білінетін жылтырлы қара. Тұбіт жүнтері күнгірт өнді түсі сұр	Анық білінетін жылтырлы қараға жақын. Тұбіт жүндерінің түсі күнгірт өнді сұр	Жылтырлы қарага жақын. Тұбіт жүндері үштариның түсі күнгірт өнді қоңыр	Күнгірт-коңыр. Тұбіт жүндері үштариның түсі күнгірт немесе орташа өнді қоңыр	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Стандартты күнгірт-коңыр типті	Анық білінетін жылтырлы қоңыр қарага жақын. Тұбіт жүндері үштариның түсі қоңыр, жалпы түспен өндес	Анық білінетін әртүрлі қарқындылықты қоңыр түсті. Тұбіт жүндері үштариның түсі қоңыр, жалпы түспен өндес	Аздап құбалы қоңыр түсті	Анық құбалы қоңыр түсті	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Стандартты қоңыр (жабайы) типті	Анық білінетін жылтырлы әртүрлі қарқындылықты қоңыр түсті. Тұбіті таза сұр түсті, үштари қоңыр	Анық білінетін жылтырлы әртүрлі қарқындылықты қоңыр түсті. Тұбіті сұр түсті, үштари қоңыр	Аздап құбалы қоңыр түсті. Тұбіті қоңыр ренкті сұр. Тұбіт жүндерінің үштари қоңыр	Анық құбалы қоңыр түсті. Тұбіті қоңыр немесе ашық	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Пастельді (bb) о о және орхидті (k k )	Анық білінетін көгілдір-сұр ренкті қоңыр түсті. Тұбіті сұр аздап қоңыр ренкті	Білінетін көгілдір-сұр ренкті қоңыр түсті. Тұбіті сұр қоңыр ренкті	Қоңыр. Тұбіті сұр, үштари қоңыр	Сарғыштау немесе құбалы ренкті	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Соклотпастельді s s (t bb)	Анық білінетін сұргылттау-көгілдір ренкті ақшыл қоңыр түсті. Тұбіті сарғыш сұр ренкті	Анық білінетін сұргылттау-көгілдір ренкті ақшыл қоңыр түсті. Тұбіті сарғыш. Үштари қоңыр түске боялған	Ақшыл-коңыр түсті. Тұбіті сарғыш, үштари қоңыrlау	Қоңыр. Тұбіті сарғыш құбалылау	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Орхидпастельді o o (k k bb)	Ақшыл-коңыр қола түсті ренкті. Тұбіті көгілдір түсті.	Ақшыл-коңыр сәл кола түсті ренкті. Тұбіті көгілдір түсті.	Ақшыл-коңыр түсті. Тұбіті сұр	Ашық-коңыр түсті. Тұбіті сұр сәл құбалы	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Мойлалеутті (mmaa)	Ақшыл-коңыр түсті а з д а п ағарыңқы-ақшыл көк ренкті. Тұбіті	Ақшыл-коңыр түсті а з д а п ағарыңқы-ақшыл көк ренкті. Тұбіті	Ақшыл-коңыр құбалылау ренкті. Тұбіті сұр	Ақшыл-коңыр құбалы ренкті. Тұбіті сұр	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды

	сұр, ұштары көгілдір	сұр, ұштары көгілдір			
Паломино (kk)	Сарғыш. Түбіті ашық-сарғыш	Сарғыш аздал қызығылт сары ренкті. Түбіті ашық-сарғыш	Сарғыш қызығылт сары ренкті. Түбіті ашық-сарғыш	Сарғыш анық қызығылт сары ренкті. Түбіті ақпен тең	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Ампалосапфирлі (kkaapp), ампалокүміс-түсті kkpp)	Анық білінетін көгілдір ренкті сарғыш-сұргылттау . Түбіті ағарыңқы-көгілдір, көгілдір	Сарғыш-сұргылттау . Түбіті ағарыңқы-көгілдір, көгілдір	Аздал қоңыр ренкті сарғыш-сұргылттау . Түбіті ағарыңқы-көгілдір	Аздал қызығылт сары-құбалы ренкті сарғыш түсті	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Мойлянтарь-салфирлі (mmgtaapp)	Аздал қызығылт ренкті нәзік-сарғыш түсті. Түбіт ұштары көгілдірлеу ренкті	Аздал қоңырау ренкті ақшыл-сарғыш түсті. Түбіті аздал ақ сарылау-сары ренкті	Қоңырау ренкті сарғыш түсті. Түбіті аздал ақ сарылау-сары ренкті	Қоңыр ренкті сарғыш түсті	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Күмістүсті-көгілдір (pp), сұргылт көгілдір ss (p p, pp)	Таза күлгін-сұр түсті. Түбіті сұр	Анық біліне қоймайтын күлгін-сұр түсті. Түбіті сұр	Аздал қоңыр ренкті күлгін түсті. Ұштары қоңырау сұр түсті түбіт	Сарылау немесе құба ренкті сұр түсті	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Алеуттік (aa)	Кек болат түсіне жақындаш қалған қара деуге болатын түс, қылышығы қарамен тең. Түбіті күңгірт, таза көгілдір түсті қарага жақын	Аздал қоңыр ренкті қарага жақын. Түбіті күңгірт-көгілдір түсті	Аздал қоңыр ренкті қарага жақын. Түбіті сұр немесе ұштары қоңырау келетін күңгірт-сұр түсті	Аздал қоңырау ренкті қарага жақын. Түбіті қоңырау сұр түсті түбіт	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Алеутті сұргылт ss (aap, aap p)	Қылышығы көгілдір ренкті қарага жақын. Түбіті көгілдір	Қылышығы қарага жақын. Түбіті көгілдір	Көгілдір Түбіті ақшыл-көгілдір	Қоңырау ренкті көгілдір. Түбіт ұштары қоңырау ақшыл-көгілдір түсті	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Сапфирлі (aapp)	Таза көгілдір. Түбіті әр қарқындылықты көгілдір түсті	Көгілдір, анық біліне қоймайды. Түбіті әр қарқындылықты көгілдір	Сұр ренкті көгілдір немесе түсі біркелкі емес әртүрлі. Түбіті сұрлау	Қоңырау конуымен көгілдір. Ұштары қоңырау сұр түсті түбіт	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Орхидпастельді күмістүсті о о (kk bbpp)	Аздал сұр ренкті көгілдір. Түбіті көгілдір, өнімен жалпы түсіне сай	Көгілдірлеу-сұр түсті. Түбіті көгілдір, өнімен жалпы түсіне сай	Көгілдірлеу-сұр түсті. Түбіті сұрлау	Аздал қола ренкті көгілдірлеу-сұр . Ұштары қоңырау сұр түсті түбіт	Анық білінетін қола ренкті сұр-көгілдір
Мойлсапфирлі mmaapp)	Ақшыл-көгілдір, қара дақсыз. Түбіті	Аздал қүлгін-сұр ренкті ақшыл-көгілдір. Түбіті көгілдір,	Қара дақсыз сұр ренкті	Қоңырау конуымен ақшыл-көгілдір Ұштары	

	көгілдір, өнімен жалпы түсіне сай	өнімен жалпы түсіне сай	акшыл-көгілдір. Тұбіті сұрлау	коңырлау сұр түсті тұбіт	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Соклотпастельді күмістүсті s s (t t bbpp), мойлпастель серебристые mmbbpp)	Көгілдірлеу-сағыш реңкті сұр. Тұбіті көгілдір	Сарғыш реңкті сұр. Тұбіті көгілдір	Аздап қоңырлау реңкті сұр. Ұштары қоңырлау сұр түсті тұбіт	Азда п қоңырлау реңкті сұр. Ұштары қоңырлау сұр түсті тұбіт	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Янтарь-сапфирлі (тааарр)	Сарғыш-ақ сары реңкті көгілдірлеу-сұр. Тұбіті ашық-көгілдір	Сарғыш реңкті көгілдірлеу-сұр. Тұбіті ашық-көгілдір	Аздап қоңырлау реңкті көгілдірлеу-сұр. Тұбіті көгілдір	Коңыр реңкті көгілдірлеу-сұр. Тұбіті көгілдір	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
Ақ (hh және басқалар )	Таза ақша қардай. Тұбіті ақ	Таза ақ. Тұбіті ақ	Аздап ақшыл кектеу реңкті ақ. Тұбіті ақ	Анық білінетін ақ сарылау немесе сарылау реңкті ақ	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды

### Ескертулер:

- Арқа мен құрсағы түсінде өзгерістері бар стандартты (қара немесе күңгірт-қоңыр типтілер), мойлсапфирлі және алеутті күзендер бір балға төмен бағаланады.
- Қара типті стандартты күзендердің жапқыш қылышықтары ұзындығы бойынша біркелкі болуы тиіс.
- Стюарт, бос, тень, джет, финблек, крестовка, шұбар рошиндық, шұбар және бұлғынды (ұзынқылышықты) күзендерді белгілі бір тұқымға (типке) жатуына сай түсінің тазалығымен бонитирлейді. Крестовка, шұбар рошиндық және шұбар күзендер бұл белгі үшін келесі жағдайда 5 - 3 балмен, суреті анық білінуі бойынша олардың бағасы 5 және 4 бал болып, дақты қылышықтары таралуы бойынша бағасы 5 және 4 балмен бағалануы мүмкін.

Қосымша белгілер 5-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес бағаланады.

### 5-кесте. Күзендердің қосымша белгілерін бағалау

Баға, балл	Белгі сипаттамасы
1	2 Ақ дақтылық
5	Жоқ
4	Мала Аз (ернінде дақ немесе денесінің құрсақ жағында ақ түсті қылышықтардың жеке будалары)
3	Орташа (ені 2 сантиметрден төмен дақ дененің құрсақ жағында)
2	Үлкен (ені 2-4 сантиметр аралығындағы дақтар дененің құрсақ жағында)
1	Өте үлкен (ені 4 сантиметрден астам дақтар дененің құрсақ жағында)
	Арқасындағы суреттің анық білінуі (крестовка күзенге)
5	Жоқ

4	Aз (ернінде дақ немесе денесінің құрсақ жағында ақ түсті қылышқтардың жеке будалары)
3	Орташа (ені 2 сантиметрден төмен дақ дененің құрсақ жағында)
2	Үлкен (ені 2-4 сантиметр аралығындағы дақтар дененің құрсақ жағында)
1	Өте үлкен (ені 4 сантиметрден астам дақтар дененің құрсақ жағында) Пигментті қылышқтардың бүйірлерінің ашық участкерінде таралуы (крестовка күзенге)
5	Пигменттелген қылышқа пен бүршік будалары бүйірлерінде жоқ
4	Пигменттелген қылышқа будалары бүйірлерінде бар, бірақ біліне қоймайды
3	Пигменттелген түбіт жұндері бар шағын будалар (0,25 сантиметр квадрат.)
2	Пигменттелген түбіт жұндері бар үлкен будалар
1	Өте үлкен будалар, шұбар күзендер Түбіт жұндер ұзындығы (бұлғынды күзенге)
5	Өте үлкен (аналықтар - 21 - 23; аталауықтар - 23 - 26 миллиметр)
4	Үлкен (аналықтар - 19 - 20; аталауықтар - 21 - 22 миллиметр)
3	Орташа (аналықтар - 18; аталауықтар - 20 миллиметр)
2	Аз (аналықтар - 17; аталауықтар - 19 миллиметр)
1	Өте аз (аналықтар - 16 миллиметр; аталауықтар - 18 миллиметр) Ақ дақтар таралуы (шұбарларға)
5	Ақ түсті қылышқтар алып жатқан аудан дene ауданының 50% - ын құрайды
4	Ақ түсті қылышқтар алып жатқан аудан дene ауданының 30-50% - ын құрайды
3	Ақ түсті қылышқтар алып жатқан аудан дene ауданының 30% - ын құрайды
2	Суреті біліне қоймайды
1	2 - 5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды Түстелген дақтардың таралуы (шұбарларға)
5	Дақтар арқа мен бүйірлерінде біркелкі таралған, контрасты, анық шектелген
4	Дақтар таралуында аздап біркелкілік бұзылған немесе дақтар анық шектеле қоймаган
3	Дақтар біркелкі таралмаған, денесінің жекелеген участкерінде қана кездеседі
2	Дақтар жоқпен тең, арқа мен бүйірлері ақ жұндермен жамылған
1	Арқа мен бүйірлерінде дақтар жоқ, бүйірлері, мойны, кеудесі, құрсағы ақ түсті

Көлемі бойынша тұлқілерді 6-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағалайды 6-кесте. Тұлқілердің өлшемі мен дene бітімін бағалау

Баға, балл	Өлшемі мен дene бітімі	Денесінің минималды ұзындығы, см	
		Аталауықтар	Аналықтар
1	2	3	4
10	Aса ірі, мықты	82	78
9	Aса ірі, мықты	80	76
8	Aса ірі, мықты	78	74
7	Aса ірі, мықты	76	72
6	Aса ірі, мықты	74	70
5	Aса ірі, мықты	72	68
4	Iрі, мықты	70	66

3	Орташа, мықты	68	64
2	Ұсак, мықты	66	62
1	Кездейсоқ өлшемде дene бітімі осал		

Тұлкілер тұк жамылғысының сапасы 7-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

#### 7-кесте. Тұлкілердің тұк жамылғысы сапасына баға беру

Баға , балл	Белгі сипаттамасы
1	2
5	Өте қалың, ете ұлпілдек, жібектей, серпінді, ұзындығы бойынша біркелкі, селекция барысындағы типке сай. Жоны дамымаған, жапқыш қылшығы арқасы мен бүйірлерінде бүршігін жауып тұрады. Тұк жамылғысында қылыстырылған болмайды
4	Қалың, ұлпілдектің азырақ және серпінді, жібектей, ұзындығы бойынша біркелкі, селекция барысындағы типке сай.. Жоны аздап білінеді. Жапқыш қылшығы арқасы мен бүйірлерінде бүршігін толығымен жауып тұрады
3	Қалың, ұлпілдектің мен серпінділігі тәмендеу, жібектей, ұзындығы бойынша селекция барысындағы типке сай, салыстырмалы түрде дамыған жонымен. Жапқыш қылшығы арқасында бүршігін толығымен жауып жатады. Тұк жамылғысында аздап қылыстырылған болады, бүйірлеріндегі жапқыш қылшықтар сиректеу орналасады
2	Қалыңдығы мен сәнділігі тәмендеу, бүйірлеріндегі қылшықтары сиректеу, қылшықтар серпінділігі тәмендеу, ұзындығы бойынша селекция барысындағы типке сай емес, жоны дамыған. Аздаған жұн қылыстырылған болуы мүмкін, жая жағында аздап жұн ұйысқаны байқалады
1	2 - 5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды

Тұлкілердің тұк жамылғысының түсі 8-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

#### 8-кесте. Тұлкілердің тұк жамылғысының түсін бағалау

Баға , балл	Белгі сипаттамасы
1	2
	Күмістүсті-қара тұлкілер (NN), актұмсықтылар (WW)
5	Жапқыш тұктары қара көк, жарқын. Тұбіті көгілдір реңкті күнгірт-сұр. Жапқыш тұктарде ақшыл аймағының ені шамамен 10-15 миллиметр, таза ақ түсті жылтырымен. Жақсы дамыған вуаль күміс түсті жасырады
4	Жапқыш түгі қара. Түгі сұр түсті болуы мүмкін
3	Жапқыш қылшықтар күнгірт, ақшыл аймақ таза ақ түсті емес, ені не 10 миллиметрден тәмен, не 15 миллиметрден кең. Тұбіті ақ түсті
2	Жапқыш тұктар құбалы қонуымен
1	2 - 5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
	P Платиналы тұлкілер (W w)
5	Көгілдір реңкті әр қарқындылық деңгейде таза сұр түсті. Түгі күнгірт-сұр және сұр түсті

4	Әртүрлі қарқындылықтағы денгейде таза сұр түсті. Түгі ақшыл-сұр
3	Ақшылдық белгісі бар таза ақшыл-сұр түсті
2	Аздап қоңыр қонуымен немесе аққа жақын түгімен әртүрлі қарқындылықтағы сұр түсті
1	2 - 5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
	G Картустес тұлкілер (W wNN)
5	Аздап ақ сары нышанды ақ түсті. Түгі таза ақ түсті
4	Анық білінетін ақ сары реңкті ақ. Түгі ақ түсті
3	Анық білінетін ақ сары реңкті ақ. Түгі ақ түсті
2	Сарылау қонуы бар ақ
1	2 - 5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды
	Қызыл тұлкілер
5	Жапқыш қылышқтары жарқын, қызыл-қоңыр таза түсті. Тұбіттері күнгірт-сұр қызыл ұштарымен
4	Тұбіттері сұр қызылдау ұштарымен
3	Жапқыш түктөрі мен тұбіт ұштары аздап сарылау нышанымен
2	Жапқыш түктөрі сары түсті
1	2 - 5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды

Қосымша белгілер 9-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

#### 9 кесте. Тұлкілердің қосымша белгілерін бағалау

Бағасы , балл	Белгілердің сипаттамасы
1	2 Күміс шенбердің ені мен платиналық түктің қарқындылығы
5	Өте жақсы (шамамен 10-нан 15 миллиметрге дейін)
4	Жақсы (шамамен 6-дан 10 миллиметрге дейін)
3	Қанағаттанарлық (15 миллиметрден жоғары )
2	Платиналық түктің орташа қарқындылығы (50 - 75%)
1	Платиналық түктің жоғары қарқындылығы (75%-дан жоғары) Вуаль
5	Қалыпты. Түктің ақ және пигменттелген бөлігі айқындалған тәж (вуаль) құрайды. Түктің пигменттелген ұшының ұзындығы мен жабынды түктің ақшылт бөлігінің арасындағы катынасы 1,0-1,5 аралықта
4	Ауырланған. Ақ және пигменттелген түк бөлігінің үйлесімі біршама күнгірт реңкті қалыптастырады
3	Кіши. Түк жабыны біршама ақшылт реңкті
2	Ауыр. Пигменттелген түк ұшының ұзындығы артық. Олар күміс реңді жауып, түк жабынына тым жарқыраған рең береді. Күміс реңділігі әлсіз білінеді.
1	Женіл. Түк жабыны ақшыл, реңі тым жарқыраған.
	Ақтұмсық тұлкілердің суреті
5	Өте жақсы. Үздіксіз қарғыбау тәрізді сурет, ал одан шыққан жолақ құлактарының арасынан өтіп тұмсығының ұшына аяқталып барып бітуі өте айқын білінеді. Суреттің реңі жылтырлы аппақ.

4	Жақсы. Үздіксіз қарғыбау тәрізді сурет, ал одан шыққан аздап үзілген жолақ құлақтарының арасынан өтіп тұмсығының ұшында аяқталып барып бітуі айқын білінеді. Суреттің реңкі таза аппақ.
3	Әлсіз. Үздіксіз қарғыбау тәрізді суреті немесе ақ жолағы анық көрінбейтін сурет. Суреттің реңкі ақ түсті болады.
2	Қарғыбау тәрізді сурет білінбейді немесе суреттің реңі сарғыш түсті болып келеді.
1	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.  Карлы тұлқілердің суреті мен бауының білінуі
5	Өте жақсы. Сурет пен бауының реңкі кара түсті. Бауы үздіксіз.
4	Жақсы. Ренкі қара түсті. Бауы үздіксіз
3	Қанағаттанарлық. Ренкі күңгірт. Бауы үзіктерімен
2	Әлсіз. Ренкі күңгірт. Бауы жоқ
1	Дене бөлігінің 70% - нан жоғары қамтиды.  Қызыл тұлқілердің ақшыл болігі
5	Ақшыл бөлігі білінбейді немесе денесінің жамбас жағынан 10% - ын алып жатыр.
4	Денесінің арқа және бүйір бөлігінің 30% - ын алып жатыр.
3	Дене аумағының 50% - ын алып жатыр.
2	Дене аумағының 70% - ына дейінгі бөлігін алып жатыр.
1	Дене аумағының 70% - нан жоғары бөлігін алып жатыр  Қызыл тұлқілердің ақшыл бөлігінің білінуі
5	Әлсіз. Бағыттауши түктерінің ақшыл тартқан шенберлі реңкі негізгі түске жақын.
4	Орташа. Ақшылт тартқан шенберлі реңкі негізгі түстен біршама анық: сарғыш, ақшыл-сарғыш.
3	Күшті. Ақшылт тартқан шенберлі реңкі анық білініп, негізгі түспен керегарлығы күшті білінеді. Түсі жағынан ақшыл-сары немесе ақ.

Ескертпе. Дене аумағы ретінде құлағынан бастап құйрық ұшына дейін 100% - ды құрайды. Дененің ақшыл аумактарын бонитирлеу 5% - дық дәлдікпен анықталады.

19. Ақ тұлқіні бонитирлеу (бағалау). Ақ тұлқілер түсінің өнді бойынша үш типке бөлінеді: қошқыл, орташа және ақшыл. Қошқыл (Қ) өнді ақ тұлқілерге түбіт түктеп ұшының түсі мен жабынды түктерінің ұшы пигменттелген күңгірт түсі көгілдір (вуальді түстілер) және қошқыл көгілдір түстер жатады. Ақшыл (АҚ) ақ тұлқілерге түбіт түгі ақшыл (вуальды түсті – ақ, күміс түстілерде – ақшыл сұр) және платиналық түктерінің пигменттелген ұшы ақшыл немесе қысқа болады. Өнді (ОР) орташа ақ тұлқілер аралық қалыпта қалады.

Ақ тұлқілердің дене бітімі мен өлшемдері 10-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

10-кесте. Ақ тұлқілердің дене бітімі мен өлшемдеріне баға беру

Бағасы, балл	Өлшемі және дене бітімі	Минималды дене ұзындығы, сантиметр	
		Аталықтар	Аналықтар
1	2	3	4
10	Ерекше ірі, мықты	77	72
9	Ерекше ірі, мықты	75	70

8	Ерекше ірі, мықты	73	68
7	Ерекше ірі, мықты	71	66
6	Ерекше ірі, мықты	69	64
5	Ерекше ірі, мықты	67	62
4	Iрі, мықты	65	60
3	Орташа, мықты	63	58
2	Ұсақ, мықты	61	56
1	Кез келген өлшемдегі әлсіз дene бітімді	-	-

Ақ тұлкілер тұқ жамылғысының сапасы 11-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

#### 11-кесте. Ақ тұлкілер тұқ жамылғысының сапасын бағалау

Бағасы , балл	Белгілердің сипаттамасы
5	Шаруашылықта селекцияланатын тип үшін биіктігі орташа, қалың және ұлпілдек, жабынды түгі тікшіл серпінді болады. Жабағыланған және қылған белгілері болмайды.
4	Қалындығы мен үлпектігі төмендеу
3	Бүйір тұқтері сиректеу, жабынды тұқтерінің серпінділігі жеткіліксіз болады.
2	Қылқан тұқтері сиректеу, жеткіліксіз немесе тым ұзын, немесе жабағыланған, немесе қылған болып келеді.
1	2-5 балдық талаптарды қанагаттандырмайды.

Тұқ жамылғысының түсі 12-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

#### 12-кесте. Ақ тұлкілер тұқ жамылғысының түсін бағалау

Бағасы , балл	Белгілердің сипаттамасы
	Вуаль түсті ақ тұлкілер
5	Қоңыр реңкі белгілері байқалмайтын түрлі қарқындылықтағы таза – сұр түсті. Платиналық тұктің қарқындылығы үлкен. Платиналық тұқтері денесінің барлық бөліктері бойынша бірқалыпты және вуаль анық графит түсті. Тұқ үлпегі ақшыл-көгілдір түрлі қарқындылығы аумақтығы боялған. Сатыланған күміс түстілік болмауы тиіс.
4	Құрсақ жағында қоңыр дақтары бар немесе вуаль түсі анық байқалмайды, немесе "күмістілігі" шамалы сатыланған болып келеді.
3	Қоңыр реңкі басым немесе "күмістілігі" орташа сатыланған.
2	Қоңыр түсті немесе қара-қоңыр дақтары бар немесе "күмістілігі" сатыланған, немесе ақ түбітті немесе тым вуаль түсі басым
1	2-5 балдық талаптарды қанагаттандырмайды.
	Күміс түсті ақ тұлкілер
5	Түрлі қарқындылықтағы таза сұр түсті. Құрсақ және аяқ бөліктерінде шамалы қоңыр дақтын болуына рұқсат беріледі. Платиналық тұқтерінің қарқындылығы үлкен, "күмістілігі" ашық емес. Платиналық тұқтері барлық денесі бойынша бірқалыпты таралған. Тұқ үлпегінің қарқындылығы ертүрлі.
4	Құрсақ және аяқтарында қоңыр дақтары бар.
3	Қоңыр дағымен.

2	Коңыр түсі қара-коңырға өткен, немесе ашық күміс түсті.
1	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.
	Көлеңке ақ тұлкілер (Ss)
5	Ақ түсті арқа жағында платиналық түктерінің ұшы пигменттеген аздал вуаль қалыптастырады. Платиналық түктерінің ұшы графит түстес. Түбіт түктерінің ұшы таза аппак, түк ұлпегінің түбі көгілдір реңкті болып келеді.
4	Платиналық түктерінің ұшында коңыр дақты болып келеді немесе вуаль түсінің қанықтығы тәменірек.
3	Платиналық түктері ұшы қоңыр реңкті немесе вуаль түсі анық шықпайды.
2	Платиналық түктерінің ұшы қоңыр түсті, түбіт түктерінің ұшы сарғыш реңкті болып келеді.
1	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.

20. Жанат тәрізді иттерді бонитирлеу (бағалау). Жанат тәрізді иттердің өлшемі мен дene бітімі 13-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

13-кесте. Жанат тәрізді иттердің өлшемдерін және дene бітімін бағалау

Бағасы, балл	Өлшемі және дene бітімі	Минималды дene ұзындығы, сантиметр	
		Аталықтар	Аналықтар
10	Ерекше ірі, мықты	72	71
9	Ерекше ірі, мықты	71	70
8	Ерекше ірі, мықты	70	69
7	Ерекше ірі, мықты	69	68
6	Ерекше ірі, мықты	68	67
5	Ерекше ірі, мықты	67	66
4	Ірі, мықты	64	63
3	Орташа, мықты	61	60
2	Ұсақ, мықты	60	59
1	Кез келген өлшемде дene бітімі нәзік	-	-

Жанат тәрізді иттердің түк жабынының сапасы 14-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

14-кесте. Жанат тәрізді иттер түк жамылғысының сапасын бағалау

Бағасы , балл	Белгілердің сипаттамасы
5	Шаруашылықта селекцияланатын тип үшін түк жабыны ұзына бойы өте қалың, ұлпілдек, серпінді және тегіс, жабагыланған және киылған белгілері байқалмайды. Түк жабыны арқа және бүйір жағында барлық түбіт түгін жауып тұрады.
4	Түк жабыны ұзына бойы қалың, ұлпілдек, серпінді және тегіс, жабагыланған және киылған белгілері байқалмайды. Түк жабыны арқа және бүйір жағында барлық түбіт түгін жауып тұрады. Жауырын және бүйір бөлігінде аздал түк жабыны сиректеу болғаны ескеріледі
3	Ұзына бойы жабынды түктегі бойынша қалындығы, ұлпілдектігі, серпінділігі және тегістілігі тәменірек салбыраған. Арқа және бүйір жақтарында түктегі сиректеу, бүйір және жамбас жағынан аздал жабагыланғаны немесе киылғаны ескеріледі.

2	Түктері ұзына бойы тегіс емес, селекциялық типке сәйкес келмейді. Арқа, бүйір және жамбас бөлігінде анық жабағыланған немесе қылған түк жабыны ескеріледі.
1	2-5 балдық талаптарды қанагаттандырмайды.

Жанат тәрізді иттер түк жамылғысының түсі 15 - кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

### 15-кесте. Жанат тәрізді иттер түк жамылғысының түсін бағалау

Бағасы , балл	Белгілердің сипаттамасы
	Алтын түсті тип
5	Сарғылт-коңыр. Ақшыл бөлігіндегі бағыттаушы және түбіт түктерінің ұшы сарғылт, бағыттаушы түктерінің ұшы қара, арқа және бүйір бөлігінде вуаль анық байқалады.
4	Ақшыл бөлігі ақшыл-сарғылт.
3	Вуаль арқа жағында жақсы байқалғанмен, бүйір бөлігінде әлсіз білінеді.
2	Қоңыр-сұр. Ақшыл бөлігіндегі бағыттаушы және түбіт түктерінің түсі сары немесе қоңыр тартқан карқындылығы басым. Вуаль түсі женіл.
1	2-5 балдық талаптарды қанагаттандырмайды.
	Күміс түсті тип
5	Күміс-коңыр түсті. Ақшыл бөлігіндегі бағыттаушы түктері ак, түбіт түктерінің ұшы ақшыл-сарғылт немесе ақшыл-коңыр, бағыттаушы түктерінің ұшы қара, вуаль түсі арқа және бүйір бөлігінде анық байқалады.
4	Ақшыл бөлігінде аздап сарғыш дақтары болады.
3	Вуалі арқа жағында жақсы байқалғанмен бүйір бөлігінде әлсіз білінеді.
2	Қоңыр-сұр. Ақшыл бөлігіндегі бағыттаушы және түбіт түктерінің ұшы сары немесе түрлі карқындылықтағы қоңыр болады, вуалі женіл.
1	2-5 балдық талаптарды қанагаттандырмайды.

Ескерту. Алтын түсті типті аңдар үшін ақшыл бөлігі, ал күміс түсті типті аңдар үшін түбіт түгінің ұшы керісінше болса үш балдан артық бағаланбайды.

21. Бұлғындарды бонитерлеу (бағалау) Бұлғындардың өлшемі мен дене бітімі 16-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

### 16-кесте. Бұлғынның өлшемі мен дене бітіміне баға беру

Бағасы, балл	Өлшемі және дене бітімі	Дене өлшемінің минималды көрсеткіштері			
		Аталақтар		Аналықтар	
		ұзындығы, сантиметр	тірідей салмағы, килограмм	ұзындығы, сантиметр	тірідей салмағы, килограмм
10	Ерекше ірі мықты	53	2,1	49	1,8
9	Ерекше ірі мықты	52	2,0	48	1,7
8	Ерекше ірі мықты	51	1,9	47	1,6
7	Ерекше ірі мықты	50	1,8	46	1,5
6	Ерекше ірі мықты	49	1,7	45	1,4
5	Ерекше ірі мықты	48	1,6	43	1,2
4	Ірі, мықты	46	1,4	41	1

3	Орташа, мықты	43	1,2	37	0,8
2	Ұсақ, мықты	43 төмен	1,2 төмен	37 төмен	0,8 төмен
1	Кез келген дене өлшемінде әлсіз	-	-	-	-

Бұлғындардың түк жабынының сапасын бағалау 17 - кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізілді.

#### 17-кесте. Бұлғындар түк жамылғысының сапасын бағалау

Бағасы , балл	Белгілердің сипаттамасы
1	2
5	Серпінді, өте қалың және өте ұлпілдек. Бағыттаушы түгі түбіт түгінен біршама ұзын, бірақ 5 сантиметрден аспайды, барлық денесі бойынша тік қалпында жауып тұрады.
4	Түгі қалың және ұлпілдек.
3	Серпінді, бірақ ұлпілдектің мен қалыңдығы аз. Бағыттаушы түгі арқа жағында ғана түбіт түгін жауып тұрады. Ал бүйір бөлігінде аздап түбіт түктерінің шығып тұруы ескеріледі.
2	Теріс. Бағыттаушы түктері қысқа немесе сиректеу. Түк жабынында аздап жабағылану мен киылғандығы ескеріледі.
1	2-5 балдық талаптарды қанагаттандырмайды.

Бұлғындар түк жамылғысының түсі 18 - кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

#### 18-кесте. Бұлғындар түк жамылғысының түсін бағалау

Бағасы , балл	Белгілердің сипаттамасы
1	2
	Қара түсті тип
5	Барлық денесі бойынша бас пен құрсақ бөлігін қосқанда қара түсті. Түбіті көгілдір реңкті қара-сұр, барлық түк жабынының ұзына бойы бірқалыпты болған.
4	Қара түске жақын, барлық денесі бойынша бір өнді. Түбіті көгілдір реңкті ұзына бойы қара-сұр түсті. Түбіті ұзына бойы көгілдір реңкті қара-сұр ұшы қызығылт-коңыр. Басы және төс жағында аздап ақшыл болуы ескеріледі.
3	Түсі қара-коңыр қарага жақын. Түбіті көгілдір реңкті қара-сұр, түк ұштары қызығылт және қара қызығылт болады. Бүйірі мен төс бөлігінде ақшыл реңктің болғаны ескеріледі.
2	Коңыр түсті. Түбіті түрлі қарқындылықта сұр түсті, түк ұштары ақшыл-қызығылт болады.
1	2 – 5 балдық талаптарды қанагаттардырмайды.
	Қара-коңыр өң
5	Қара-коңырдан қарага өтеді, барлық денесі бойына бір өнді. Түбіт түсі көгілдір реңкті, түктің ұзына бойы бір калыпты болған.
4	Денесінің барлық бөлігі бойынша қара-коңыр. Түбіті көгілдір реңкті қара-сұр немесе түк ұштары қара-қызығылт.
3	Коңыр. Түбіті түрлі қарқындылықта сұр түсті, түк ұштары қызығылт. Бүйір және төс жағы ақшыл түсті болғаны ескеріледі.
2	Ақшылт-коңыр. Түбіт түсі түрлі қарқындылықта сұр, түк ұштары ақшыл-қызығылт

Бұлғындардың қосымша белгілері 19-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

#### 19-кесте. Бұлғындардың қосымша белгілерін бағалау

Бағасы, балл	Белгілердің сипаттамасы
	Ақ түктепі
5	Ақ түктепі жоқ немесе жеке ақ түктепі бар
4	Кіші, бір қалыпты, ақ түсті
3	Орташа, бірақалыпты, ақ түсті
2	Үлкен, бір қалыпты, әртүрлі түсті, сонымен қатар кіші және орташа сарғыш бірқалыпсыз.
1	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды. Тамағындағы дағы
5	Жоқ
4	Жеке ақ түктепі
3	Кіші
2	Орташа дақ немесе кіші теңбіл
1	Үлкен дақ немесе орташа не үлкен теңбіл

22. Күзендерді бонитерлеу (бағалау). Ұнамды типтегі күзендердің дене бітімі мықты, пішіні ірі, түк жабыны қалың, үлпілдек, ұзына бойы түктепі серпінді және біркелкі, арқа және бүйір жақтарында (мойын және құрсақ жағында түктепі қысқа) жабағыланған және қыылған түктепі болмайды, барлық денесі бойына қара түсті вуалі анық байқалады. Седеп типті андардың түсі ақшыл сары және түбіт түктепінің ұшы көгілдір-сұрғылт болуы тиіс; Алтын түсті типтер – жалпы түсі ақшыл-қызығылт-сары және түбіт түктепінің ұшы да осындай түсте болады.

Сасық күзендердің өлшемдері 20-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес анықталады

#### 20-кесте. Сасық күзендердің өлшемі мен дене бітімін бағалау

Бағасы, балл	Өлшемі және дене бітімі	Минималды дене ұзындығы, сантиметр	
		Аталықтар	Аналықтар
10	Ерекше ірі мықты	51	45
9	Ерекше ірі мықты	49	43
8	Ерекше ірі мықты	47	41
7	Ерекше ірі мықты	46	39
6	Ерекше ірі мықты	45	38
5	Ерекше ірі мықты	44	37
4	Ірі, мықты	42	35
3	Орташа, мықты	40	33
2	Ұсақ, мықты	39	32

**Мамықтану сапасы 21-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.**

**21-кесте. Сасық күзендердің мамықтану сапасын бағалау**

Бағасы, балл	Белгілердің сипаттамасы
1	2
5	Шаруашылықта селекцияланатын тип үшін тұқ жамылғысының биіктігі. Тұқ жабыны қалың, серпінді. Бағыттаушы тұқтері барлық денесі бойына бірқалыпты. Тұбіті жоны мен бүйірінде аздап көрінеді.
4	Бүйіріндегі бағыттаушы тұқтері сиректеу
3	Бүйір және жотасындағы бағыттаушы тұқтері сиректеу
2	Шаруашылықтағы селекцияланатын тип үшін тұқ жабынының ұзындығы сәйкес емес; тұқ жабыны сирек.
1	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.

**Сасық күзендер тұқ жамылғысының түсі 22 - кестеде келтірілген талаптарға сәйкес бағаланады.**

**22-кесте. Сасық күзендер тұқ жамылғысының түсін бағалау**

Бағасы, балл	Белгілердің сипаттамасы
	Сәдел түсті тип
5	Денесінің жалпы түсі көкшіл-сұр реңкті ақшыл-сары. Бағыттаушы түгінің түсі қара. Тұбіт түстерінің ұшы ақшыл-сары, сұр.
4	Көкшіл-сұр реңкі байқалмайды.
3	Тұқ ұлпегі сарғыш реңк тартқан.
2	Бағыттаушы тұқтері қоңыр реңкті.
1	2 – 5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.
	Алтын түсті тип
5	Жалпы түсі ашық-қызығылт-сары. Қылышық тұқтері қара. Тұбіт түктерінің ұшы ашық-қызығылт-сары
4	Жалпы түсі қызығылт-сары. Қылышық тұқтері қара түсті.
3	Жалпы түсі ақшылт-сары реңкті қызығылт-сары. Қылышық түгі қара түсті.
2	Қылышық тұқтері қоңыр реңкті.
1	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.
	Пастель түсті тип
5	Жалпы түсі көкшіл-сұр реңкті ақшыл-сары. Қылышық тұқтерінің анық қаныққан көгілдір реңкті ақшылт-коңыр түсті. Тұбіт түктерінің ұшы ақшыл-сары, сұр.
4	Қылышық тұқтері ақшыл-коңыр, тұқ ұлпегінде көкшіл-сұр реңкі байқалмайды.
3	Қылышық тұқтері қоңыр, тұқ ұлпегі қызығылт-сары немесе ашық қызығылт-сары түсті.
2	Қылышық түгі қара-коңыр, тұқ ұлпегі қызығылт-сары немесе ашық қызығылт-сары
1	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.

**23. Сазқұндызды бонитирлеу (бағалау).** Сазқұндыздың өлшемі мен дене бітімі 23-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

**23-кесте. Сазқұндыздың өлшемі мен дене бітімін бағалау**

Бағасы, балл	Өлшемі мен дене бітімі	6 айлық жастагы сазқұндыздың минималды тірідей салмағы, килограмм	
		Аталықтар	Аналықтар
10	Ерекше ірі мықты	5,8	5,4
9	Ерекше ірі мықты	5,5	5,1
8	Ерекше ірі мықты	5,2	4,8
7	Ерекше ірі мықты	4,9	4,5
6	Ерекше ірі мықты	4,6	4,2
5	Ірі, мықты	4,3	3,9
4	Дәл солай	4,0	3,6
3	Орташа, мықты	3,7	3,3
2	Ұсақ, мықты	3,4	3,0
1	Кез келген өлшемде дене бітімі әлсіз	-	-

Сазқұндыздың мамықтану сапасы 24-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес бағаланады.

**24-кесте. Сазқұндыздың мамықтану сапасын бағалау**

Бағасы, балл	Белгілердің сипаттамасы
1	2
5	Серпінді жабынды түгінің биіктігі орташа және арқа түк ұлпектерін, бүйірін, құрсағын және аяқтарының ішкі жағын толық жауып тұрады. Құрсақ жағында бағыттаушы түктерінің қыска болуы ескеріледі. Түк ұлпегі жібектенген, іш жағы өте қалың, ұзындығы 10 миллиметрден кем емес; арқа жағында қалың немесе сирек түктеп болғаны ескеріледі.
4	Құрсақ жағындағы түк ұлпегі қалың, ал арқа жағында сиректеу немесе сирек.
3	Құрсағындағы түк ұлпегінің ұзындығы 8-ден 10 миллиметрге дейін.
2	Құрсағында сиректеу немесе жабынды түктеп түбітін толық жаппайды.
1	2–5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.

Сазқұндыздың мамықтану түсі 25-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес бағаланады

**25-кесте. Сазқұндыздың мамықтану түсін бағалау**

Түқым, тип	5 балл	4 балл	3 балл	2 балл	1 балл
1	2	3	4	5	6
	Жабынды түктеп жылтыр, сүрғылт-коңырдан қара қоңыр немесе қоңыр түске дейін.				

Стандартты	Арқа және құрсақ бөліктерінің түк үлпегі көгілдір реңкті қоңыр, түк ұзындығы бойына біркелкі (тәнбілсіз) боялған. Әртүрлі боялған түк үлпегінің бөліктерінде ақ дақтардың болуына жол берілмейді.	Дәл солай, 5 балдық кезіндегі сияқты, бірақ түбіт түктерінің түсінде теңбілділік рүқсат етіледі.	Дәл солай, 5 балдық кезіндегі сияқты, бірақ күрсағының түк үлпегі аздал қара қызыл немесе қызыл тартқан.	Құрсағындағы түк үлпегі әртүрлі қара-қызыл немесе қызыл өнді қоңыр таркан.	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды .
Сарғыш түсті ss (t t), сәдел түсті ss (t t)	Сарғыш сұрғылт реңкті, жабынды түктерінің ұшы таза ақ. Түк үлпегінің түсі сарғыш.	Сарғыш. Таза түсті. Жабынды түктерінің ұшы ақ. Түк үлпегінің түсі сарғыш.	Сарғыш. 4 балдықтан караганда түс тазалығы төмендеу. Жабынды түктерінің ұшы ақ бын түктерінің ұшы ақшылдау. Түк үлпегінің түсі түрлі реңкті қоңыр.	Әртүрлі өнді қоңыр түсті. Жабынды түктерінің ұшы ақ емес. Түк үлпегінің түсі түрлі реңкті қоңыр.	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды .
Карлы түсті aas (Vvt t, Vvt t, s a Vvt t)	Таза ақ қарлы. Түбіті таза аппак.	Таза ақ. Түбіті ақ	Аздал сарғыш реңкі байқалатын ақ түсті. Түбіті ақ.	А нық байқалатын ақшыл сары немесе сарғыш реңкті ақ түсті	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды .
Әзіrbайжандық ақ (Ww)	Денесінің барлық бөлігінде жабынды және түбіт түктеп таза – ақ.	Көз, құлақ және жая жағындағы жабынды түктеп аздал пигменттелген. Түбіті таза ақ түсті.	Көзі және жаясының тері бөліктерінде (бірақ денесінің 10% бөлігінен аспайды) жабынды және түбіт түктеп пигменттелген.	Пигменттелген түк жабыны денесінің 10-нан 30% аралығындағы бөлігін алып жатыр.	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды .
Италияндық ақ түсті a a (t t)	Жабынды және түбіт түктеп аздал ақшыл сары бірқалыпты реңкті келген	Жабынды түктеп ақ, түк үлпегінің түсі аздал ақшыл сары реңкі ақ түсті.	Жабынды түктеп ақ. Түк үлпегінің түсі а нық байқалатын ақшыл сары реңкті ақ түсті.	Жабынды түктеп ақ. Түк үлпегінің түсі ақшыл сары	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды .
Алтын түсті (Vv)	Алтын түсті. Түк үлпегінің түсі ашық алтын түсті. Арқа және құрсақ түктеп өнін реңкі арасында айырмашылығы шамалы.	Алтын түсті. Түк үлпегі ашық алтын түсті. Арқа және құрсақ түктеп өнін реңкі арасындағы айырмашылығы орташа.	Алтын түсті. Түк үлпегі ашық алтын түсті. Арқа және құрсақ түктеп өнін реңкі арасындағы айырмашылығы жоғары.	Арқа және құрсақ арасындағы айырмашылығы кандай болса да жабынды түктеп түсі сары, ақшыл-сарғыш, қоңыр сарғыш	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды .

Бірыңғай қара түсті (ZZ)	Қара дерлік. Тұқ жабынында стандартты боялған дақтары жоқ. Керексіз реңктері жоқ таза түсті. Тұқ үлпегі қоңыр-сұрғылт.	Қара дерлік. Тұқ жабынында стандартты боялған дақтары жоқ. 5 балдықтан қарағанда тазалығы төмендеу. Тұқ үлпегі қоңыр-сұрғылт.	Қара дерлік. Тұқ жабынында стандартты боялған дақтары жоқ. Қоңыр реңкті тенбілдері бар.	Қара дерлік. Тұқ жабынында стандартты боялған дақтары жоқ. Қоңыр реңкті немесе сары дақтары бар.	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.
Қара түсті (Zz)	Қара түсті. Қажетсіз реңктері жоқ таза тұс. Тұқ үлпегінің түсі қоңыр-сұрғылт. Бас және бүйір тұқ жабынында стандартты-боялған бөліктері бар.	Қара дерлік. Тұс тазалығы 5 балдық талаптардан қарағанда түсі төмендеу. Тұқ үлпегі қоңыр-сұр. Бас және бүйір тұқ жабынында стандартты боялған бөліктері бар.	Қара дерлік. Қоңыр реңктері бар. Бас және бүйір тұқ жабынында стандартты боялған бөліктері бар.	Қара дерлік. Қоңыр реңктері немесе сарғыш дақтары бар. Бас және бүйір тұқ жабынында стандартты боялған бөліктері бар.	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.
Пастель түсті ss ss (Zzt t, ZZt t, aa aaZzt t, ZZt t, үлпегі сұрғылт s a s a Zzt t, ZZt t )	Қоңыр түсті. Тұқ үлпегі қоңыр реңкті қоңыр түсті.	А з д а п қара-қоңыр реңкі бар қоңыр түсті. Тұқ үлпегі сұрғылт реңкті қоңыр түсті.	Қоңыр қара-қоңыр реңкті. Тұқ үлпегі ақшыл сары.	Сарғыш тенбілдері бар қоңыр түсті. Тұқ үлпегі ақшыл-сары.	2-5 балдық талаптарды қанағаттандырмайды.

Сазқұндыздарда қосымша биіктігі 26-кестеде келтірілген талаптарға сәйкес тұқ үлпегінің біркелкілігі бағаланады.

### 26-кесте. Сазқұндыздар тұқ үлпегінің биіктігі бойынша біркелкілігі бағалау

Бағасы, балл	Белгілердің сипаттамасы
5	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 2 миллиметрден кем
4	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 2-ден 4 миллиметрге дейін
3	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 4-тен 6 миллиметрге дейін
2	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 6-дан 8 миллиметрге дейін
1	Арқа және құрсақ түбіттері ұзындығының арасындағы айырмашылығы 8 миллиметрден артық

Асыл тұқымдылыққа сатылатын 2-6 ай жастағы сазқұндыз төлдерін шығу тегі (ата-енесінің класы) бойынша бонитирлеу, 27-кесте.

**27-кесте. Сазқұндыз төлдерін шығу тегі бойынша бонитирлеу**

Бонитирлік бағалаудың көрсеткіштері	бірінші сынып төлі		екінші сынып төлі		үшінші сынып төлі	
	Аталақтар	Аналықтар	Аталақтар	Аналықтар	Аталақтар	Аналықтар
Ата-енесінің сыныбы	бірінші	екінші	Ата-енесінің біреуі бірінші сыныпты, ал басқасы екіншісініпты		Барлық қалған үйлесімдер	
Дене бітімі	Мықты	Мықты	Мықты	Мықты	Мықты	Мықты
Эртүрлі жастағы тірідей салмағы, килограмм						
2 айлық		1,5 және одан жоғары	1,5 және одан жоғары	1,3 және одан жоғары	екінші сыныпты төлдерден салмағы бойынша тәмен	
3 айлық	1,7 және одан жоғары	жоғары	жоғары	жоғары	екінші сыныпты төлдерден салмағы бойынша тәмен	
4 айлық	2,6 және одан жоғары	3,0 және одан жоғары	3,1 және одан жоғары	2,8 және одан жоғары	екінші сыныпты төлдерден салмағы бойынша тәмен	
5 айлық	3,3 және одан жоғары 3,9 және одан жоғары 4,3 және одан жоғары	3,5 және одан жоғары	3,7 және одан жоғары	3,3 және одан жоғары	төлдерден салмағы бойынша тәмен	
6 айлық		3,9 және одан жоғары	4,0 және одан жоғары	3,6 және одан жоғары	екінші сыныпты төлдерден салмағы бойынша тәмен	
					3,9 және одан жоғары	

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 27 мамырдағы  
№ 239 бұйрығына  
17-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 3-3/517 бұйрығына  
17-қосымша

**Үй қояндарын асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық**  
**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы үй қояндарын асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-

бабы 4) тармақшасына сәйкес өзірленген және үй қояндарына бонитирлеу (бағалау) жүргізуді тәптіштейді, сондай-ақ үй қояндарын бонитирлеуде (бағалауда) зоотехникалық талаптарды белгілейді.

2. Үй қояндарын бонитирлеуді (бағалауды) бонитерлер (сыныптауыштар) жүргізеді.

## **2-тaraу. Үй қояндарын бонитирлеуді (бағалауды) ұйымдастыру**

3. Бонитирлеу (бағалау) – үй қояндарын тұқымдылығы, дамуы (тірідей салмағы, дene бітімі), өнімділігі және басқа да көрсеткіштер бойынша кешенді бағалау жолымен олардың асыл тұқымдық құндылығын айқындау. Бонитирлеуді (бағалауды) жыл сайын, әдетте, қараша және желтоқсан айларында жүргізеді. Асыл тұқымды фермаларда бонитирлеуге (бағалауға) негізгі табынның барлық аталақтары мен аналықтары, бірреттік (тексерілетін) аналықтар және селекциялық табынның үш айлық жастағы және қараша–желтоқсан айларында тұқымын алуға қалдырылған кезде бағаланатын бүкіл төлі, сондай-ақ басқа шаруашылықтарға тұқымын алуға өткізілетін төл жатады.

Тауарлы шаруашылықтарда негізгі табындағы асыл тұқымды ядроның аналық үй қояндарының барлық аталақтарын, үш айлық жастағылары іріктелген кездегі және қараша–желтоқсан айларында тұқымын алуға қалдырылған кездегі толықтырушы төлді бонитирлейді (бағалайды).

4. Бонитирлеу (бағалау) алдында:

үй қояндарын жақсы (зауыттық) қондылық (арып немесе семіріп кетпеген) жай-күйге келтіру;

барлық ауру және ауруға құдікті, сондай-ақ кәрі және өнімділігі төмен үй қояндарын жарамсыздыққа шығару;

үй қояндарының шығу тегін нақтылау және жануарлардың нөмірлерін тексеру (анық емес нөмірлерді қалпына келтіреді);

табақты таразыны, сантиметрлік лента мен сызғышты дайындау қажет.

5. 2 немесе 3 айлық жастағы толықтырушы төл мен тұқымын алуға сатылатын төлді мынадай төрт көрсеткіш бойынша бонитирле йді (бағалайды):

- 1) тұқымдылығы;
- 2) тірідей салмағы;
- 3) дene бітімі;
- 4) тұкті жабынының тығыздығы (табандарының тұктенуі).

Негізгі табындағы үй қояндарын және негізгі табынға енгізілетін толықтырушы төлді, бірреттік (тексерілетін) аналықтарды қараша–желтоқсан айларында тұқымдылығы, тірідей салмағы, дene бітімі, тұкті жабынының тығыздығы және оның біркелкілігі (етті-терілік тұқымдарда), тұбіттік өнімділігі (тұбітті тұқымдарда) тұкті жабынының түсі (етті-терілік тұқымдарда) бойынша бонитирлейді (бағалайды). Тұқымдылығын бағалау. Таза тұқымды үй қояндарына бір тұқымдағы ата-енеден

шыққан жануарлар жатады, бұл тиісті зоотехникалық құжаттармен расталуы және үй қояндарының сыртқы көрінісі бойынша белгіленуі тиіс. Сондай-ақ таза тұқымды үй қояндарына сініре шағылыстыру жолымен алынған және тұқым типі айқын көрінетін будан үй қояндарын (төртінші буыннан бастап) жатқызады. Элита сыныбына және бірінші сыныпқа тек таза тұқымды үй қояндарын жатқызуға болады. Тірідей салмағын бағалау үй қояндарын 100 грамға дейінгі дәлдікпен дара өлшеу жолымен жүргізіледі. Дене бітімін бағалау, қаңқа сүйегінің даму дәрежесі, кеудесінің ені мен терендігі, басының пішіні мен өлшемі, арқа сызығы мен пішіні, аяқтарының мықтылығы мен орнығы бойынша көзben өлшеп жүргізіледі. Дене бітімінің ақауларына бас пішінінің дұрыс болмауын, мойнының тым ұзын болуын, күлактарының салбыраңқы немесе кен орналасқан болуын жатқызады.

Үй қоянының тұкті жабынының тығыздығын анықтау:

- 1 - тұкті жабынға үрлеген кезде ая ағынының бағытталуы;
- 2 - "дегелек" тұбі (бүйірден көрінісі):
- 3 - сирек ұлбірдің "дегелек" тұбі;
- 4 - ұлбір қанағаттанарлықтай тығыз кездегі "дегелек" тұбі;
- 5 - ұлбір жақсы тығыз кездегі "дегелек" тұбі;

6 - "дегелек" тұбі көрінбесе - ұлбір өте жақсы тығыздықта болғаны. Элита сыныбына және бірінші сыныпқа дене бітімінің ақауы жоқ, екінші сыныпқа бір ғана ақауы бар, үшінші сыныпқа екі немесе одан да көп ақаулары бар үй қояндары жатқызылады. Дене бітімінің кемшілігі бар үй қояндары жарамсыз саналады және асыл тұқымдық пайдалануға жіберілмейді. Тұк жабынының тығыздығы мен оның біркелкілігін бағалау үй қояндарының етті-терілік және етті тұқымдарына жон ортасынан тұкті оның өсуіне қарсы үрлеген кездегі "дегелек" тұбінің алаңы бойынша көзben жүргізіледі. Тығыздығының біркелкілігін бағалау үшін сауырындағы, жонындағы бүйіріндегі "дегелек" шамасы салыстырылып тексеріледі. Сондай-ақ артқы табандарының вентральді беттеріндегі түгінің тығыздығы мен серпімділігі бағаланады.

Үй қояндарында тұкті жабынының тығыздығы мен біркелкілігін бағалауға арналған талаптар төменде келтірілген. Элита сыныбы. Бүкіл дене бойымен серпімді иілгіш қылышықты біркелкі өте тығыз тұкті жабын тұкшесі өте тығыз. Тұкті жабынды үрлеген кезде "дегелек" тұбінен тері беті көрінбейді деуге болады, табандары өте тығыз серпімді тұktі. Бүкіл дене бойымен серпімді иілгіш қылышықты біркелкі тығыз тұktі жабын, тұкшесі тығыз. Тұktі үрлеген кезде "дегелек" тұбінен 2 миллиметр квадратқа дейін тері беті көрінеді. Табандары тығыз серпімді тұktі. Тұktену тығыздығы біркелкіленбеген: денесінің артқы бөлігінде тұкше тығызырақ, ал жоны мен бүйірлерінде тығыздығы шамалы. Тұktі жабынды үрлеген кезде "дегелек" тұбінен 2-ден 4 миллиметр квадратқа дейінгі аланда тері беті көрінеді. Табандарының түгі селдір және жұмсақ. Тұktену тығыздығы жеткіліксіз: тұktі жабынды үрлеген кезде "дегелек" тұбінен 4-тен 6 миллиметр квадратқа дейін тері беті көрінеді. Табандарының түгі

селдір, жұмсақ, табан түктерінің қажалу белгілері бар. Тұбітті тұқымның негізгі табындағы тұбіт өнімділігі, жыл бойы жиналған тұбітінің санымен, ал жастары 2 және 4 ай жасында алғашқы екі жиналымы бойынша бағаланады. Етті-терілік тұқымды үй қояндарының түкті жабынының реңкі күндізгі жарықта көзben бағаланады. Қылышқ талшығының аймақтық реңкінің дәрежесі санындағы, арқасындағы және бүйіріндегі "дегелек" сипатына қарап анықталады. Сонымен бірге назарға сақиналар керегарлығы мен саны есептелінеді. Кешенді белгілеріне қарап сыйныбын анықтау. Элита сыйныбына таза тұқымды, мықты дене бітімінде ешқандай ақауы жоқ, қараша–желтоқсан айларында бонитирлеуде (бағалауда) барлық көрсеткіштері бойынша элита бағасын алған үй қояндары жатқызылады. Бірінші сыйныпқа барлық белгілері бойынша немесе қалған белгілерін жоғары бағалау кезінде біреуі болсын бірінші сыйныпты баға алған таза тұқымды, мықты, дене бітімінде ешқандай ақауы жоқ үй қояндары жатады. Екінші сыйныпқа мықты дене бітімді, барлық белгілері бойынша екінші сыйныпқа бағаланған немесе кем дегенде бір белгісі жоғары бағаға бағаланған үй қояндары жатады. Үшінші сыйныпқа дене бітімі мықты барлық белгілері үшінші сыйныпқа бағаланған немесе кем дегенде бір белгісі жоғары бағаға бағаланған үй қояндары жатады. 2 немесе 3 айлық жасында бағаланатын үй қояндарына тұқымдық көрсеткіштері, тірі салмағы, дене бітімі, табандарындағы түкті жабынының тығыздылығы бойынша осы қағидалармен сыйнип белгіленеді. Түк жабынының бояуын бағалау басқа көрсеткіштерінің жалпы қосынды сыйныбын, бір сыйныптан артық азайта алмайды.

Асыл тұқымды ядро мөлшері толықтыруши жас төлдің қажеттілігімен анықталады. Асыл тұқымды ядро фермадағы үй қояндарының кем дегенде негізгі табынның 20%-ын құрауы тиіс. Ұрпақ көрсеткіштерінің сапасын тексергеннен кейін олар асыл тұқымды ядродагы үй қояндарынан жас аралығы бірдей жас төлдердің орташа көрсеткішінен төмен болса, ондай жануарлар асыл тұқымды ядродан шығарылады. Ұрғашы және ерекек үй қояндарының бірінші және екінші босанудан алынған жас төлдерінің сапасы бойынша тексеру неғұрлым дұрыс болады. Ұрпақтарының сапасы 2 немесе 3 айлық жасындағы бонитирлеу (бағалау) нәтижесі бойынша бағаланады. Ұрпақтарының түсі бөлектеніп туылған таза тұқымды жануарлар асыл тұқымды табыннан шығарылады. Бонитирлеу (бағалау) бойынша көрсеткіштері үшінші сыйныптан төмен үй қояндарын; алғашқы екі көжектеуінің әрбіреуінде кем дегенде 5 көжекті өсірген аналық (егер стерильді аталықтан туындаған жағдайларды қоспағанда) және аталық қалыпты жағдайда аналықтың 30 %-дан астамын ұрықтандыра алмаса, ерекше асыл тұқымды жануарлардан басқа 3 жастан асқан аталықтар мен аналықтарды денсаулығына және ветеринариялық талаптарға қарай; түсік тастаған немесе өз көжегін жеп қойған аналық үй қоянын, зауыттық қондылықтағы және жыл сайын 15 қүн бойы шағылысадан бас тартатын; қалыпты ұсталған жағдайда жүктілігін тексергенде қатарынан екі рет буаз болмаса (егер стерильді аталықтан туындаған жағдайларды қоспағанда) жарамсыз деп тану және етке сату ұсынылады.


Үй қояндарын, сондай-ақ басқа да ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру кезінде, олардың сыртқы түрі, денсаулық жағдайы, жергілікті ауа райына бейімделуі бойынша бағаланады. Осы көрсеткіштердің жиынтығы үй қоянының конституциясын айқындайды. Басқаша айтқанда, дene пішінінен өнімділік сипатына және сыртқы орта жағдайларына ден қоюмен байланысты организмнің барлық анатомиялық-физиологиялық сипаттамалары көрінеді. Дене пішінінің типін бордақылауға бейімділігі, тез жетілгіштігі, еттілігі, түк жабынының сапасы, ауруға қарсы тұру сияқты қабілеті бар үй қояндарының дene пішінінің типін шаруашылықта маңызды пайдалы саласымен байланыстырады. Үй қояндарының дene пішіні ең алдымен сыртқы тұрқымен бағаланады. Дене пішінінің мықтылығы, өнімділік бағыты мен үй қоянының денсаулығы сыртқы түрінен көрінеді. Сыртқы тұрпаты жануардың жалпы түрін, яғни оның қалыптасқан үйлесімділігімен және дұрыстығымен сипатталатын дenesінің жеке бөліктерінің арасындағы өзара қатынасты білдіреді. Дене бітімі қаңқасының даму дәрежесі, кеудесінің ені мен тереңдігі, басының пішіні мен көлемі, арқа пішіні мен сзызық өлшемі, аяқ ұштарының қойылымы мен беріктігі арқылы көзбен анықталады. Үй қоянын бағалау кезінде ең алдымен жалпы оның дene бітіміне назар аударылады, қалған бөліктері қаралады. Бұндай кешенді бағалау берілген турғе толық және дұрыс көзқарасты қалыптастырады. Дене бітімін сыртқы пішінін бағалау басынан бастап, содан кеуде орамын айналдыра анықтауға өтеді, белінің ені, пішінінің ұзындығы анықталады. Үй қояндарының әрбір тұқымының белгілі бір бас пішіні болады. Еркектерінің басы аналыққа қарағанда дөрекілеу, бірқатар ауырлау болады. Құлақтарының ұзындығы мен пішіні де тұқым белгісіне жатады, бірақ олар барлық жануарларда құлағының түбінде тығыз және тұра болуы тиіс. Кең және терең кеуде - зор денсаулық пен мықтылық көрсеткіші. Кеудесінің тарлығы жануардың дene пішінінің әлсіздігін көрсетеді. Арқасы мен белі тегіс, тұзу және кең болғаны, бұлшық еті барлық дene бойы қатты және тығыз болуы тиіс (әсіресе бүйір жағында және белінің бойында). Созылыңқы қысыңқы пішінді, тар жауырынды, ұзын мойынды және бүйірлері қабысқан үй қояндары етке өсіруге келіңкіремейді. Етті бағыттағы үй қояндарының мойыны қысқа және бұлшық етті болып келеді. Үй қоянын өсіруде дene пішінінің екі жіктемелік түрі қолданылады. Біріншісі бойынша жануарлар екі негізгі типке бөлінеді: лептосомдық және эйрисомдық. Бірінші типті жануарлардың қаңқасы қысыңқы, кеуде клеткасы созылған, ұзын мойыннанда шағын басы болады. Зат айналымы жоғары. Эйрисомдық типке жататын жануарлар зор денелі, майлы қабатының қарқынды дамуымен, кең кеудесімен, қысқа бұлшық етті мойынымен сипатталады. Олардың зат айналымы тәмен, май және ет жинауға бейім болады. Кең денеліге (эйрисомдыққа) кеңестік шиншилла, күміс тұстісі және басқалар жатады. Тар денеліге (лептосомдыққа) – зор денелі сұр, ақ түбітті және басқалар жатады. Әрбір негізгі тип (эйрисомдық және лептосомдық) шегінде дөрекі, күшті, борпас және нәзік дene пішінді үй қояндары кездеседі. Iрі дene пішінді үй қояндары зор денелі және

қаңқасы дөрекілеу, басы үлкен және ірі, терісі қалың, түк жабыны қатты болып келеді. Бұл типтегі үй қояндары жарамсыз деп танылады, себебі олар төмен ет өнімділігімен ерекшеленеді. Тығыз (мықты) дene пішінді жануарлар дәнекер тінінің және тері астында сол сияқты ішкі ағзалардың айналасында май шөгінділерінің нашар дамуымен ерекшеленеді. Бұл жануарлардың терісі серпімді, бұлшық еті жақсы дамыған күшті, бірақ сүйегі дөрекі емес, денесі ұзын, құлағы тік қойылған, кеудесі жақсы дамыған, арқасы кең және тік, жаясы жұмыр болып келген, күшті, аяқтарының денесіне қатынасы дұрыс қойылған. Аталықтардан еркектік типі айқын көрінеді. Мұндай жануарлар азық-түлікті жақсы пайдаланады және жоғары өнімді болады. Дене пішіні мықты үй қояндары кез келген тұқымның асыл тұқымдық ядросын құрауы тиіс. Дене пішіні бос (шикі) жануарлардың қаңқасы жеңіл, түк жабыны сирек, терісі және бұлшық еті борпылдақ, тері астындағы дәнекер тіні жақсы дамыған. Тері мен бұлшық етін ұстасақ, борпылдақ, ісінген болып көрінеді, түк жабыны өте сирек. Осы типтегі дene пішінді жануарлар бордақылау үшін ең қолайлы болып келеді, бірақ тамақтандыруды, күтіп-баптауды қажет етеді, алайда сұық тилю ауруларына бейім. Нәзік дene пішінді үй қояндары - жұқа сүйегі нәзік, түк жабыны қалың емес, терісі серпімді болады. Тері астының дәнекер және май тіні жақсы дамыған. Бұлшық еті бостау, майлы қабаты жиі болады. Бұл үй қояндары тамақты жақсы жейді және бордақылау үшін жарамды. Түк жабынының тығыздығы және оның бүкіл дene бойы біркелкілігін көзben көріп және сипалап, сонымен қатар "дегелек" түбінің көлемімен, сондай-ақ түгінің өсу бағытына қарсы бүйірі мен жотасы, жая ұстінің түгін үрлеу арқылы анықтайды. Түгінің тығыздығы туралы дәл анықтау терінің 1 сантиметр шаршы аумағындағы түгінің санымен көрсетіледі. Үй қоянында: дene бітімі мықты; қаңқасы жақсы дамыған; осы тұқымға тән денесі, осы тұқымның типіне жататын басы, аналықтарында бірқатар ұзындау және тым дөңгелектеу, аталықтары шомбалдау; құлағы тік қойылған; жақсы дамыған, кең және терең кеудесі; кең тік емес арқасы; дөңгелек пішінді сауыры; мықты, денесіне қарай тік қойылған аяқтары болуға тиіс.

1-сурет. Өнімділігі етті бағыттағы 2 сурет. Өнімділігі етті терілі

қажетті дene пішіндегі тип бағыттағы дene пішіндегі қажетті

тип



Сыртқы тұрпатының бөліктері: 1- басы, 2 – қулағы, 3 – мойныны, 4 – кеуде асты, 5 – кеудесі, 6 – арқасы, 7 – белі, 8 – жамбасы, 9 – сауыры (жаясы), 10 – құйрығы, 11 – іші.

Дене тұрпатын бағалау кезінде көжектегіштігін және табынның тіршілік әрекетін қолдау үшін маңызы бар жыныстық диморфизм белгілеріне назар аударылады. Аталық үй қояндарының аталық типі жақсы білінуі тиіс, тіпті сыртқы түрі арқылы аналықтардан ерекшеленуі тиіс. Еркектерінің бастары үлкендеу, аяқтары ірі және мықты, түк жабыны дөрекілеу, кеудесі ұрғашыларына қарағанда кеңірек. Жақсы аналық мықты, дені сау, жақсы дамыған, дене бітімі дұрыс, түк жабыны қалыңырақ болуы тиіс. Асыл тұқымды аналықта: мықты, бірақ қаңқасының дөрекі болмауы; еркегіне қарағанда басы ұзынша және нәзіктеу; арқа сывығы түзу; дөңгеленген және терең кеуде; сауыры кең, қарыны салпимаған серіппелі; мықты аяқтары; кемінде сегіз (төрт жұп), жақсы дамыған емшек үрпісі болуы тиіс. Дене бітімінде ақауы бар, дене пішіні әлсіз жануарлар жарамсыздыққа жатқызылады. Бұл қажеттілік үй қояндары көбейгенде жоғары қарқындылығымен және тез жетілгіштігімен ерекшеленеді, ал мұның мәнісі, организм өмір бойы жоғары ширығу жағдайында болады. Дене пішіні әлсіз, дене бітімінде ақауы бар үй қояндары зат алмасуының жоғары қарқындылығына шыдай алмайды, дене салмағы төмен әлсіз үрпақ береді. Үй қояндарын бағалағанда дене пішіндік типі, терісінің жағдайы, түк жабынының түсі, тығыздығы, біркелкілігі маңызды рөл атқарады. Тері жағдайына қарап, жануарлардың дене пішіндік типін анықтауға болады. Терінің босаңдығы – дене пішінін дұрыс дамығандығының ең маңызды белгілерінің бірі. Мықты (бірақ дөрекі емес) жануарлардың дене пішініндегі терісі тығыз, жылтыр. Дене пішіні нәзік типті үй қояндарының терісі жұқа, тез тартылғыш, түкті жабыны жұмсақ болады. Дене пішіні нәзік типті үй қояндарының асыра дамушылық кезінде түкті жабынының өте селдір болуына, тіпті терісінің көрініп тұруына әкеліп соқтырады. Үй қояндарының арнайы етті тұқымдарының өзіне тән дене пішіндік типі болады. Мәселен, жаңа зеландияның қызыл, жаңа зеландияның ақ, калифорниялық үй қояндары артқы аяқтарының еттілігімен сипатталады, арқа еттері жақсы жетілген, қысқа және бұлшық етті мойныны, жалпақ жауырынды болып, осы үй қояндары тұқымдарының берік денесі тығыз тіні толық жауып жатады, артқы жағы

домалақтанған және кең болып келеді. Жамбасының ішкі жағының бұлшық еттері жақсы жетілген. Ерек үй қоянының басы, ұрғашысына қарағанда үлкен болады. Терісі бос, жылтыр. Бұл түрдегі үй қояндары үлкен болып көрінгенімен қаңқасы женіл болады, сүйектері қатты, берік емес, терісі мен еттері босаң болады. Тері асты және май тіндері жақсы дамыған болады. Үй қояндарының етті типі мығымдылық индексі жоғарылығымен, жақсы анық етті пішінімен, мықты дене пішінімен сипатталады. Дене пішіні әр түрлі типтерін бағалағанда естен жануарлардың дене пішіні тұрақты емес екенін естен шығармау керек. Орныққан дене пішінді типі айтарлықтай өзгеруі мүмкін, мысалы жануарларды бір климаттық жағдайдан басқа жағдайға ауыстырғанда өзгереді. Әсіресе түк жабынының тығыздығы, дене бітімінің типі, ішкі органдарының өлшемдері өзгереді. Үй қояндарының дене пішіндік типін, олардың өсімді молайту қабілеттері жағдайын анықтайдын маңызды факторлардың бірі қанға реакциясы, қаңқа құрылсызы және азықтандыру жағдайы болады. Үй қояндарын өсіргенде, азық рациондарындағы акуыздар мен концентраттар құрамының айырмашылықтарына байланысты, қаңқа бөліктерінің белгілі арақатынасы үлкен өзгеріске ұшырауы байқалады. Құрама жем берілмеген және рацион құрамында акуызы аз болған жануарларда, артқы аяқтарының толық дамымауы (туылғаннан кейін шамалы өсім байқалған) және бас сүйегінің - аз дәрежеде (туылғаннан кейін өте төмен өсуі байқалған) болуы байқалады. Бұл дене пішіні пропорциясының өзгеруіне әкеліп соқтырады: жануарлардың пішіні қысынқы, денесі женіл болады. Үй қояндары ағзасының дамуына көбіне ауа райы әсер етеді. Наурыз айында туылған үй қоянынан, қаңтар айында туылған үй қоянының массасы көбірек болады. Қыста туылған үй қоянының түгі, жазда туылған үй қоянынан көбірек болады. Қыста туылған үй қоянының түк жабыны 4-5 айда қалың, қою болады. Зерттей келе қыста, күзде туылған үй қояндары жақсы өседі, жазда туылған үй қояндары нашар өседі (әсіресе ыстық уақытта туғандар). Советтік шиншилла үй қояны ұрпағының өнімділік сапасына зерттеу нәтижелері негізгі шаруашылыққа пайдалы белгілері (тірі салмағы, өлшемі, жылдам жетілгіштігі, тіршілік әрекеті) және жануарлардың ішкі органдарының дамуы бойынша қаңтар айында туылғаны басқа мезгілде туғандарынан артығырақ болады. Жылдың түрлі мезгілдерінде туған сұық уақытында ұрпағының тең дамымауы жылдың сұық уақытында ұрғашы үй қояндарының ағзасындағы зат алмасу деңгейінің жоғары болуымен сипатталады. Бұл фактор жануарлардың даму сипатына, сондай-ақ ұрпақтарының өсуі және дене бітімі типіне әсер етеді. Үй қояндарының сыртқы тұрпатын көзben (сыртқы түрін көру), сондай-ақ олардың өзгеру нәтижелері мен өлшеу арқылы бағаланады.

Үй қояндарының өлшеу және салмағын өлшеу (көзben бағалауға қосымша) әрбір жануардың аса неғұрлым объективті сипаттамаларына арналған деректерді алуға мүмкіндік береді. Мынадай өлшемдер: жауырын артының кеуде орамы, дене ұзындығы (танауының ұшынан бастап мойын бойымен, арқасы, белі, сауырынан бастап құйрық түбіне дейін) және корпусының ұзындығы (бірінші кеуде омыртқасынан бастап құйрық

түбіне дейін) алынады. Қоян шаруашылығында негізінен мығымдылық индексі (жинақылығы) бойынша анықталады:

мығымдылық индексі = (жауырын артының кеуде орамы) / (денесінің ұзындығы)

100


Бұл индекс - үй қоянының дене салмағы дамуының жақсы көрсеткіші. Шартты түрде үй қоянының эйрисомалық типі индексі 63-тен көп, ал лептосомалық типі 63-тен кем болуы тиіс деп болжауға болады.

## Қоянның дене бітіміндегі кемшіліктер

Дене тұрпатының мүшелері	Дене бітімінің кемшіліктері	
	кемшіліктері	ақаулары
Жалпы дамуы	Дене мүшелері пропорционалды болмай дамуы	Қаңқасы әлсіз немесе нашар дамыған
Басы	Пішиңі дұрыс болмауы	
Кұлағы	Кең қойылған салпанқұлак	
Мойыны	Ұзын мойын	
Кеудесі		Тар, терең болмауы
Арқасы		Тар, бүкір, салбыраған
Омырқа-жамбас бөлігі		Толық кең емес, қысқа
Сауыры (жаясы)	Етті тұқымды қояндардың етті типінің нашар көрінуі	Қысынқы, салбыраған немесе шолтиған
Денесінің ортаңғы бөлігі	Ішінің салбырауы	
Аяктары		Жіңішке, майысқан, дұрыс қойылмаған, толық дамымаған

Үй қоянын дене тұрпаты бойынша бағалау кезінде олардың тірі салмағы маңызды мәнге ие болады, тамақтандыруға дейін, 50-100 грамма дейінгі дәлдікпен салмағы анықталады. Үй қояндарын сыртқы тұрпаты және дене бітімі бойынша бағалау кезінде дене бітімінде бір ақауы бар, барлық жануарлардың жарамсыздығын анықтау міндетті; бір - екі ақауы болса – балы және жалпы сыныбы төмендетіледі.

## Үй қоянның дене бітіміндегі кемшіліктер 3 сурет



- а) Арқасымен шоқтығының дұрыс формадағы дөңгеленген жаясы  
 б) Өткір шоқтығы  
 в) Арқа ауытқуы  
 г) Шатыр тәрізді жаясы  
 д) шорт туралған жаясы  
 е) Салпаң құлақ.

Тірі массасы. Оны 100 грамм дәлдікпен жеке өлшеу жолымен анықтайды. Қояндардың тірі массасын анықтау талабы 1, 2-кестелерде келтірілген.

**1-кесте. Етті бағыттағы үй қоянының тірідей салмағының төменгі талаптары (килограмм)**


Жасы (ай)	Сыныбы	Жаңазеландиялық ақ, калифорниялық	Жасы (ай)	Сыныбы	Жаңазеландиялық ақ, калифорниялық
2	Элита	1,8	5	Элита	3,7
	бірінші	1,6		бірінші	3,2
	екінші	1,5		екінші	2,8
	үшінші	1,3		үшінші	2,3
3	Элита	2,6	6	Элита	4,0
	бірінші	2,3		бірінші	3,5
	екінші	2,1		екінші	3,1
	үшінші	1,8		үшінші	2,5
	Элита	3,2		Элита	4,0ден 5,0 дейін

4	бірінші	2,8	7 және одан үлкендері	бірінші	3,5 нен 3,9 дейін
	екінші	2,5		екінші	3,0 тен 3,4 дейін
	үшінші	2,1		үшінші	3,0 кем және 5,0 артық

2-кесте. Етті-терілі және етті тұбітті үй қояны тұрлерінің тірі  
салмағына қойылатын ең төменгі талаптар (килограмм)


Жасы (ай)	Сыныбы	Тұқымдар			
		Үлкен ақ	Советтік шиншилла, қараконыр, үлкен сұр, күмістүстес	Веналық көгілдір, советтік мардер	Тұбітті ақ
2	Элита	1,8	1,7	1,5	1,5
	I	1,7	1,6	1,4	1,4
	II	1,6	1,5	1,3	1,3
	III	1,4	1,3	1,2	1,1
3	Элита	2,6	2,5	2,2	2,1
	I	2,4	2,3	2,0	1,9
	II	2,2	2,1	1,8	1,7
	III	1,9	1,8	1,6	1,4
4	Элита	3,3	3,2	2,9	2,7
	I	3,0	2,9	2,6	2,4
	II	2,7	2,6	2,3	2,1
	III	2,3	2,2	2,1	1,7
5	Элита	3,9	3,8	3,5	3,2
	I	3,5	3,4	3,1	2,8
	II	3,1	3,0	2,7	2,4
	III	2,6	2,5	2,3	1,9
6	Элита	4,5	4,3	4,0	3,7
	I	4,0	3,8	3,5	3,2
	II	3,5	3,3	3,0	2,7
	III	3,0	2,8	2,5	2,1
7	Элита	5,0	4,8	4,4	4,1
	I	4,3	4,2	3,9	3,5
	II	3,8	3,7	3,4	3,0
	III	3,3	3,1	2,9	2,3
8	Элита	5,3	5,1	4,7	4,4
	I	4,6	4,4	4,2	3,7
	II	4,1	3,9	3,7	3,2
	III	3,6	3,4	3,2	2,4
9 және одан үлкендері	Элита	5,5	5,3	4,9	4,6
	I	4,8	4,6	4,4	3,9
	II	4,4	4,2	3,9	3,4
	III	3,9	3,7	3,4	2,5

Дене бітімі (экстерьер). 4-сурет. Оны көз мөлшерімен бағалайды. Сүйектің дамуын, кеуде бөлігінің терендігі мен енін, басының пішіні мен өлшемін, арқасының пішіні мен сзығын, аяқтарының мықтылығы мен қойылымын бағалайды.




4 сурет. Дене бөліктері: 1 - басы; 2 - мойыны; 3 - құлағы; 4 - жалы; 5 - иығы; 6 - бүйірі; 7 - арқасы; 8 - жаясы; 9 - құйрығы; 10 – тізе тобық буыны; 11 - жамбасы; 12 - артқы аяқтары; 13 - асқазан; 14 - алдыңғы аяқтары; 15 - кеудесі; 16 - тырнақтары; 17 – кеудеасты

Дене тұрпатын бағалау бас бөлігінен басталады ары қарай алдыңғы және артқы дене бөліктерін, содан құйрық бөлімінен аяқтайды. Тағы да бұл жерде сүйектердің, бұлшық еттердің дамуын, түк жабынының жиілігін және түсін, сонынан жануарды толықтай қарайды. Жекелеген бөліктерін қарап кезінде әр түкіміна тиесілі ерекшеліктерін есепке алады. Жыныстық айырмашылықтарына назар аударылады. Құлақтары тік, мойыны денесіне пропорционалды түк жабыны үлпілдек, кеудесі жақсы дамыған кең және терең болады. Арқасы қысқа, түзу, кең, ұзартылған тұлғаға қарағанда дұрыс орналасқан.



5-сурет. Үй қояны құлақтарының орналасуы: 1 - қалыпты; 2 – құлақтары кең орналасқан; 3 – салпиған құлақ




6-сурет. Арқасы және жаясының кемшіліктері: 1 – бүкір арқа; 2 - жаясы салбыраңқы; 3 - жаясы тік

Құлағы салбыраңқы немесе кең орналасуы - тұқымдық белгісі бойынша құлағы салбыраған қылаң үй қояны тұқымын қоспағанда, дene бітімінде ақауы бар 5-сурет. Сондай-ақ, тым ұзын мойын дene бітімінің ақауын көрсетеді. Тар, нашар дамыған кеуде, бүкір немесе иілген арқа (6-сурет), тік немесе салбыраған жая, өте жұқа, немесе

майысқан немесе дене бітіміне аяқ қатынасы дұрыс қойылмаған дене ақауын көрсетеді (7-сурет).

Аяқтарының қойылымы мен құйрығының кемшіліктері



7-сурет. Аяқтары дұрыс қойылмаған

а) икстәріздес; б) маймак; в) артқы аяқтарының буындары тақау; г) құйрығының дұрыс формасы; д, е) құйрығының дұрыс емес пішіні

### 3-тaraу. Зоотехникалық талаптар


Дене бітімінде ақауы жоқ қояндар элита сыныбына және бірінші сыныпқа, бір ақауы бар екінші сыныпқа, дене бітімінде екі және одан да көп ақауы бар үшінші сыныпқа жатады. Кемшіліктері бар қояндарды бөліп алады және асыл тұқымды қояндарға қоспайды. Үй қояндарын түк жабынының қалыңдығына қарап бағалап сыныбын анықтау талабы 3-кестеде келтірілген.

3-кесте. Үй қояндарын түк жабынының қалыңдығына және теңеулеріне қарап бағалау

Сыныбы	Талабы
Элита	Барлық дене бойындағы түк жабыны серпінді және икемді осымен біркелкі, өте қалың, түгі өте қалың. "Дегелек" түбінен түк жабының үрлегенде терінің үсті көрінбейді деуге болады, табандарында өте қалың түк бар.
1	Барлық дене бойындағы түк жабыны серпінді икемді осымен біркелкі қалың. "Дегелек" түбінен түк жабының үрлегенде терінің үсті 2 миллиметрge дейін ашылып қалады, табандарында қалың және серпінді түк бар.
11	Түктің қалыңдығы біркелкі емес, жонында жотасы мен бүйіріне қарағанда түбіті қалыңдау. "Дегелек" түбінен түк қабатынан үрлеген кезде 2-ден 4 миллиметрge дейін тері бетінің ауданы көрінеді. Табанының түгі сирек әрі жұмсақ.

Тұктің қалыңдығы жеткіліксіз -"Дегелек" түбінен тұқ жабынын ұрлекен кезде 4-ден 6 миллиметрге дейін тері бетінің ауданы көрінеді. Табанында тұгі сиректеу, сирек әрі жұмсақ тұқ, табан түктерінің қажалу белгілері бар.

Тұқ жабынының қалыңдығы және бір қалыптылығы. Оны қалыңдығы бойынша "дегелек" түбінен ұрлеу кезінде қалыптасатын көлемін, сауырындағы, жотасы мен бөксерсіндегі "дегелек" түбін салыстыра отырып айқындалады (8-сурет).



(1 сурет) өте қалың, (2 сурет ) қалың, (3 сурет ) сәл қалындау, (4сурет)сирек.

8-сурет. Дегелек әдісімен түкті жамылғының қалыңдығын анықтау.

Тұбітті тұқымның негізгі табындағы түбіт өнімділігі, жыл бойы жиналған тұбітінің санымен бағаланады, ал көжектердің өнімділігі - 2 және 4 айлық жасында алғашқы екі жиналым бойынша, ал элита сыныбына үлкен қояндардан тұбіттің 500 грамм, еркегінен – кемінде 450 грамм, бірінші сыныпқа тиісінше 450, 400 грамм, элита сыныбындағы көжектерден – 60, бірінші сыныптан 50 грамм, екінші сыныптан 40 және үшінші сыныптан -30 грамм жинағандар жатады.

Тұқ жабының реңкі күндізгі жарықта көзben бағаланады. Аймақтық бояуы бар үй қояндарында олардың айқындылық дәрежесін жонындағы, арқасы мен буйіріндегі "дегелек" сипатына қарай айқындейды.

Үй қояндарын бөлек белгілері бойынша бағалағаннан кейін олардың кешенді белгілері бойынша жалпы сыныбын белгілейді.

Элита сыныбына дene бітімі мықты, таза тұқымды, барлық көрсеткіштер бойынша дene бітімінде ақауы жоқ элита бағасын алған үй қояндары жатады.

Бірінші сыныпқа дene бітімі мықты таза тұқымды, дene бітімінде ақауы болмаған кезде барлық көрсеткіштер бойынша алған немесе қалған белгілерін жоғары бағалау кезінде біреуі бойынша бірінші сыныптың бағасын алған үй қояндары жатады. Екінші сыныпқа дene бітімі мықты, барлық белгілері бойынша екінші сыныптың бағасын алған немесе біреуі бойынша ғана, ал қалғандары бойынша одан жоғары баға алған үй қояндары жатады.

Үшінші сыныпқа дene бітімі мықты, барлық белгілері бойынша үшінші сыныптың бағасын алған немесе біреуі бойынша ғана, ал қалғандары бойынша одан жоғары баға алған үй қояндары жатады.

Етті терілік тұқымдағы үй қояндарына сыныпты берген кезде тұбіт түсін бағалау жиынтықтағы сыныбын бір балдан артық төмендете алмайды.

2-3 айлық жастағы көжектің сыныбын қагидалар бойынша, асыл тұқымдылығы, тірі массасы, дене бітімі, табанындағы тұқ жабынының қалыңдығы ескеріле отырып белгіленеді. Осы бонитирлеу деректерінің негізінде көжектердің қорытынды іріктеуін жүргізеді және олардың мақсатын айқындайды. Жоғары бағаланған жануарларды тұқымдық ядроны толықтыру үшін бөліп алады, бірінші және екінші сыныптағы жануарлар өндірістік топқа жіберіледі. Үшінші сыныптың қояндарын негізгі табынға ерекше жағдайда жібереді.

Тұқымдық ядроның (селекциялық топтың) қалыптасуы. Қоян басын толықтыратын көжектер ұрпақ сапасы бойынша ұрғашы және ерек қояндарды тексеру кезінде алынған деректерді ескере отырып асыл тұқымды ядро жануарының көжектерінен іріктеледі. Қоян басын толықтыратын көжектерді алу үшін жұптарды іріктеу жоспарын жасау кезінде әдетте ұрғашы қояндарға ата-енелерінің ең үздік көрсеткіштерін үйлестіретін және ұрпағын көбейтетін жоғары сапалы ерек қояндарды іріктеген жөн.

Көжектерді тұқымдық ядро аналықтарынан 40-45 күнде бөліп алады. Қоян басын толықтыратын көжектерді бөлек отырғызғанда немесе 3 ай бұрын алдын ала таңдал алады. Еркектері мен ұрғашыларын бірінші кезекте өміршендігі жоғары, жақсы дамыған, тірі салмағы жоғары және дене бітімі жақсы бір анадан туған көп көжектердің ішінен таңдал алады. Осылайша таңдал алынған жануарларды өз тобын толықтыру үшін және басқаларға сату үшін пайдаланады. Шаруашылықта қалдырылатын 2-3 айлық көжектердің саны табынды толықтыруға арналған басынан шаруашылықтағы қажеттілік шамамен 1,2-2 ретке көп болуы тиіс.

Негізгі табынды толықтыру бір жылдың ішінде жүргізіледі. Жас аналықтарды алғаш көжектегеннен кейін, айдың соңғы күнінде негізгі (ересек) табынға, ал жас аталықтарды 5 айлық жасында ауыстырады.

Асыл тұқымдық ядродан негізгі табындағы ең жақсы төлдерін бөліп алады. Оның мөлшері қоян басын толықтыратын көжекке деген қажеттілікке байланысты айқындалады және фермадағы негізгі табындағы қоян басының кемінде 50 пайзын құрайды.

Асыл тұқымдық ядродан бөлініп алынатын төлдің, шағылысу басталғанға дейін 2-3 ай бұрын жыныстық белсенділігін тексеріп алу керек. Содан соң ең үздік аталықтарының шамамен 80-85 пайзын ұрпақ сапасына тексереді. Ол үшін әр аталыққа жастары мен өнімділік сапасы бірдей 8-10 аналық іріктеледі. Аталықтардың төл бойынша сапасын алғашқы екі көжектеуінен кейін тексереді.

Тексерілетін аналықтардан алынған төлдерді 3 айлық кезінде асыл тұқымдық, еттілігі, дене бітімі, өміршенділігі, тірілей салмағы, өсу жылдамдығы, жас кездегі азық шығымдылығы және табан сезімділігі көрсеткіштері бойынша бағалайды.

"Өте жақсы" деген бағаны ұрпағы бір жастағы асыл тұқымды ядродағы төлге талап етілетін көрсеткіштерден асып түскен аталықтар алады. "Жақсы" деген бағаны ұрпағы асыл тұқымды яро жануарларынан алынған қатарластарының орташа көрсеткіштеріне сәйкес келетін аталықтар алады.

Негізгі табыннан үй қояндарын бөліп тастау. Негізгі табыннан бөліп тастау кезінде қажетті талаптарға жауап бермейтін жануарлар алынып тасталады. Бұл жұмысты жыл бойы және бонитирлеу кезінде жүзеге асырады. Бонитирлеу кезінде өнімділік көрсеткіштері екінші сыныптан төмен, сапасы бойынша шаруашылықтағы жоғары талаптарына сәйкес келмейтін және ветеринариялық талаптарды қанағаттандырмайтын үш жастан асқан жануарлар (ең құндысын қоспағанда) бөлініп алынады. Сонымен қатар бір жыл ішінде алғашқы екі көжектеуінде бес көжектен кем көжек өсірген, екі жыл көжектемеген (стерильді аталықтар жағдайларын қоспағанда) аналықтар және аналықтардың 30%-дан астамы ұрықтанбай қалған аталықтар бөлініп тасталады.

Жұптарын іріктеу. Іріктеу мақсаты - ұрпақтарында ата-енесінің жақсы қасиеттерін қалыптастыру және арттыру. Біркелкі (біртекті) және әр түрлі (гетерогенді) іріктеу айырады.

Біркелкі іріктеу ұрпағында ата-енелерінің жақсы қасиеттерін қалыптастыруға және арттыру үшін қолданылады. Бұл ретте аталыққа жануарлардың өнімділігі бойынша біркелкілерін бекітеді. Біркелкі іріктеу асыл тұқымды фермалардың негізгі табынында және тауарлы фермалардың асыл тұқымды ядроларында қолданылады.

Біркелкі іріктеудің жоғары нысаны – туыстық шағылыстыру. Бұл іріктеу кейде желіні төсеу кезінде пайдаланылады. Әдетте, ондай жағдайларда қалыпты туыстық шағылыстыруға (3-4, 4-3, 2-5, 5-2, 4-4) жүгінеді. Туыстық шағылыстыру кезінде жануарларға ұстау, азықтандыру бойынша жақсы жағдай жасап, қатал тандаудан өткізу қажет.

Әр түрлі іріктеу кезінде әр типті белгілері бар жануарларды шағылыстыруды жоспарлайды. Оң қасиеттерімен қатар нақты бір кемшіліктері бар аналықтарды онда кемшіліктері жоқ аталықтармен шағылыстырады. Кемшіліктері бірдей немесе қалыпты типтен бірден ауытқып кеткен жануарларды іріктеуге болмайды.

Қоян шаруашылығындағы асыл тұқымдық және зоотехникалық есеп. Селекциялық жұмысты дұрыс ұйымдастыру үшін жақсы зоотехникалық есеп қажет. Есепке алу құжаттарының бес нысаны бар:1. Негізгі табындағы аталықтың карточкасы. 2. Негізгі табындағы аналықтың карточкасы.3. Негізгі табындағы мал басының ведомості.4. Өндірістік журнал. Бұл журналда негізгі табындағы үй қояндарының нөмірі жазылады және тексерілетін жас үй қояндары тордағы орындары бойынша жазылады. Асыл тұқымды шаруашылықта аналық басқа жеке-жеке бір жылға шамамен 35 жол қалдырылады, ал тауарлы шаруашылықтарда 6 - 8 ( төлдерін бонитирлемейді).

Аталақтарын ұрпақтарының сапасы бойынша бағалау ведомості. Бұл асыл тұқымды фермаларда жүргізіледі. Осындай есепті жүргізуге арналған құжатқа төмендегілер жатады.

1. Ұрпақтарын тіркеудің жинақтық акті. Тұылған көжектерді бірінші күннен бастап тексереді. Трафареткада тірі немесе өлі көжектерге санақ жүргізеді. Көжектерді туылған күнінен кейін екінші күннен бастап тіркеуге алады, мәліметтерді жинақтық актіге және трафаретке енгізеді. Айдың соңында жинақтық актіні бухгалтерияға жібереді. Шаруашылық бухгалтерлігі тек тірі қояндарды саралайды.

2. Аңдарды топтан топқа өткізу туралы акті.

Оны тек айдың соңғы күндері толтырады.

Жас аналықтарды бөлгеннен кейін алғаш көжектегеннен соң, жас аталақтарды – бес айлығында негізгі табынға ауыстырыады. Актіні бригадир немесе ферманың басқарушысы жасайды.

3. Топтың ведомості. Оны дайындау пунктіне жөнелтілетін әрбір қояндар партиясына 3 данадан жасайды (ферма менгерушісі, бригадир, зоотехник).

4. Үй қояндарын есептен шығару (өлім-жітім) акті. Қоян шаруашылығында құрамында зоотехник, мал дәрігері, ферма менгерушісі немесе бригадирі бар комиссия болады. Құлауы немесе мәжбүрлі өлтіру салдарынан жануарды есептен шығару кезінде актіде себебі көрсетіледі. Актіні құлау немесе мәжбүрлі өлтіру күні толтырады, оны шаруашылық басшысы бекітеді. Актіде терісін пайдалану жолдары көрсетіледі (қоймаға тапсырылды немесе жойылды).

5. Үй қояндарының қозғалысы туралы есеп. Жануарлардың келуі және есептен шығуы туралы алғашқы құжаттар мен жазба негізінде зоотехник, ферма менгерушісі немесе бригадир жасайды.

6. Талап-жүккүжаты мен ерекшелігі – тиелген асыл тұқымды төлге, сондай-ақ қояндардың терісіне арналған ілеспе құжат. Ерекшелік құжатын екі данада, ал жүккүжаты үш данада жасайды.

Асыл тұқымдық жұмысты жоспарлау. Асыл тұқымды жұмыс жоспарын жасаудағы негізгі мақсат – үй қояндарының тұқымын аса маңызды шаруашылыққа пайдалы белгілері бойынша одан әрі асыл тұқымдық жетілдіру перспективаларын және әдістерін айқындау. Асыл тұқымдық жұмыс жоспары 3-5 жылға келесі схема бойынша дайындалады:

1. Шаруашылықтың жалпы мінездемесі. Бұл бөлімде үй қояндарын ұстau және азықтандыру бойынша мінездеме беріледі.

2. Табын мінездемесі – табынды жасақтау, жас және жыныстық құрылымы туралы деректер келтіріледі, жануарлардың негізгі шаруашылық-пайдалы белгілері бойынша сипаттама беріледі (тірі массасы, түк жабынының қалындығы мен тегістігі, дене бітімі, түсі, жануарлардың сыныптылығы мен өнімділік қабілеті).

3. Үйірдің генеологиялық құрылымы және туыстығына талдау.

4. Иріктеу және саралау жүйесі
5. Сандық және сапалық көрсеткіш жоспары
6. Сандық және сапалық көрсеткіштерінің қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК